

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

ӘОЖ 334. 338. 26.

Қолжазба құқығында

АРКЕНОВА ЖАДЫРА РАМАЗАНОВНА

**Қазақстан Республикасында мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды
ғылыми қамсыздандыруды жетілдіру**

6D051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
экономика ғылымдарының докторы,
профессор
Таубаев А.А.

Шетелдік ғылыми кеңесші
экономика ғылымдарының докторы,
профессор
Абрамов Р.А.

Қазақстан Республикасы
Қарағанды, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	6
КІРІСПЕ.....	8
1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ҚАМСЫЗДАНДЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	18
1.1 Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми қамсыздандырудың әдіснамалық негіздерін жалпылау.....	18
1.2 Мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудағы ғылыми зерттеулердің мәні, құралдары, әдістері.....	31
1.3 Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді қолданудың шетелдік тәжірибесінің бенчмаркингі.....	41
2 МЕМЛЕКЕТТІК СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУДА ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕРІН ТАЛДАУ.....	56
2.1 Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандырудың нормативтік құқықтық базасын дамыту.....	56
2.2 Жекелеген мемлекеттік стратегиялық жоспарларды ғылыми қамсыздандырудың сапасы мен нәтижелілігін бағалау.....	68
2.3 Өңірді дамыту бағдарламалары және Қарағанды облысының мемлекеттік бағдарламаларында ғылыми құраушыны қолдануға қатысты ұстанымды зерттеу.....	82
2.4 Стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулердің ресурстық қамсыздандырылуын кешенді талдау.....	98
3 МЕМЛЕКЕТТІК СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУДА ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	109
3.1 Стратегиялық жоспарлаудың нәтижелілігін арттыруды ғылыми қамсыздандырудың басымды бағыттары.....	109
3.2 Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді ақпараттық қамсыздандыру жүйесін құру.....	117
3.3 Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулердің заманауи әдістемелерін енгізу.....	122
ҚОРЫТЫНДЫ.....	129
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	134
ҚОСЫМША А – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау құжаттары жүйесіне орнықты даму мақсаттары мен міндеттерінің интеграциялануын бағалау сызбасы мен нәтижелері.....	145
ҚОСЫМША Ә – Жаһандық инновация көшбасшылары 2020.....	146
ҚОСЫМША Б – «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ-н құрылымы.....	147
ҚОСЫМША В – Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің концепт-сызбасы.....	148

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгіқалыптарға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасының Президенті. Қазақстан - 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Қазақстан халқына Жолдауы.

Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Қазақстан халқына Жолдауы (Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсан).

Қазақстан Республикасы Президенті. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері: Қазақстан халқына Жолдауы (2018 жылғы 10 қаңтардағы).

Қазақстан Республикасы Президенті. Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі: Қазақстан халқына Жолдауы (2019 жылғы 2 қыркүйектегі).

Қазақстан Республикасы Президенті. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі: Қазақстан халқына Жолдауы (2020 жылғы 1 қыркүйектегі).

Қазақстан Республикасының Кодексі. Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі: 1994 жылдың 27 желтоқсаны, №268-ХІІІ қабылданған (05.01.2021 ж. түзету және толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы: 2010 жылдың 19 наурызда, №954 бекітілген (18.01.2021 ж. түзету және толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдама туралы: 2014 жылдың 17 қаңтарда, №732 бекітілген (10.09.2019 ж. түзету және толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы: 2018 жылдың 15 ақпанда, №636 бекітілген.

Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы. Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2030 жылға дейінгі болжамды схемасын бекіту туралы: 2019 жылдың 9 қазанда, №185 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы: 2020 жылдың 8 сәуіресі, №299 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің кейбір мәселелері туралы: 2020 жылдың 5 қазанда, №427 бекітілген.

Қазақстан Республикасының Заңы. Ғылым туралы: 2011 жылдың 18 ақпанда, №407-IV қабылданған (28.10.2019 ж. түзету және толықтырулармен).

Қазақстан Республикасының Заңы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: 2015 жылдың 18 қарашада, №410-V ҚРЗ қабылданған (01.01.2021 ж. өзгерту және толықтырулармен).

Қазақстан Республикасының Заңы. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы: 2015 жылдың 31 қазанда, №381-V ҚРЗ қабылданған (25.06.2020 ж. өзгерту және толықтырулармен).

Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы: 2015 жылдың 23 қарашада, №416-V ҚРЗ қабылданған (01.01.2021 ж. өзгерту және толықтырулармен).

Қазақстан Республикасының Заңы. 2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы: 2019 жылдың 4 желтоқсаны, №276-VI ҚРЗ қабылданған (03.11.2020 ж. өзгерту және толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құру туралы: 2011 жылдың 20 сәуіресі, №429 бекітілген (01.10.2020 ж. түзету және толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Ұлттық ғылыми кеңестер туралы: 2011 жылды 16 мамырда, №519 бекітілген (23.07.2020 ж. түзету және толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамын құру туралы: 2011 жылдың 19 шілдесі, №831 бекітілген (28.08.2015 ж. түзету және толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы: 2011 жылдың 1 тамызда, №891 бекітілген (30.12.2020 ж. түзету және толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы: 2017 жылдың 29 қарашада, №790 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2017 жылдың 12 желтоқсаны, №827 бекітілген (01.10.2020 ж. өзгертулермен; күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 17 мамырдағы, №311 қаулысымен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2019 жылдың 27 желтоқсаны, №988 бекітілген (күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12

қазандағы, №726 қаулысымен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2019 жылдың 27 желтоқсаны, №990 бекітілген (31.12.2020 ж. өзгертулермен; күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі, №733 қаулысымен).

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын, Елдің аумақтық даму жоспарын, тұжырымдамаларды, мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын әзірлеу, мониторингтеу, іске асыру, бағалау және бақылау әдістемесін бекіту туралы: 2021 жылдың 25 қазанда, №93 бекітілген.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 27 қаңтардағы, №32/НҚ және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2020 жылғы 28 қаңтардағы, №25 бірлескен Бұйрығы. Мемлекеттік органның ұйымдастырушылық дамуы» блогы бойынша мемлекеттік органдар қызметін операциялық бағалау әдістемесін бекіту туралы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

«ҰМҒТСО» АҚ	– «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ
ДБ	– Деректер базасы
ЖІӨ	– Жалпы ішкі өнім
ЖӨӨ	– Жалпы өңірлік өнім
МСЖ	– Мемлекеттік стратегиялық жоспарлау
МЖӘ	– Мемлекеттік-жекешелік әріптестік
ЕАЭО	– Еуразиялық экономикалық одақ
ЕО	– Еуропалық одақ
ТУКШ	– Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы
АКТ	– ақпараттық-коммуникативтік технологиялар
АЖ	– Ақпараттық жүйе
ИЖТ	– институционалды жоспарлау теориясы
ҚСЗИ	– Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институты
ҚХР	– Қытай Халық Республикасы
ҚР ҰЭМ	– Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
ҒЗТҚЖ	– ғылыми зерттеулер және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
ҒЗЖ	– ғылыми-зерттеу жұмысы
ЭЖМ ҰЗУ	– «Экономика Жоғары Мектебі» Ұлттық зерттеу университеті
ЕҒҰ	– Еңбекті ғылыми ұйымдастыру
НҚА	– нормативтік құқықтық актілер
ҮЕҰ	– үкіметтік емес ұйым
БҰҰ	– Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЭЫДҰ	– Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
СҚП	– Сатып алу қабілетінің паритеті
РХШМҚА	– Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы
ҚР	– Қазақстан Республикасы
РФ	– Ресей Федерациясы
МЖҚЖ	– мемлекеттік жоспарлау құжаттарының жүйесі
МСЖ ҒЗАҚЖ	– мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудағы ғылыми зерттеулерді ақпараттық қамсыздандыру жүйесі
ТМД	– Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
СЖ	– Стратегиялық жоспар
ТҚЖ	– теңдестірілген көрсеткіштер жүйесі
ЖБ	– Жобаларды басқару
СӨО	– Стратегиялық әзірлемелер орталығы
ОДМ	– Орнықты даму мақсаттары
ОАР	– Оңтүстік Африка Республикасы

ERI	– Экономикалық зерттеулер институты
FYP	– Five-Year Plan - қытайлық «бесжылдық» жүйесі
NDP	– National Development Plan – Ұлттық даму жоспары
NPM	– New Public Management – Жаңа мемлекеттік басқару
PMIS	– Public Management Information Systems - Қоғамдық басқарудың ақпараттық жүйелері

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Жеке сектор қауіпсіз және пайдалы инвестициялар үшін тұрақты және қолайлы ортаны іздесе, ал мемлекет үкімет атынан ел дамуының оң стратегиялық шешімдерін қабылдау үшін нақты дәлелдерді ұсынуы керек. Осындай дәлелдерді қамтитын құралдардың біріне ұлттық жоспарды жатқызуға болады. Жақсы зерттелген және дәлелді стратегиялық бағдарламалық құжат шектеулі ресурстарды бөлу кезінде мемлекет пен қоғам үшін үлкен құндылыққа ие. Ұлттық жоспардың жобалар көлемі мен кестелерін болашақта болжанатын ресурстар және артықшылықтармен байланыстыруы шынайы және қолжетімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда ұлттық даму жоспары негізгі стратегиялық құжат болып табылады. Мемлекеттік жоспарлау арқылы Үкімет өз елінің өркендеуін қамтамасыз ету үшін болашақта жасалуы тиіс іс-қимылды анықтаса, ұлттық жоспар негізінде белгілі бір кезеңдегі оқиғалардың барысын анықтайтын стратегиялық шешімдер қабылдайды.

Бүгінде Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы [1]; Қазақстанның 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары [2] сияқты стратегиялық құжаттарды басшылыққа алады. Ұлттық жоспарда 2025 жылға дейінгі басты мақсат Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдерінің деңгейіне дейін халықтың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік беретін экономиканың сапалы және орнықты өрлеуіне қол жеткізу болып белгіленді.

Қазақстанның орнықты дамуын мемлекеттік басқару соңғы онжылдықтарда Президенттің Жолдаулары, үнемі жаңартылып, түзетіліп отыратын жалпыұлттық және өңірлік стратегиялық және бағдарламалық құжаттар негізінде жүзеге асырылады. Алайда республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының әзірленген стратегиялары мен тұжырымдамалары, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің өзге де құжаттары көбінесе формальды сипатқа ие, оларды әзірлеуге тәуелсіз сарапшылар тартылмайды, ел өңірлерінің ерекшеліктері, дамудың маңызды ішкі және сыртқы факторлары жеткілікті түрде ескерілмейді, мемлекеттік стратегиялық жоспарлау үдерісін ғылыми тұрғыдан әлсіз қамсыздандыру орын алуда. Сонымен қатар, қолданыстағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі шамадан тыс бюрократияланған, шамадан тыс индикаторлар мен құжаттарды қамтиды.

Ең бастысы - қолданыстағы мемлекеттік жоспарлау үдерісі мемлекеттік саясаттың басымдықтарын негізделген тұрғыдан айқындауды, сондай-ақ стратегиялық жоспарлау мен билік органдарының тікелей қызметінің өзара байланысын, ресурстарды дамудың басым бағыттарына шоғырландыруды қамтамасыз етпейді. Оның себептерінің бірі - мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың сапалы ғылыми қамсыздандырылуының, оның тиісті әдіснамалық және ақпараттық қамсыздандырылуының болмауы.

Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды жетілдіру және оны іске

асырудың тиімділігін арттыру ғылыми негізделген тәсілдемені, бірыңғай әдіснаманы әзірлеуді, қазіргі таңда қалыптасу сатысында тұрған оңтайлы ұйымдастырушылық, әдістемелік және ақпараттық қамсыздандыруды талап етеді.

Диссертацияның ғылыми мәселесі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын мемлекеттік стратегиялық жоспарлау үдерісін қолданылатын ғылыми қамсыздандыру, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жетілмеуі және ұлттық стратегиялық жоспарлау жүйесін қамсыздандырудың бірыңғай теориялық және әдіснамалық базасының болмауы жағдайында заманауи жаһандық экономиканың объективті сын-тегеуріндері арасында қайшылықтардың болуынан тұрады.

Мәселенің ғылыми зерттелу дәрежесі. Белгілі шетелдік ғалымдардың еңбектерінде жаһандану жағдайында ұйымдарды тиімді басқару құралы ретінде стратегиялық жоспарлаудың негізгі тәсілдемелері тұжырымдалған. Стратегиялық ойдың қалыптасуы мен дамуына стратегиялық жоспарлау мектебінің келесідей өкілдері зор үлес қосты: Р. Акофф, И. Ансофф, М. Армстронг, Дж. Барни, Э. Деминг, П. Друкер, Дж. Ф. Дикс и Х. Ли, Ф. Котлер, Дж. Куинн, М. Мескон, М. Альберт и Ф. Хедоури, Г. Минцберг, М. Портер, А. Томпсон, Г. Хемел, К. Хофер, А. Чандлер, Г. Штейнер, К. Эндрюс және өзгелері.

XX ғасырда жоспарлау, оның ішінде директивалық жоспарлау теориясының дамуымен кеңестік ғылыми жоспарлау мектебінің өкілдері белсенді айналысты: А.К. Гастев, А.А. Богданов, П.С. Осадчев, В.А. Базаров және өзгелері.

Ресейлік ғылымда әлеуметтік-экономикалық жүйелердің дамуын стратегиялық жоспарлау теориясының негізіне А.Г. Аганбегян, О.С. Виханский, Е.П. Голубков, Б.С. Жихарев, Д.С. Львов және өзгелердің еңбектерін жатқызуға болады. Мемлекеттік сектордағы, оның ішінде өңірлік аспектідегі жоспарлау мәселелеріне Л.И. Абалкин, А.И. Анчишкин, А.В. Бузгалин, Б.Н. Кузык, О. Мамедов, С.И. Мирошников және өзгелердің еңбектерінде айрықша назар аударылды.

Қазақстанда стратегиялық басқару және жоспарлау ерекшеліктерін зерттеу, негізінен, экономиканың шикізат секторына қатысты қарастырылды, мұндай зерттеулер келесідей ғалым-экономистердің еңбектерінде ұсынылған: А. Абишев, Н.К. Жакупов, Н.С. Жанабиллов, А.Т. Кайнарбекова, З.А. Куанғалиев, Т.А. Кулибаев, К.Е. Масимов, М. Токмурзиев, Н.Л. Нурсултанова, Р.Д. Оспанов, М.Т. Рустемов, С.М. Смагулов және өзгелері.

Стратегиялық жоспарлаудың ғылыми мектебінің өкілдері мемлекеттік стратегиялық жоспарлау мәселелерін зерделеудің шетелдік және отандық ғылымда, әсіресе мемлекеттік басқару органдарының қызметінде стратегиялық жоспарлауды қолдану тұрғысынан экономикалық ғылымның күрделі және толық әзірленбеген аспектісі болып табылатынын атап өтті.

Стратегиялық басқару мен жоспарлауды ғылыми қамсыздандыру мәселесін, оның ішінде өңірлік деңгейде қамсыздандыру мәселесін

В.И. Белоусов, В.С. Бильчак, П. Бурак, Г.Б. Клейнер, С.И. Морозов, В.Н. Незамайкин, Е.А. Носачевская, С.В. Шманев және өзге авторлар қарастырған. Көптеген еңбектерде жаңа экономикалық жағдайларда мемлекеттік басқару мен жоспарлауды ғылыми қамсыздандырудың іргелі және қолданбалы аспектілеріне айрықша көңіл аудару қажеттілігі көрсетілген.

Стратегиялық жоспарлау қағидаттарында мемлекеттік басқару тетіктерін жетілдіру мемлекеттік басқару органдарының қызметін, оның ішінде стратегиялық болжау және талдау, сондай-ақ сын-тегеуріндер мен қатерлерді бағалау мәселелері бойынша кешенді мәселелік-бағдарланған ғылыми-әдістемелік, сараптамалық-талдамалық және ақпараттық қамсыздандыру қажеттілігін туындатады.

Осылайша, бірыңғай ғылыми-әдістемелік базаның болмауы жағдайда мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандыру қажеттілігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік секторы үшін өзекті мәселе болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты Қазақстандағы мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың заманауи ғылыми қамсыздандырылу жағдайын талдау және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуден тұрады.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін келесідей **ғылыми міндеттерді** шешу қажеттілігі туындайды:

1. Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми қамсыздандырудың әдіснамалық негіздерін жалпылау.

2. Мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудағы ғылыми зерттеулердің мәнін, құралдарын, әдістерін ашу.

3. Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді қолданудың шетелдік тәжірибесін талдау.

4. Қазақстанда мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудағы ғылыми қамсыздандырудың нормативтік құқықтық базасын дамыту ерекшеліктерін көрсету.

5. ҚР жекелеген мемлекеттік стратегиялық жоспарларын ғылыми қамсыздандыру сапасы мен нәтижелілігіне баға беру.

6. Өңірді дамыту бағдарламалары және Қарағанды облысының мемлекеттік бағдарламаларында ғылыми құраушыны қолдануға қатысты ұстанымды зерттеу.

7. Стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулердің ресурстық қамсыздандырылуын кешенді талдау.

8. Стратегиялық жоспарлаудың нәтижелілігін арттыруды ғылыми қамсыздандырудың басымды бағыттарын ұсыну.

9. Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді ақпараттық қамсыздандыру жүйесінің негіздерін қарастыру.

10. Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулердің заманауи әдістемелерін енгізу үдерісін негіздеу.

Зерттеу объектісі ретінде Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың жалпы республикалық және өңірлік деңгейлерінің

жүйелері қарастырылады.

Зерттеу пәні – Қазақстандағы мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандырудың ғылыми-теориялық тәсілдемелері, әдістемелері және тәжірибесі.

Зерттеудің теориялық-әдістемелік базасы болып мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандыру мәселелері бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, теориялық-әдіснамалық әзірлемелері және өзекті жарияланымдары табылады.

Диссертацияны зерттеу барысында автор негізінен И. Ансофф, Г.Б. Клейнер, Б.Н. Кузык, Г. Минцберг, Е.А. Носачевская, В.А. Павлова, А.М. Спирина, Р.С. Суханова, Е.Р. Alexander, R. Agranoff, V. Ostrom өзге авторлардың еңбектеріне сүйенді.

Зерттеу әдістері: жалпы ғылыми әдістер - мемлекеттік стратегиялық жоспарлау мен болжамдаудағы заманауи үдерістерді зерделеу әдіснамасының негізі ретінде жүйелік талдау, экономикалық талдау, құқықтық және халықаралық-экономикалық тәсілдерді қолданумен толықтырылған жалпылау, индукция және дедукция, топтастыру, салыстырмалы талдау, сондай-ақ сараптамалық сауалнама.

Зерттеу гипотезасы: Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың заманауи жүйесінің құқықтық негізі заңнамада белгіленген ережелер жиынтығынан тұрады. Мемлекеттік жоспарлау түрі – индикативті. Алайда, мемлекеттік стратегиялық жоспарлау үдерісін ғылыми қамсыздандырудың толық көлемде қалыптаспауы Қазақстанда стратегиялық жоспарларды бақылау мен іске асыруда мәселелер туындатады.

Зерттеудің **эмпирикалық базасын** ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық деректерінің нәтижелері, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, «Қарағанды облысының экономика басқармасы» ММ ресми сайттарында орналастырылған материалдар құрады). Жұмыста «Қарағанды облысы экономика басқармасы» ММ қызметкерлеріне жүргізілген сауалнаманың нәтижелері, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарын әзірлеу, жүзеге асыру, мониторинг жүргізу барысына ғылыми қамсыздандыру жұмысын жүргізетін Қарағанды облысы бойынша ғылыми қызметкерлеріне жүргізілген сауалнама нәтижелері құрады.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы қазақстандық ғылымда мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандыру мәселесін анықтаудан; мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми қамсыздандырудың теориялық ережелері мен қолданбалы аспектілерін дамытудан тұрады. Диссертацияда мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудағы әдіснамалық негіздер жинақталып, ғылыми зерттеулердің мәні, құралдары, әдістері нақтыланды; қазақстандық ғылымда алғаш рет Қазақстан Республикасында қарастырылып отырған салада ғылыми зерттеулерді қолдану үрдістері талданды; стратегиялық жоспарлаудың нәтижелілігін арттыруды ғылыми қамсыздандырудың басым бағыттары айқындалды; мемлекеттік

стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді ақпараттық қамсыздандыру жүйесінің тұжырымдамалық негіздері әзірленді (МСЖ ҒЗАҚЖ); Қазақстанда мемлекеттік стратегиялық жоспарлауға ғылыми зерттеулердің заманауи әдістемелерін енгізу алгоритмі әзірленді.

Қорғауға шығарылатын негізгі ғылыми тұжырымдар:

1. Мемлекеттік стратегиялық жоспарлау ұлттық экономиканың (немесе өңірдің) ұзақ мерзімді кезеңде экономикалық және әлеуметтік салаларда тиімді әрекет етуі мен сыртқы ортаның өзгермелі жағдайларына жылдам бейімделуін қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялары, тұжырымдамалары, мақсаттары мен міндеттерін анықтайтын стратегиялық шешімдерді әзірлеуден тұратын (болжам, жоба, бағдарлама, жоспар нысанында) үкіметтің жоспарлы қызметінің ерекше түрін білдіреді.

Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандыру - бұл мемлекеттік стратегиялық жоспарлау саласындағы мәселелерді шешу үшін жаңа білім, техника мен технологияларды алу (әзірлеу), талдау және тиімді енгізуге бағытталған ғылыми, ғылыми-әдістемелік, ғылыми-техникалық, ұйымдастырушылық, сараптамалық-талдамалық және өзге де іс-шаралар кешені.

Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми қамсыздандырудың әдіснамалық негіздерін жалпылау келесі тұжырымдарды қалыптастыруға әкелді: 1) әрбір тарихи кезеңде жоспарлау әдістемесі алдыңғы кезеңдегі мәселелерді шешу тәжірибесін, экономикалық және әлеуметтік қатынастардың күрделенуін, сыртқы және ішкі ортаның өзгеруін ескере отырып, жаңа күрделі міндеттерді шешу үшін өзгертіліп, жетілдірілді; 2) МСЖ-дың әдіснамалық негізіне стратегиялық жоспарлаудың шетелдік ғылыми мектептерінің де, мемлекеттік жоспарлаудың кеңестік ғылыми мектебінің де жетістіктерін жатқызуға болады; 3) мемлекеттік сектордағы жоспарлаудың маңызды ерекшелігі мемлекеттік органдарда бәсекелестердің болмауынан, сату немесе пайданы арттыру міндетінің алға қойылмауынан тұрады; 4) бүгінгі таңда мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандырудың әдіснамалық негіздері жаңа технологиялық құрылымға көшу шеңберінде стратегиялық жоспарлаудың бірқатар тұжырымдамаларының өзектілігін жоғалтуы, экономика мен мемлекеттік секторды цифрландыру факторы есебінен қайта қаралуға жатады; 5) қазіргі уақытта өтпелі экономикасы бар елдерде мемлекеттік стратегиялық жоспарлауға байланысты ғылыми зерттеулердің тапшылығы сезілуде. Стратегиялық жоспарлаудың барлық модельдері посткеңестік елдерде іс жүзінде қолданыла алады және тиімді болып табылады деуге болмайды.

2. Мемлекеттік (жалпыұлттық) жоспарлауға қатысты ережелерді қамтитын зерттеулердің үлкен көлеміне қарамастан, Қазақстанда мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың бірыңғай жалпыға бірдей танылған әдіснамасының болмауы мемлекеттік сектордың ұлттық ерекшелігіне бейімделмеген шетелдік авторлардың теориялық және эмпирикалық зерттеулерінің нәтижелерін пайдалану әрекеттері қазақстандық ұйымдар мен

мекемелердің стратегиялық жоспарларын қалыптастыру тәжірибесінде қиындықтар тудыруда. Диссертацияда талданған тек кейбір тәсілдемелер, әдістер мен көрсеткіштер стратегиялық маңызы бар квазимемлекеттік ұлттық компанияларда әртүрлі комбинацияларда қолданылуы мүмкін.

3. Дамыған елдерде МСЖ-ны ғылыми қамсыздандыру мемлекеттік және жеке қаржыландыруды тарта отырып әртүрлі ғылыми мектептердің өкілдері жүргізетін зерттеулерді, мемлекеттік және жеке жоғары оқу орындарының, үкіметтік емес ұйымдардың әзірлемелері мен зерттеулеріне негізделеді.

Кейбір елдерде мемлекеттік стратегиялық жоспарлау стандартталған және неғұрлым толыққанды сипатқа ие (ЕО, Қытай), ал келесі елдерде - абстрактілі және декларативті сипатқа ие (Ресей) болуы, өз кезегінде, стратегиялық дамудың мақсаттары мен міндеттерін іс жүзінде табысты іске асыруға кедергі келтіреді. Шетелдік тәжірибені салыстырмалы талдау негізінде Қазақстан Республикасы үшін белгілі бір тәжірибе алып, МСЖ сапасын арттыру үшін келесідей теориялық ұсыныстарды тұжырымдауға болады: 1) жоспарлау кезеңіне дейінгі алдын ала ғылыми-талдамалық кезең ретінде стратегиялық макроболжау қарастырылуы тиіс; 2) стратегиялық мақсаттар мен міндеттер саяси басшылық пен Үкіметтің «тілектері» мен идеяларын ескерумен ғана емес, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының жаһандық сынтетеуіріндері мен нақты ішкі мәселелерін сараптамалық талдау нәтижелері негізінде әзірлеушілер тобымен тұжырымдалуы тиіс; 3) стратегиялық жоспарларды әзірлеуге мемлекеттік сектормен үлестік дәрежесіне қарамастан ғылыми-талдау орталықтарының жетекші сарапшыларын, белгілі сала мамандарын, жас ғалымдарды, қоғамдық ұйымдардың өкілдерін тарту қажет (мүмкін конкурстық негізде); 4) стратегиядағы әрбір мақсат, міндет, индикатор тиісті ғылыми және экономикалық негіздемеге ие болып, оларға қол жеткізу шаралары мен құралдарының нақты жиынтығын көздеуі тиіс; 5) стратегияны іске асырудың маңызды бағыттары бойынша жоғары мемлекеттік аппарат өкілдерінің дербес жауапкершілік институтын енгізу қажет; 6) әзірлеушілерді іріктеу тәртібін, стратегиялық жоспардың міндетті элементтерін бекітуге, жоспарлау мерзімдерін белгілеуге, осы үдеріске тұтастай тұрақтылық беруге мүмкіндік беретін мемлекеттік стратегиялық жоспарлау үдерісін стандарттау қажет.

4. 2017 жылғы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы (26.02.2021 ж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қаулының 3-тарауында Қазақстанның негізгі стратегиялары келтірілгендіктен, мемлекеттік жоспарлау құжаттарын мемлекеттік стратегиялық жоспарлау құжаттары ретінде қарастыру ұсынылады.

Қазақстандағы мемлекеттік стратегиялық жоспарлау және болжау жүйесін мемлекеттің ұзақ мерзімді стратегиялық басымдықтарын қалыптастыру, жаһандық және ауқымды бағдарын жүзеге асыру, орталық және өңірлік билік жоспарларының, сондай-ақ жергілікті басқару органдарының келісілуін қамтамасыз ету, қабылданатын шешімдерді орта және ұзақ мерзімді кезеңдерге арналған бюджеттік шектеулермен байланыстыру құралы ретінде

түсіну ұсынылады.

Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми камсыздандырудың нормативтік құқықтық базасын талдау, бір жағынан, заңнаманың айтарлықтай жаңаруын, бұрын қабылданған тәсілдемелердің қайта қаралғанын, мемлекеттік аппараттың жоспарлаудың жобалық әдісіне көшуін көрсетсе, екінші жағынан, кейбір жүйелік мәселелер іс жүзінде әлі де орын алуда. Атап айтқанда, 2021 жылғы ҚР Ұлттық жоспарында алдыңғы жоспарлар мен бағдарламалардың орындалуына сындық тұрғыдан талдаудың болмауы байқалады. Ұлттық мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың осындай жүйелі мәселесі жоғары деңгейдегі стратегиялық құжаттарды және олардың орындалуы бойынша есептілікті жасауға нақты әдістемелер, ережелер мен талаптардың болмауымен байланысты.

5. Жекелеген мемлекеттік стратегиялық жоспарларды ғылыми камсыздандыру сапасы мен нәтижелілігін бағалау бұл жұмыстың мемлекеттік органдардың өздерімен жүргізілмейтінін көрсетті. Бізбен жүргізілген талдау республика деңгейінде де, Қарағанды облысында да әлеуметтік-экономикалық дамудың нақты және болжамды көрсеткіштерінде жүйелі сәйкессіздіктің бар екенін көрсетті. Республикалық стратегиялық жоспарлар және ұлттық жобалардағы сияқты Қарағанды облысындағы бағдарламалық құжаттардағы негізгі кемшіліктердің бірі – алдыңғы кезеңде іске асырылған өңірлік бағдарламалар және жобалар бойынша талдаудың болмауы. Қарағанды облысының есептілігінде көрсеткіштерді талдау дамудың тоғыз бағытымен және облыстың 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарында айқындалған 16 мақсатпен байланыссыз «еркін нысанда» жүргізіледі. Сондықтан жоспардың қандай индикаторлар бойынша сәтті немесе сәтсіз іске асырылатынын түсіну; жоспарға қандай түзетулер енгізу, қаржыландыруды қандай бағытта күшейту керектігін түсіну мүмкін емес. Стратегиялық құжаттар арасындағы байланыстың болмауы өңірдегі стратегиялық жоспарлау сапасының төмендігін көрсетеді.

Жекелеген мемлекеттік стратегиялық жоспарлар мен бағдарламаларды ғылыми камсыздандырудың сапасы мен нәтижелілігін бағалау тұтастай алғанда мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда жүйелілік пен кешенділікті қамтитын бірыңғай байланыстырушы тетіктің жоқтығын көрсетті. Сонымен қатар, жалпы республикалық және өңірлік стратегиялық жоспарлау үдерістерінің де өзара байланысы жеткіліксіз деңгейде.

6. Қарағанды облысын дамыту бағдарламалары (облыстың даму жоспары) және мемлекеттік бағдарламаларында ғылыми құраушының болуына қатысты ұстанымды зерттеу келесіні анықтауға мүмкіндік берді: өңірлік даму бағдарламаларын әзірлеудегі сарапшы ғалымдардың рөлі тек формальды болып табылады және оларды әзірлеуге тартпау немесе кездейсоқ тарту ықтималдылығы бар; даму бағдарламасын әзірлеуге ғалымдардың «тартылмауының» негізгі себептеріне мемлекеттік органдар тарапынан қызығушылықтың болмауын және бағдарламаларды әзірлеуге ғалымдардың қатысуын қаржыландырудың қарастырылмауы жатқызылады; өңірлік даму

бағдарламаларын әзірлеуге ғалымдардың қатысуының орташа тиімділігі орын алуда; ғалымның өңірді дамыту бағдарламаларын әзірлеуге қатысушы ретіндегі негізгі құндылығы оның өңірлік мәселелер бойынша зерттеу тәжірибесінің болуын жатқызуға болады; өңірлердің даму бағдарламасын құрастыратын және іске асыратын мемлекеттік органдар мен сарапшы-ғалымдардың ынтымақтастығының тұрақты негізде болуы міндетті емес; мемлекеттік қызметшілер ғалымдардың осы үдеріске қатысуына оптимистік көңіл-күй білдіреді; мемлекеттік құрылымдар тарапынан сараптамалық және консультациялық қызметке тартудың түрлі тәжірибесіне ие өңірлік ғалымдар өңірлік даму бағдарламаларын әзірлеуге ғалымдарды тартуға мемлекеттік органдардың қызығушылық тудыруына күмән тудырады; даму бағдарламасын құрастыру және іске асыру деңгейінде өңірді басқару үдерісіне ғылыми құраушыны тартудың қалыптасқан тәжірибесін тиімді деп қорытындылау қиынға соғады, мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызығушылықтың болмауы осындай жағдайдың болашақта да сақталып, жалғасатыны туралы болжам жасауға мүмкіндік берді.

7. Стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді ресурстық қамсыздандыруды кешенді талдау бірқатар мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді, оның ішінде: отандық ғылымды одан әрі дамыту жолдарына бірыңғай көзқарастың болмауы, оның «қуып жету» сипаты; экономиканың ғылымды қажетсінуінің төмендігі және ҒЗТКЖ мен зерттеушілерге жұмсалатын шығыстардың жеткіліксіз деңгейі; экономикалық субъектілердің инновациялық белсенділігінің төмендігі; ғылыми ұйымдардың мемлекеттік жоспарлау және болжау саласына қызығушылығының жеткіліксіздігі. Қазақстандағы МСЖ-ның айрықша мәселесі стратегиялық жоспарларды әзірлеушілердің мемлекеттік секторға қатыстылығы мен олардың академиялық еркіндігінің шектеулілігі болып табылады. Аталған мекемелер негізінен ел басшылығының көзқарасы мен басымдықтарына бағытталады. Сонымен қатар, қазақстандық университеттер жанындағы ғылыми орталықтар нашар дамыған және жоғары оқу орындарының әкімшіліктеріне толық тәуелді.

Осыған сүйене отырып, мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудағы ғылыми зерттеулерді ресурстық қамсыздандыру деңгейі қанағаттанарлықсыз деген қорытынды жасалды.

2020 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі мемлекеттік стратегиялық жоспарлау саласында ғылыми қамсыздандыруды іске асыруға бағдарланған инфрақұрылымның негізгі буынына айналды. Агенттік мемлекеттік жоспарлау жүйесінің әдіснамасын әзірлеу, іске асыру және оның жұмыс істеуін бақылау, оның нәтижелілігін бағалау миссиясы жүктелген мемлекеттік жоспарлау (МЖЖ) жүйесінің өзіндік «тірегі» болып табылады. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттіктің құрылуы таяу болашақта МЖЖ-н тиісті ұйымдастырушылық, құқықтық және әдіснамалық сүйемелдеуді, стратегиялық құжаттарды әзірлеу мен іске асыруды неғұрлым тиімді

үйлестіруді және бақылауды қамтамасыз етуі мүмкін (Қосымша А).

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың заманауи жүйесінің құқықтық негізі болып заңнамада белгіленген ережелер мен тұжырымдар жиынтығының табылуы деген бастапқы гипотеза расталды. Мемлекеттік жоспарлау түрі – индикативті. Алайда, мемлекеттік стратегиялық жоспарлау үдерісін ғылыми қамсыздандырудың толық көлемде қалыптаспауы ҚР стратегиялық жоспарларын бақылау мен іске асыруда мәселелер туындатады.

8. Автормен ғылыми қамсыздандыруды жетілдірудің және стратегиялық жоспарлаудың нәтижелілігін арттырудың төрт басым бағыты ұсынылып, негізделді: 1) қазақстандық экономиканың ғылымды қажетсіну деңгейін арттыру; 2) мемлекеттік стратегиялық жоспарлау саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер тақырыбын қалыптастыру тетіктерін күшейту; 3) мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді ақпараттық қамсыздандыру жүйесін құру; 4) мемлекеттік стратегиялық жоспарлауға және макроболжамдауға маманданатын сараптамалық-талдамалық кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру.

9. Құруға ұсынылатын мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудағы ғылыми зерттеулерді ақпараттық қамсыздандыру жүйесі (МСЖ ҒЗАҚЖ) мемлекеттік және өңірлік басқару органдары үшін басқарушылық шешімдерді жоспарлау мен қабылдауды қолдау жүйесі болып табылады. МСЖ ҒЗАҚЖ басты мақсаты - мемлекеттік стратегиялық жоспарлау мақсаттары үшін билік пен басқару органдарын өзекті және сапалы ақпаратпен қамтамасыз ету. Жүйедегі ақпараттың «жабдықтаушылары» ретінде түрлі институттар мен қайнар көздер (оның ішінде шетелдік) қарастырылады. Ұлттық «жабдықтаушылар» ретінде келесілер анықталды: ҚР Ұлттық статистика бюросы, министрліктер мен ведомстволардың жоспарлау департаменттері, өңірлік әкімдіктерінің жоспарлау департаменттері, мемлекеттік ғылыми ұйымдар, жеке меншік ғылыми және сараптамалық ұйымдар, «ҰМҒТСО» АҚ, жоғары оқу орындары, басқа да ұйымдар мен мекемелер.

Жоспарлауды ақпараттық қолдау шеңберінде қабылданатын шешімдердің өзектілігін және оларды іске асыру нәтижелерін сипаттайтын қолданбалы ҒЗЖ, талдамалық және болжамды қорытындылар ерекше маңызды болып табылады.

10. Мемлекеттік жоспарлау үдерісіне ғылыми нәтижелерді енгізу мынадай нысандарда жүзеге асырыла алады: диссертациялық зерттеулердің нәтижелерін заңнаманың жекелеген нормаларына енгізу; стратегиялық құжаттардағы болжамдар; әдістемелік әзірлемелер мен ұсынымдар; пилоттық жобалар; эксперименттік алаңдарда қолдану; мемлекеттік қызметшілерге арналған арнайы курстардың кеңесшілері мен сарапшылары, оқытушылары ретінде ғалымдарды тарту.

Қазақстанда мемлекеттік стратегиялық жоспарлау тәжірибесіне ғылыми зерттеулерді енгізудің екі негізгі нұсқасы бар: тікелей (ұсынымдар немесе әдістемелердің тәжірибеде бірден сыналуы) және жанама (белгілі бір тұжырымдаманы немесе стратегияны жетілдіру үшін қолданылады, басқарудың

кандай да бір үдерісін жақсартуға мүмкіндік береді).

Мемлекеттік стратегиялық жоспарлау үдерісіне ғылыми зерттеулерді енгізудің автормен ұсынылатын алгоритмі алты кезеңнен тұрады: 1) зерттеу тақырыбы мен проблематикасын талдау; 2) әдіснаманы талдау; 3) апробацияны талдау; 4) енгізу нұсқаларын бағалау; 5) талдау нәтижелері бойынша қорытынды жасау; 6) іс-шаралар жоспарын әзірлеу және келісу.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы: автордың пікірінше мемлекеттік жоспарлау үдерісіне ғылыми нәтижелерді енгізу мынадай нысандарда жүзеге асырыла алады: диссертациялық зерттеулердің нәтижелерін заңнаманың жекелеген нормаларына енгізу; стратегиялық құжаттардағы болжамдар; әдістемелік әзірлемелер мен ұсынымдар; пилоттық жобалар; эксперименттік алаңдарда қолдану; мемлекеттік қызметшілерге арналған арнайы курстардың кеңесшілері мен сарапшылары, оқытушылары ретінде ғалымдарды тарту. Қазақстанда мемлекеттік стратегиялық жоспарлау тәжірибесіне ғылыми зерттеулерді енгізудің екі негізгі нұсқасы бар: тікелей (ұсынымдар немесе әдістемелердің тәжірибеде бірден сыналуы) және жанама (белгілі бір тұжырымдаманы немесе стратегияны жетілдіру үшін қолданылады, басқарудың қандай да бір үдерісін жақсартуға мүмкіндік береді).

Сондай-ақ, диссертациялық зерттеудің нәтижелерін ЖОО-дардың ББ әзірлеу кезінде, сондай-ақ ЖОО-дарда «Әлеуметтік-экономикалық жоспарлау», «Әлеуметтік мемлекет», «Аймақтық экономика және басқару», және т.б. пәндер бойынша дәрістер оқығанда пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және енгізу. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 11 ғылыми еңбекте жарияланды, оның ішінде Scopus базасына кіретін ғылыми журналда 1 мақала, ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған журналдарда 4 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында 3 мақала, ҒДРИ базасына кіретін халықаралық журналда 3 мақала. Мақалалар ғылыми кеңесшілермен бірге жарияланды.

Диссертацияның құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспе, тоғыз бөлімшені құрайтын үш бөлім, қорытындыдан, 171 қайнар көзді қамтитын пайдаланылған әдебиеттер тізімі, 15 сурет, 12 кесте және 4 қосымшаны қамтиды.

1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ҚАМСЫЗДАНДЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми қамсыздандырудың әдіснамалық негіздерін жалпылау

Ежелгі дәуірден бастап мемлекеттік стратегиялық басқару мен жоспарлаудың теориясы мен практикасының бастапқы көзі ретінде әскери сала қарастырылды. «Стратегия» сөзінің этимологиясы «әскерді басқарамын» дегенді білдіретін ежелгі грек тілінің «stratēgós» («stratós» – әскер және «ágo» – басқару) сөзінен туындаған. Әскери стратегия жайлы алғашқы ақпаратты әйгілі қытайлық әскери стратег У-цзының «Соғыс жүргізу өнері туралы» трактатынан табуға болады [3]. Трактат алты тараудан тұрады, оның «Елді басқару» атты 1-тарауында У-цзы: «... мен көргенім негізінде ішкі дүниені болжаймын және өткеннің негізінде болашақты анықтаймын» деген.

Содан бері бірнеше ғасырлар өтіп, көптеген ғылыми еңбектердің болуына қарамастан, біртұтас тұжырымдама түрінде мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандырудың әдіснамалық негіздерінің қалыптаспау мәселесі өзекті пікірталас тақырыбы болып қалуда. XVIII ғасырдан бастап экономикалық ғылымның ғылыми аппараты үнемі жетілдіріліп, сыни тұрғыдан саралауды және ХХІ ғасырдың талабына сәйкес келетін мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың ғылыми парадигмасын таңдауды талап ететін жаңа теориялар және тәсілдемелермен байытылды.

«Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандыру» ұғымының мазмұнын қарастыра келе, аталған терминнің экономикалық ғылымда белгісіз болып қалып отырғанын атап өткен жөн. «Ғылыми қамсыздандыру» анықтамасын әдетте ғалымдар егжей-тегжейлі емес, көбінесе экономиканың белгілі бір саласына, мысалы, әлеуметтік немесе мемлекеттік басқару саласына қатысты қолдануда. Мысалы, В.А. Павлова және А.Г. Осипов жерді бағалауға қатысты «ғылыми қамсыздандыруды» түрлі бағыттардың (табиғи, техникалық, құқықтық, экономикалық және басқа циклдар) ғылыми жетістіктері ретінде пайымдайды [4].

Р.С. Суханова ауылдың әлеуметтік дамуын ғылыми қамсыздандыруды талдай келе, ғылыми қамсыздандыру ретінде жобалық жұмыстар кешенін әзірлеуді, ауылдық құрылыс индустриясының қажетті базасының параметрлерін негіздеуді, ауылдық құрылыс ұйымдары жүйесін құру бойынша ұсыныстар әзірлеуді қарастырады [5].

С.И. Морозов, өңірдің инновациялық қызметіне қатысты ғылыми қамсыздандыруды өңірдің инновациялық дамуының бастапқы шарттары мен алғышарттарын талдау әдіснамасы, өңірлік инновациялық үдерістерді болжау әдіснамасы, стратегиялық шешімдердің тиімділігін бағалау критерийлері мен жүйесі ретінде қарастырады [6].

З.В. Разилов, муниципалды құрылымдарды стратегиялық жоспарлауға қатысты ғылыми қамсыздандыруды қаланың стратегиялық даму мақсаттарын

айқындаумен, оның стратегиялық таңдауын негіздеумен, кешенді әлеуметтік-экономикалық дамудың қалалық тұжырымдамасының басқа элементтерін әзірлеумен байланысты болжамды-талдамалық жұмыстар кешені ретінде қарастырады [7].

Е.А. Носачевская мен К.В. Казаков «ғылыми қамсыздандыруды» белгілі бір аумақты инновациялық әлеуметтік-экономикалық дамыту мақсатында білім алуға және қолдануға, зерттеулер жүргізуге, әзірлемелерді енгізуге бағытталған үдеріс ретінде түсінеді [8]. Бұл авторлар экономиканың дамуын ғылыми қамсыздандырудың негізгі алғышарттарының қатарында әлеуметтік-экономикалық, табиғи-ресурстық, кадрлық, ғылыми-техникалық, ақпараттық және өзге де әлеуетті тиімді пайдалану қажеттілігін қарастырады [8, с. 20].

Бір жағынан, мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандыру ұғымының белгісіздігін, екінші жағынан ұғымды анықтауға қатысты тәсілдемелердің көп нұсқалылығын ескере отырып, аталған ғылыми категорияны мемлекеттік стратегиялық жоспарлау саласындағы мәселелерді шешу үшін жаңа білім, техника мен технологияларды алу (әзірлеу), талдау және тиімді енгізуге бағытталған ғылыми, ғылыми-әдістемелік, ғылыми-техникалық, ұйымдастырушылық, сараптамалық-талдамалық және т.б. іс-шаралар кешені ретінде қарастыруды ұсынамыз.

Ғалым-экономистер табиғи байлықты игеру мен ұтымды пайдалануда, қоғамның өндіргіш күштерін дамыту мен қалыптастыруда ғылыми жетістіктер мен жаңалықтарды қолдануды шексіз деп санайды. Белгілі бір жағдайларда ғылымның көмегімен табиғаттың орасан зор күштері өндірісте қолданылуы мүмкін, ал өндіріс үдерісінің өзі ғылымды технологиялық тұрғыдан қолдану ретінде қарастырылуы мүмкін [9].

Бірақ әр мемлекет геосаяси жағдайдың ерекшеліктеріне, қолда бар ресурстарға, өзге факторлар мен жағдайларға байланысты экономиканың өзіндік қайталанбас салалық құрылымын қалыптастырады және оны жетілдірудегі [10] ғылымның базис ретіндегі рөлі айрықша. Атап айтқанда, Н.Кондратьевтің экономикалық циклдар теориясында, С. Глазьев, С. Кузнец, Г. Менш, Й. Шумпетер, Ю. Яковецтің және өзге ғалымдардың тұжырымдамаларына экономика дамуының белгілі бір деңгейіне тән технологиялық құрылымдарды немесе технологиялар жиынтығын өзгерту теориясы негізделген. Теорияға сәйкес, бір құрылымнан екіншісіне ауысу жаңа технологияларды енгізумен, өндірістегі өзгерістермен және еңбек өнімділігінің өзгеруімен, экономикалық байланыстардың күрделенуімен, өнімнің жаңаруымен және т.б. қатар жүреді.

Зерттеушілер [11] қазіргі уақытта аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын стратегиялық басқару және жоспарлау саласындағы әдіснамалық және әдістемелік сипаттағы негізгі мәселелер қатарына келесілерді жатқызады:

- әлеуметтік-экономикалық дамудың алғышарттарын талдаудың әдістемелік қамсыздандырудың жетілмеуі;
- стратегиялық шешімдердің тиімділігін бағалаудың нақты критерийлері мен қабылданған жүйесінің болмауы;

– дамуды стратегиялық басқару мақсаттарын ғылыми камсыздандырудың, оларға қол жеткізу тетігінің болмауы;

– билік пен бизнестің стратегиялық әріптестігінің неғұрлым тиімді нысандарын іздеу, олардың өзара іс-қимылын нормативтік құқықтық және әдістемелік камсыздандыруды әзірлеу қажеттілігі.

Жекелеген жағдайларда стратегияларды құрастыру, бекіту және жүзеге асыру барысында стратегиялық мақсат қою, мемлекеттік бағдарламалардың іс-шаралары, бюджеттік жобалау және ресурстық камтамасыз ету параметрлері, мемлекеттік басқару органдары қызметінің жоспарлары арасында тікелей байланыстың болмауы айқындалады.

Қазіргі уақытта стратегиялық жоспарлау жүйесін ғылыми-әдістемелік қолдауға баса назар стратегиялық жоспарлау құжаттарында қамтылған ақпараттың үлкен массивін талдаудың бірыңғай алгоритмдерін қалыптастыру және енгізуге, күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйелердің динамикасын имитациялық модельдеудің бағдарламалық-математикалық құралдарын кеңінен қолдануға, экономика және әлеуметтік саланың жай-күйін бағалау және оңтайлы даму жолын таңдау, анықталған тәуекелдер және қауіп-қатерлердің алдын алу бойынша басқарушылық шешімдер қабылдау жағына ауысуда [12].

Сонымен қатар, ғалымдарда әлі күнге дейін «мемлекет» ұғымының ғылыми анықтамасына қатысты дау туындауда [13]. Ежелгі ойшыл Аристотель мемлекет «мінсіз және ерекше өмір сүру үшін ұрпақтар мен ауылдардың одағы» деп тұжырымдаған [14].

Цицерон мемлекетті «халықтың игілігі ретінде қарастырған, ал халық қандай да бір жолмен жиналған адамдардың кез-келген бірігуі емес, құқық пен мүдделер қоғамдастығы мәселелерінде өзара келісіммен байланысқан адамдардың бірігуі» деп қарастырды [14, с. 158].

Еуропалық жаратылыстану-құқықтық доктринада мемлекет ерікті негізде азаматтардың бірігу нәтижесі ретінде қарастырылады (Т. Гоббс, Ж.-Ж. Руссо, Г. Гроций, Дж. Локк).

Ф. Энгельс «Франциядағы азаматтық соғыс» еңбегінің кіріспесінде мемлекет түсінігіне қатысты өзінің анықтамасын келтірген: «Шындығында, мемлекет - бұл бір класты екіншісімен басу машинасы..» [15].

Заманауи құқықтық сөздіктерінің бірі мемлекетті арнайы мәселелерді шешу және қоғам табиғатынан туындайтын ортақ істі орындауды камтамасыз ететін тарихи қалыптасқан қоғамды ұйымдастырудың жалғыз ғана мүмкін болатын әмбебап саяси формасы ретінде анықтайды [16].

Адамның зияткерлік, материалдық және өзге мәдениетінің феномені ретінде мемлекетті зерттеушілер оны үш өлшемде қарастыруға болады деп есептейді: а) мемлекеттік ұйымдасқан қауымдастық ретінде (белгілі бір аумақта тұратын және саяси билікпен біріктірілген адамдар жиынтығы); ә) мемлекеттік билік аппараты ретінде; б) мемлекеттік органдар жүйесі ретінде [17].

Осылайша, мемлекет ұғымы көп қырлы, ал оның мәнін түсіндіру тарихи жағдайларға байланысты болады; мемлекет түрлі аспектілерде қарастырыла алады: географиялық, әлеуметтік, экономикалық, мәдени-тарихи,

идеологиялық, геосаяси, институционалдық және т.б. Заманауи мемлекеттің негізіне авторлардың басым бөлігі халықты, мемлекеттік билікті (әкімшілік, үкімет), егемендік, азаматтық, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жатқызады.

Мемлекеттердің құқықтары мен міндеттері туралы Конвенцияға сәйкес («Монтевидео Конвенциясы» 1934 жылы 26 желтоқсанда күшіне енді) келесі белгілерге ие болса мемлекет субъект ретінде қарастырыла алады: а) тұрақты халық саны; ә) аумақ; б) үкімет және в) өзге мемлекеттермен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі. Монтевидео Конвенциясының 3-бабында мынадай ереженің болуын атап өткен жөн: «Мемлекеттің саяси тұрғыдан тіршілік етуі басқа мемлекеттердің мойындауына байланысты емес. Танылғанға дейін де мемлекет өзінің тұтастығы мен тәуелсіздігін сақтау және өркендету үшін оны қорғауға құқылы [18]. Алайда, сарапшылардың пікірінше, мемлекеттерді мойындауға байланысты бірқатар мәселелер әлі күнге дейін құқықтық тұрғыдан нақты реттелмеген. Қолданыстағы құқықтық нормаларды іске асыру қиындықтар мен дауларды туындатуда. Әдебиетте «тану, мойындау» ұғымының жалпыға бірдей бекітілген құқықтық анықтамасының болмауы халықаралық тәжірибеде осы институттың әрекет етуінде бірқатар мәселелерге әкелуде [19].

Осы диссертация аясында бізді мемлекеттік басқарудың мәні және оның негізгі функцияларының бірі болып табылатын мемлекеттік жоспарлау қызықтырады.

Жалпы мағынада мемлекеттік (бұқаралық) басқару (ағылш. Public Administration) - бұл биліктің (үкіметтің) әкімшілік билігі. Оның басты міндеті - қоғамды ұйымдастыру мақсатында қоғам қатысушыларына (адамдарға, мекемелерге, компанияларға) қызметтер көрсету. Ағылшын еңбектерінде мемлекеттік басқару екі терминнен құралады: «мемлекеттік» және «әкімшілік». «Мемлекеттік» термині негізінен үкіметтің қызметі мен іс-әрекетіне бағытталған үкіметті білдіреді. Ал «әкімшілік» термині латынның «administe» сөзінен туындап, адамдарға қамқорлық көрсету, бақылау үшін «қызмет көрсету» дегенді білдіреді. Нақтысында «әкімшілік» термині мемлекеттік (бұқаралық) істерді басқару дегенді білдіреді.

Сәйкесінше, *мемлекеттік басқару* – бұл қоғамдық істерді басқару, мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, сонымен қатар мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік қызметте жұмыс істеуге дайындайтын және осының барлығын зерттейтін академиялық пән.

Мемлекеттік басқару - экономика мен қоғамның алға жылжуының да, артқа қадам басуының да маңызды факторы. Қоғамдық басқарудағы айырмашылықтар неліктен кейбір елдерде айтарлықтай өсімнің, ал кейбіреулерінде құлдыраудың болатынын түсіндіреді. Күшті және тиімді қоғамдық әкімшілік әл-ауқатты жақсарту үшін пайдаланылса, ал әлсіз және тиімсіз әкімшілік ел үшін өте қымбат, мәселелі және қауіпті органға айналады.

Кез-келген үкіметтің басты міндеті – мемлекеттік басқарудың тиімділігіне қол жеткізу. Алайда бүгінгі күнге дейін тіпті «Мемлекеттік басқару» пәнінің өзі толық рәсімделмеген (әсіресе дамушы елдерге (немесе

өтпелі экономикасы бар елдер) қатысты). Бұл мәселе алғаш рет 1947 жылы Роберт Дальдың «The Science of Public Administration: Three Problems» [20] еңбегінде қозғалып, онда автор ғылыми пән ретіндегі мемлекеттік басқарудың үш негізгі мәселесін талдайды:

1) мемлекеттік басқару ғылымында «нормативтік құндылықтар» қалай анықталады?;

2) басқару үдерісінде адамның мінез-құлқына қалай қарау керек? Басқарылатындардың мінез-құлықтық ерекшеліктеріне сүйене отырып басқару керек пе, әлде адами факторды болдырмайтындай үдеріс құру керек пе?;

3) ұлттық және тарихи перспективадан тәуелсіз әрекет ететін мемлекеттік басқарудың қағидаттары бар ма?.

Р. Дальдің пікірінше «ұлттық және әлеуметтік ортадан тәуелсіз аспектілерді анықтау үшін мемлекеттік басқаруға ықпал ететін түрлі ұлттық және әлеуметтік сипаттамаларды терең зерттемей, мемлекеттік басқаруға қатысты әмбебап жалпылауға болмайды» [20, p. 11].

Мемлекеттік басқарудың ауқымы жайлы пікірталас көптен бері жалғасып келеді. Оның көлеміне қатысты екі негізгі көзқарас бар: тар мағына (POSDCoRB) және кең мағына. Мемлекеттік басқарудың кең мағынасын оның негізін қалаушылар Вудро Вильсон «Басқару жайлы зерттеу» мақаласында [21] және Леонард Уайт «Мемлекеттік басқаруды зерттеуге кіріспе» еңбегінде қорғаған [22]. Кең мағынаның мәні – мемлекеттік басқару кеңейіп, жауапкершілікті өз мойнына алуы керек. Тар мағынаға сәйкес, мемлекеттік басқару саласы тек атқарушы билікке қатысты басқару аспектілерімен ғана шектеледі. Бұл көзқарастың негізін қалаушы әлеуметтанушы және мемлекеттік басқару саласындағы сарапшы Лютер Гюлик болды, ол, өз кезегінде, әкімшілік басқарудың классикалық көзқарасын сипаттайтын POSDCoRB деп аталатын өзінің моделін әзірледі [23].

POSDCoRB келесіні білдіреді:

P (Planning) – Жоспарлау: мекеменің алдына қойылған мақсатқа жету үшін жүзеге асыру және орындау әдістерін жалпы түрде әзірлеу.

O (Organizing) – Топты ұйымдастыру: бөлімше қызметкерлері мақсатқа қол жеткізу үшін ұйымдастырылатын ресми билік құрылымын құру.

S (Staffing) – Персонал: қызметкерлерді тарту және оқыту, қолайлы жұмыс жағдайларын қалыптастыруға бағытталған кадрлық функция.

D (Directing) – Басқару: шешімдер қабылдау және оларды кәсіпорын көшбасшысының нақты және жалпы бұйрықтары мен нұсқаулықтарын, функцияларын орындау бойынша үздіксіз міндет.

C (Coordinating) – Үйлестіру: басқарудың түрлі бөліктерін біріктірудің маңызды міндеті.

R (Reporting) – Есептілік: әкімшілік жауап беретін адамдарды хабардар ету, жазбалар, зерттеулер және тексерулер арқылы хабардар ету.

B (Budgeting) – Бюджеттеу: салықтық жоспарлау, есепке алу және бақылау формасында.

POSDCoRB тұжырымдамасы мемлекеттік басқару пәнінің «классикалық»

дәуірінде қалыптасуына қарамастан, ол бүгінгі күнде де өзекті болып қалуда. Тейлор [24], Файоль [25], Гулик [26] және Урвик [27] еңбектерін де бұл тұжырымдама қарастырылған.

«Неоклассикалық» ұйымдастырушылық теория бірнеше дереккөздерде алғаш қарастырылған теориядан жоғары, маңыздырақ ретінде бейнеленеді (мысалы, [28-30]). Классиктерге қарсы шыға отырып, ұйымның «неоклассикалық» теориясының дамуына Герберт Саймон айрықша үлес қосты. «Әкімшілік іс-әрекет» [31] атты 1947 жылы жарық көрген оның еңбегі ХХ ғасырда бұқаралық әкімшілік өкілдерінің арасында кеңінен танымал болды. Винсент Остромның пікірінше [32] Гуликтің туындыларына Саймонның қарсы шығуы пәннің «интеллектуалды дағдарысқа ұшырауымен» байланысты. Ғалымдар ұрпақтары, бәлкім, Гуликті оқымаған да шығар, бірақ оның еңбектері зерттеушілер арасында айрықша орынға ие [33, 34].

POSDCoRB маңызды функцияларының бірі ретіндегі *жоспарлауды* ғылыми әдебиетте, бір жағынан, болжам, бағдарлама, жоба түріндегі стратегиялық шешімдерді әзірлеу, талдау, негіздеу және қабылдауға мүмкіндік беретін басқарудың басымды функциясы ретінде қабылдаса, екінші жағынан, уақыт және кеңістікке байланысты қалай және неге қол жеткізуге болатынын анықтайтын жоспарды (жоба) әзірлеу үдерісі ретінде [35] және «белгілі жағдайда алға қойылған мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін болашақтың жоспары» ретінде қабылдайды [36].

Жоспарлау тарихи тұрғыдан төрт негізгі кезеңнен тұрады [37-39]:

Бірінші кезең – 1900-1950 жж. – бюджеттеу және бақылау (budgeting and control); жоспарлау қысқа мерзімді болды, бюджеттеу және бақылау нысанына ие болды, ұйымның барлық кірістері мен шығыстары егжей-тегжейлі ескерілетін жылдық бюджетті құру құралы ретінде қарастырылды.

Екінші кезең – 1951-1960 жж. – ұзақ мерзімді жоспарлау (long range planing); нарықтық экономика жағдайында ұйым деңгейіндегі бұл жоспарлау түрі теориялық және практикалық тұрғыдан 1950-ші жылдары қалыптасты.

Заманауи зерттеушілер мен оқулықтардың басым бөлігі ұзақ мерзімді жоспарлау тұжырымдамасының алғаш рет 1920-1930 жылдары КСРО-да теориялық негіздеме алғанын және «халық шаруашылығын басқарудың әміршіл-әкімшілік жүйесі» деп аталатын шеңберде кеңінен қолданылғанын ескермейтінін атап өткен жөн.

Жоспарлаудың кеңестік ғылыми мектебінің теориялық негіздерін революцияға дейінгі кезеңде екі экономист қалады: орыс профессоры В.И. Гриневецкий («Орыс өнеркәсібінің соғыстан кейінгі перспективалары» [40] және неміс профессоры К. Баллод («Болашақ мемлекеті. Социалистік шаруашылықтағы өндіріс пен тұтыну» [41]). В.И. Гриневецкийдің еңбегінде бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі экономиканы соғыстан кейінгі қалпына келтірудің алғашқы перспективалық жоспары баяндалып, қолда бар қуаттарды пайдалана отырып өндірістің белгілі бір деңгейіне жету үшін қажетті жағдайлар сипатталған.

ХХ ғасырдың бірінші жартыжылдығында А.К. Гастев пен оның ізін

басушылардың еңбектерінде Еңбектің ғылыми ұйымдастырылуының (ЕҒҰ) негіздері қалыптасты. А.А. Богданов дағдарыстық жағдайда дамудың болашақ бағыттарын болжамдау негізінде басқарудың ұйымдастырушылық құрылымдарын әзірледі. Оның басқарушылар мен жұмысшылар арасындағы шекараны жоюға ықпал ететін «ұжымдық құрылым» атты тұжырымдамасын Тейлордан кейінгі ұйымдардың ізашары деп санауға болады [42].

1921 жылы КСРО-да жалпымемлекеттік жоспарлау комиссиясы (мемлекеттік жоспар) ұйымдастырылды. Мемлекеттік жоспарларды әзірлеу барысында бағдарламалық-мақсатты әдіс қолданылды: өндіру бойынша тапсырмаларды әзірлеу үшін басталған өнеркәсіптің негізгі салалары таңдалды. Бірінші ұзақ мерзімді жоспарға 1920 жылы әзірленген әйгілі ГОЭЛРО жоспарын (Ресейді электрлендірудің мемлекеттік жоспары) жатқызуға болады. ГОЭЛРО әзірлеу барысында қолданылған болжау және жоспарлау әдістері кейіннен айтарлықтай дамыды. Атап айтқанда, бұл сараптамалық бағалау, экстраполяция және баланстық әдістер.

1926 жылдан 1928 жылға дейін П.С. Осадчев пен В.А. Базаровтың басшылығымен КСРО Мемлекеттік жоспарының комиссиясы 1928-1940 жылдарға арналған КСРО халық шаруашылығын дамытудың Бас жоспарын әзірледі [43]. Алғашқы екі бесжылдықтың орындалуы КСРО-ны дамыған индустриалды елге айналдырды. 1930 жылдардың екінші жартысында соғысқа жедел дайындық жағдайында кеңес өнеркәсібі технологиялық және әлеуметтік мағынада жоғары деңгейде инновациялық өнеркәсіпке айналды [44].

КСРО кезінде әзірленген және қолданылған бес жылдық жоспардың құрылымы келесілерді қамтыды: жалпы ережелерді; өндірістің жоспарын; нормалар мен нормативтерді; күрделі салымдар және күрделі құрылысты; материалдық-техникалық қамсыздандыру көлемін; еңбек және кадрларды; пайда, рентабельділік және өнімнің өзіндік құнын; қаржылық жоспарды; ұжымның әлеуметтік дамуын; табиғатты қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану.

Қазақстанда келесілер құрылды: Халық шаруашылығының орталық кеңесі және Қазақ АССР Мемлекеттік Жоспары (20-жылдардың ортасы); Мемлекеттік Жоспардың Экономикалық зерттеулер институты (1930); ҚазКСР ҒА Экономика институты (1952); Алматы халық шаруашылығы институты (1963) және республиканың жоғары оқу орындарындағы экономикалық кафедралар, бұл, өз кезегінде, Қазақстандағы экономикалық ғылым құрылымының негіздерін қалыптастырды. Республикалық жоспарлау мәселелерін шешуге Т.А. Әшімбаев, Қ.И. Сәтбаев, Т.Т. Төлебаев, Т.Ш. Шауқенбаев және өзгелер елеулі үлес қосты. Республиканың экономикалық ғылым қызметінің үйлестіруші орталығы Қазақ КСР ҒА Экономика институты болды.

КСРО мен одақтас республикалардағы жоспарлау жүйесі қуатты әдіснамалық негізге ие болды және қазіргі кезеңде бұл тәжірибе бағаланып, қайта қарастырылуы тиіс деп есептейміз (оның ішінде тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстанда неғұрлым тиімді әлеуметтік-экономикалық даму

мақсатында қолдану мүмкіндігі).

Әлемдік жоспарлау тарихының үшінші кезеңі – 1961-1980 жж. – бұл стратегиялық жоспарлау (strategic planning) бастамаларының қалыптасу кезеңі; жоғары бәсекелестік, тұтынушылар үшін күрес ұзақ мерзімді жоспарлау мазмұнын қайта қарауды талап етті. Жоспарлау нысаналы болып, оның ресурстары мақсаттарға қол жеткізу құралы ретінде қарастырылып, ал жоспар іскерлік ортаның өзгеру болжамына байланысты ұйым дамуының бірнеше балама нұсқаларының жиынтығын қамтыды.

Әлемдік менеджмент ғылымында стратегиялық жоспарлаудың негізгі өкілдері ретінде Р. Акофф, И. Ансофф, М. Армстронг, Дж. Л. Боуэр, Э. Деминг, П. Друкер, Дж. Ф. Дикс және Х. Ли, Ф. Котлер, Дж. Куинн, М. Мескон, М. Альберт және Ф. Хедоури, Г. Минцберг, М. Портер, А. Томпсон, А. Чандлер, Г. Штейнер, К. Эндрюс және өзге авторларды атап өтуге болады.

Стратегиялық жоспарлаудың «атасы» ретінде А. Чандлер, К. Эндрюс, И. Ансоффы атап өтуге болады. Осылайша, А. Чандлер стратегиялық жоспарлау деп негізгі ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттерді анықтау, сондай-ақ іс-қимыл бағытын бекіту және осы мақсаттарға жету үшін қажетті ресурстарды бөлу үдерісін қарастырған [38, с. 13]. Дж. Л. Боуэр, С.Р. Кристенсен, М. Портер, К. Эндрюстің пікірінше стратегиялық жоспарлау үдерісі келесілерді қамтиды: мақсаттар мен міндеттерді анықтау; стратегиялық баламаларды әзірлеу; жоғарғы басшылықтың бағдарын, құндылықтары мен әлеуметтік жауапкершілігін ескере отырып баламаларды бағалау; стратегияның ең жақсы нұсқасын таңдау [46]. И. Ансофф стратегиялық жоспарлау процедурасын схемалауды ұсынды (әсіресе ірі компаниялардың өсу стратегиясын әзірлеу процедуралары үшін). Оның «Жаңа корпоративтік стратегия» атты еңбегін [47] көптеген зерттеушілер стратегиялық жоспарлау мәселелеріне арналған алғашқы монография ретінде мойындайды.

Ресейлік зерттеуші Е.П. Голубков стратегиялық жоспарлау деп «өзгермелі нарықтық жағдайларда ұйымның мақсаттары мен мүмкіндіктері арасындағы стратегиялық тепе-теңдікті дамыту және қолдау үдерісін» қарастырады [48].

Н.Е. Белова «Стратегиялық жоспарлау – компанияның сыртқы және ішкі ортасының әсер ету факторларын анықтауға негізделген және оның бәсекелестік артықшылықтарын іске асыруға бағытталған компанияның даму стратегиясын іске асырудың миссиясын, мақсаттары мен алгоритмін қалыптастыру үдерісі» деп санайды [49].

Г. Минцберг Б. Альстрэнд және Д. Лэмпел «Стратегиялар мектептері» атты еңбекте әлемдік стратегиялық ойдың түрлі даму бағыттарын жалпылауға тырысқан. Нәтижесінде олар он ғылыми мектепті қалыптастырды: дизайн мектебі, жоспарлау мектебі, позициялау мектебі, кәсіпкерлік мектебі, когнитивті мектеп, оқыту мектебі, билік мектебі, мәдениет мектебі, қоршаған орта мектебі және конфигурация мектебі [50].

Дизайн мектебі (Дж. Л. Боуэр, С.Р. Кристенсен, М. Портер, Ф. Селзник, Р.Г. Хамермеш, А.Д. Чандлер, К. Эндрюс) стратегия саналы және мұқият ойлау

үдерісінің нәтижесі болып табылады деген пайымдауға негізделеді. Олардың ойынша стратегия келесілерді қамтиды: SWOT-талдау арқылы тексерілген ағымдағы мақсаттар мен міндеттерді анықтау; стратегиялық баламаларды әзірлеу; жоғары басшылықтың құндылықтары мен әлеуметтік жауапкершілігін ескере отырып баламаларды бағалау; стратегияның ең жақсы нұсқасын таңдау. Бұл ғылыми мектеп белгілі бір ұйымға арналған стратегия ерекше және кез-келген шаблоннан және алдын-ала белгіленген стандарттардан тыс қалыптасады деген ұстанымды ұстанады.

Жоспарлау мектебінің өкілдерінің (И. Ансофф, Р. Акофф П. Лоранж, Д. Стейнер, С. Хофер, Д. Шендель) пікірі келесідей: стратегияны әзірлеу жоспарлау үдерісінің ажырамас бөлігі, бекітілген қадамдардан құралатын ресми үдеріс. Әрбір қадам нақты сараптамалық жұмыстармен қатар жүріп, олардың әрқайсысының нәтижелері бір стратегияның ережелеріне біріктіріледі. Яғни стратегия – бұл мақсаттар, бюджеттер, бағдарламалар мен жоспарларды қамтитын белгілі бір «сызба».

Позициялау мектебінің тұжырымдары (Б. Джеймс, Р. Кац, Дж. Куинн, М. Портер) әр сала үшін стратегиялардың шектеулі саны болады дегенге негізделеді. Стратегиялар - бұл жоспарлау объектісінің сыртқы ортаның қалған қатысушыларына қатысты позициясына байланысты аналитикалық есептеулердің нәтижесі.

Кәсіпкерлік мектебі (П. Друкер, А. Коул, С. Макридакис К. Найт, Й. Шумпетер) стратегия жетекшінің санасында перспектива түрінде болады деген идеяға негізделген.

Когнитивті мектеп (М. Лайлс, Р.К. Редер, Г. Саймон, Г. Томас, Э. Хафф) стратегияны әзірлеуді ментальды үдеріс ретінде қарастырады. Стратегия – бұл адамның жеке немесе ұжымдық ақыл-ойдың өнімі.

«Когнитивтілік (лат. *cognitio*, «тану, зерттеу, түсіну») термині сыртқы ақпаратты психикалық қабылдау және өңдеу қабілетін білдіреді. Стратегиялық ойлау «психологиялық және материалдық деректерді синтездей алатын абстрактілі және ұтымды психикалық үдерісті білдіреді. Стратег талдауға да, синтездеуге де үлкен қабілетке ие болуы керек; талдау зерттеу объектісіне қатысты диагнозын қоятын деректерді жинау үшін қажет, синтез - осы деректерден диагноздың өзін алу үшін және диагноз іс-әрекеттің балама тәсілдерін таңдауға қатысты қолданылады» [51].

Оқыту мектебінің өкілдері (Дж. Куинн, Р. Лапьер, Ч. Линдблом, Г. Минцберг, Р. Нельсон, Г. Рэпп, С. Уинтер) стратегияны дәйекті, дамып келе жатқан үдеріс ретінде қарастырады. Стратегиялық жоспарлау үшін бұл теорияның постулаты: «Тұрақты сыртқы жағдайлар неғұрлым толыққанды жоспарлауға ықпал етеді».

Билік мектебі (Дж. Боуер, Й. Доза А. Макмиллан, Э. Петтигрю, Д. Сарразин) стратегияны қалыптастыру үдерісі – бұл келіссөздер жүргізу үдерісі, ал саясат стратегиялық үдерістің бөлігі болып табылады деген ойға негізделген. Мұнда екі бағытты бөліп қарастыруға болады: 1) микро деңгейде ішкі саясат ықпалды адамдар өз мақсаттарына жету үшін саяси құралдарды

пайдаланған кезде пайда болады; 2) компаниялар өз мақсаттарына жету үшін сыртқы ұйымдарға саяси ықпалды пайдаланған кезде саясатты стратегиядан бөлек қарастырады.

Мәдениет мектебінің негізін салушылар (Д. Джонсон, Дж. Спендер, К. Рот, Д. Рикс, Ф. Ригер) стратегияны дайындау үдерісін ұжымдық үдеріске жатқызады, себебі стратегия – бұл көптеген белсенділердің еңбегінің қорытындысы. Олардың ойынша, мәдениет, дәстүр және тарих әлеуметтік мінез-құлықты болдыратын белгілі бір сенімдер туғызады, бұл, өз кезегінде, қоғамдағы көзқарастардың белгілі бір жинақталуына әкеледі және стратегияны жасау үдерісіне әсер етпей қоймайды.

Қоршаған орта мектебі (К. Оливер, Дж. Фримен, У. Эстли,) бұл стратегияны сыртқы жағдайлар болдырады, ал қоршаған орта жоспарлау объектісіне негізгі сипаттамаларды міндеттейді деген ойға негізделген.

Конфигурация мектебінің (құрылымдық мектеп те аталады) өкілдері (Р. Майлс, Д. Миллер, К. Сноу, П. Фризен, П. Хандавалла) «стратегиялық үдерістегі басты кезең - перспектива, жоспарлау объектісінің даму тарихына деген көзқарас, трансформациялану үдерісі» дегенді ұстанады.

Бүгінгі таңда батыстық менеджмент ғылымында стратегия заманауи ұйым қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына төтеп бере алатын күрделі және ықтимал қуатты құрал ретінде қарастырылады [52].

Ресейлік ғылымда зерттеушілер мемлекеттік стратегиялық жоспарлау тұжырымдамасын анықтаудың бірнеше тәсілдерін анықтайды:

1) «ақпараттық-бағдарлау» стратегиялық жоспарлау нәтижесін басқару объектісінің даму болжамы ретінде қарастырады. Бұл тәсілдемеде стратегиялық жоспар немесе болжам басқару объектісінің ағымдағы жағдайына жеткізу, даму бағыттарына бағдарлау және әлеуметтік маңызды міндеттерді шешу үшін билік қызметін ынталандыру функциясын орындайды;

2) «ұйымдастырушылық» жоспарды тікелей немесе жанама экономикалық реттеу арқылы жетістікке жететін теңдестірілген мақсаттар жүйесі ретінде анықтайды;

3) «бағдарламалы-мақсатты» стратегиялық жоспарды белгілі бір әлеуметтік маңызды мақсаттарды шешуге бағытталған бағдарламалар жиынтығы ретінде сипаттайды. Бұл жағдайда стратегиялық жоспар мақсаттарды нақтылауға, олардың табысына бағытталған шаралар жоспарын құруға, мақсаттарға қол жеткізу дәрежесін бағалау үшін нақты индикаторларды белгілеуге мүмкіндік береді [53, с. 165-173].

Жоғарыда айтылғанға байланысты, *Мемлекеттік стратегиялық жоспарлау* ұлттық экономиканың (немесе өңірдің) ұзақ мерзімді кезеңде экономикалық және әлеуметтік салаларда тиімді әрекет етуі мен сыртқы ортаның өзгермелі жағдайларына жылдам бейімделуін қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялары, тұжырымдамалары, мақсаттары мен міндеттерін анықтайтын стратегиялық шешімдерді әзірлеуден тұратын (болжам, жоба, бағдарлама, жоспар формасында) үкіметтің жоспарлы қызметінің ерекше түрін білдіреді.

Ел шеңберінде үш басты «ойыншы» әрекет етеді - мемлекет, қоғам және бизнес, олар, өз кезегінде, жоспарлаудың субординацияланған субъектілері болып табылады. Бұл ретте, өзара байланысты стратегиялық шешімдер жүйесі ретіндегі стратегиялық жоспарлаудың тікелей және басты субъектісі болып ел экономикасы үшін қоғам және экономикамен жүктелген жауапкершілікке ие мемлекет табылады [54].

Стратегиялық жоспарлауды өзге жоспарлау түрлерінен ажырататын маңызды ерекшеліктері бар. Аталмыш ерекшеліктер шеңберінде стратегия жоғары басшылықпен әзірленеді, ал стратегиялық жоспар зерттеулер және нақты деректерге негізделіп, өзгерістер енгізуге икемді болуы тиіс. Ғалымдар стратегиялық жоспарлаудың негізгі кезеңдерін келесідей нысанда ұсынады (1-сурет).



Сурет 1 – Стратегиялық жоспарлаудың негізгі кезеңдері

Ескерту – Әдебиет негізінде құрал [55]

Ұйымдағы стратегиялық жоспарлаудың негізгі мәні басты үш сұраққа дұрыс жауап беруден тұрады: біз қазір қайдамыз, қайда жылжығымыз келеді, қалай, қандай ресурстар мен бәсекелестік артықшылықтар арқылы біз мұны жүзеге асырмақшымыз?

Жоспарлау эволюциясының төртінші кезеңі 1970 жылдардың ортасынан басталып, қазіргі уақытқа дейін жалғасуда. Ол әлемдік экономикалық дағдарыстан кейін, яғни іскерлік ортаның белгісіздігі мен өзгергіштігі айтарлықтай өскен кезде қалыптасты. Стратегиялық жоспарлаудың бұрынғы әдістемесі уақыт талаптарына жауап бермеді. Ұйымның ұзақ мерзімді кезеңде даму перспективаларын анықтау қажеттілігі стратегиялық басқару (strategic management) сияқты жаңа тәсілдеменің қалыптасуына әкелді.

Рассел Акоффың [56] пікірінше 80-жылдардан бастап стратегиялық менеджменттің дамуы келесідей сипатты белгілерге ие:

1. Тұтастай ұйымға стратегиялық ықпал етудің жаһандылығы, барлық жүйе құраушы айнаымалыларға ықпалы.

2. Ұзақ мерзімділік және перспективалық. Стратегия кемінде екі жыл мерзімге әзірленеді. Көптеген ірі ұйымдар өз стратегияларын 5, 10, 25-50 немесе одан да көп жылдарға әзірлейді.

3. Ұйымның өміршеңдігі үшін сындық сипатқа ие болуы.

4. Басымдық. Даму стратегиясы – төменгі деңгейлер тәуелді болатын басқарудың ең жоғары деңгейі.

5. Стратегиялық шешімдерді талдау, болжамдаудың күрделілігі және алуан түрлілігі.

Бұл кезеңде 70-ші жылдары «Жаңа мемлекеттік басқару» (New Public Management, NPM) деп аталатын Тұжырымдаманың пайда болуымен байланысты мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың жаңа жүйесі қалыптасты. Ол, өз кезегінде, Ұлыбританиядан бастап көптеген экономикалық дамыған елдердің мемлекеттік секторында басты парадигмаға айналды. Негізінде, NPM – бұл мемлекеттік сектор ұйымдарын тиімді дамыту, ұйымдастыру және басқару жайлы болжамдар мен құндылық мәлімдемелерінің жиынтығы [57]. Аталған парадигманың басты мәні - тиімділігін арттыруға және құнын арттыру мақсатын жүзеге асыруға ұмтылатын мемлекеттік ұйымдардың нарықтық және жеке іскерлік тәжірибені қабылдауы [58]. Биліктің барлық деңгейлерінде мемлекеттік ұйымдармен қабылдаған осындай тәжірибелердің бірі – түрлі құралдарды қамтитын стратегиялық басқару тұжырымдамасы (мысалы, стратегиялық жоспарлау, сценарийлік жоспарлау, миссия мен пайымы туралы мәлімдемелер).

Алайда, NPM идеясына түсініктеме бере отырып, жеке сектордың басқару және жоспарлау қағидаларын мемлекеттік секторға «таза» күйінде көшірудің қауіпті екенін ескерген жөн, себебі бұл тәжірибені посткеңестік елдердің 30 жылдық тәжірибесі дәлелдейді. Осы тұрғыдан «жекешелендірілген» мемлекет терминінің пайда болуы кездейсоқ емес. Екінші жағынан, қазіргі уақытта мемлекет пен корпорациялардың өзара байланысының бұрынғыдан да тығыз бола бастағанына күмәндану қиын (оған мысал – мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі). Ресейлік зерттеуші Н.А. Косолапов жалпы мемлекетті корпорацияның ерекше жағдайы ретінде сипаттайды. Ол құбылыс ретінде бір кездері корпорациядан туындаған [59].

Ұлттық үкіметтің корпорациялармен, әсіресе шетелдік ТҰК-пен ынтымақтастыққа деген аса жоғары құштарлығы мемлекетті өзекті ішкі міндеттерді шешуден «алшақтатуға», олардың сыртқы мәселелермен салыстырғанда маңыздылығын төмендетеді деп есептейміз. «Тиімді – тиімсіз» (немесе экономикалық «тиімді – тиімсіз») қағидаты бойынша үкіметтің корпорация ретіндегі тиімділік өлшемдеріне ғана сүйене отырып, жоғары дамыған бәсекегеқабілетті ұлттық экономиканы құру мүмкін емес.

Зерттеу шеңберінде маңыздылығы жоғары жоспарлаудың институционалдық теориясын (ЖИТ) да атап өткеніміз жөн. ЖИТ жоспарлаудың тікелей және түпкілікті нәтижелерін қалыптастыруда жоспарлау бөлімінің қызметкерлері мен стейкхолдерлердің өзара іс-қимылының реттілігі түріндегі жоспарлауды білдіреді. ЖИТ-ң белгілі өкілдерінің бірі – Э. Александер, оның көзқарасы бойынша «институционалдық тәсілдеме назарды жеке немесе тұлғааралық іс-әрекетті жоспарлаудан оны әлеуметтік үйлестіру аспектісі (aspect of governance) ретінде қарастыруға бағыттау маңызды» [60]. Сонымен қатар, Александер жоспарлау құқықтары (planning

rights) ұғымын қалыптастырды. Жоспарлау құқықтары деп автор «әлеуметтік тұрғыда қабылданған саяси-нормативтік қағидаларға негізделген институционалдық құқықтарды түсінеді: тиісті рәсім (due process), қатысу, парасаттылық (reason), адам құқықтары мен азаматтық құқықтар, меншік құқығы және қоғамдық мүдде [61].

Біздің көзқарасымыз бойынша, стратегиялық жоспарлаудың заманауи ерекшеліктеріне ақпараттандыру (2000 жылдан бастап қалыптасқан) және цифрландыруды (2020 жылға қарай дами бастаған) қосу керек. Стратегиялық жоспарлаудағы ақпараттық дәуірдің басталуының практикалық хабаршысы – SAP R/2 деп аталатын ұйымдардың «SAP» компаниясының шешімдеріне көшуі. Бірінші R әрпі «real-time» дегенді білдіреді, ал 2 саны екі деңгейлі архитектураны білдіреді. Ақпараттандыру бүгіндері әлемдегі барлық ірі компанияларда орын алған стратегиялық менеджментті цифрландырумен жалғасты. Ақпараттандырудан цифрландыруға көшу мемлекеттік секторды интеллектуалдандырудың жоғарылауымен, бақылаудың, жылдамдықтың, дәлдіктің, икемділіктің жоғарылауымен және нәтижесінде басқару мен жоспарлау үдерістері басқарылуының жоғарылауымен байланысты болды. Цифрландыру елеулі макро - және микро әсерге әкеледі, оның ішінде: болжау, жоспарлау және жобалау мерзімдерінің қысқаруы, еңбек өнімділігінің елеулі өсуі, жаңа технологиялық жүйелер мен мемлекеттік қызметтер санының ұлғаюы, Интернет пайдаланушылар санының артуы. Үкіметтер үлкен деректерге көбірек көңіл бөлуге тырысады және жаңа цифрлық қызметтердің көлемін айтарлықтай арттырады. Алайда, мемлекеттік сектордың цифрлық трансформациялануын ескере отырып, мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың әдіснамалық негізі әзірге экономикалық ғылымда «ақ дақ» болып қала береді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудағы ғылыми қамсыздандырудың әдіснамалық негіздеріне қатысты келесідей тұжырымдар жасауға болады:

1. Әрбір тарихи кезеңде жоспарлау әдістемесі алдыңғы кезеңдегі мәселелерді шешу тәжірибесін, экономикалық және әлеуметтік қатынастардың күрделенуін, сыртқы және ішкі ортаның өзгеруін ескере отырып, жаңа күрделі міндеттерді шешу үшін өзгертіліп, жетілдірілді.

2. Мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың заманауи парадигмасының әдіснамалық негізі ретінде стратегиялық жоспарлаудың шетелдік ғылыми мектептерінің және мемлекеттік жоспарлаудың кеңестік ғылыми мектебінің жетістіктерін атап өтуге болады - нарықтық экономикасы бар елдердің корпоративтік секторы үшін әзірленген тұжырымдамалар мен теориялардың жиынтығы.

3. Мемлекеттік стратегиялық жоспарлау ұлттық экономиканың (немесе өңірдің) ұзақ мерзімді кезеңде экономикалық және әлеуметтік салаларда тиімді әрекет етуі мен сыртқы ортаның өзгермелі жағдайларына жылдам бейімделуін қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялары, тұжырымдамалары, мақсаттары мен міндеттерін анықтайтын стратегиялық шешімдерді әзірлеуден тұратын

(болжам, жоба, бағдарлама, жоспар формасында) үкіметтің жоспарлы қызметінің ерекше түрін білдіреді.

4. Бұқаралық сектордағы жоспарлаудың маңызды ерекшелігі – мемлекеттік органдарда бәсекелестердің, сатуды немесе пайданы арттыру міндетінің болмауы. Бәсекелестермен күресудің орнына мемлекеттік менеджерлер бюджеттің қаржылық ресурстарын қандай мақсаттарға, қалай және қандай көлемде жұмсауға ниетті екенін жұртшылыққа түсіндіруі керек. Мемлекеттік менеджерлердің мотивациясы коммерциялық ұйымдар менеджерлерінің мотивациясынан өзгеше болуы керек, өйткені мемлекеттік менеджерлер «қоғамға қызмет етуге» маманданады. Стратегиялық мақсаттарды анықтай отырып, мемлекеттік менеджерлер жоғары басшылардың саяси шешімдерін және заңдарды басшылыққа алады, ал жеке секторда жоспарлау мақсаттарын меншік иелері мен менеджерлер өз қалауы бойынша анықтайды. Бұл коммерциялық және қоғамдық секторлардағы жоспарлаудың тағы бір маңызды айырмашылығы болып табылады.

5. Қазіргі кезеңнің ерекшелігі – мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандырудың әдіснамалық негіздері батыс доктринасында ұсынылған стратегиялық жоспарлаудың бірқатар тұжырымдамаларының жаңа жағдайларда өзектілігін жоғалтуына байланысты (тұжырымдамалардың басым бөлігі XX ғасырдың ортасында әзірленіп, содан бері оларға түбегейлі жаңа нәрселер қосылмаған), сондай-ақ жаңа технологиялық құрылымға ауысу аясында экономика мен мемлекеттік сектордың цифрландырылу факторы жағдайында қайта қаралады.

6. Қазіргі кезде өтпелі экономикасы бар елдерге қатысы бар мемлекеттік стратегиялық жоспарлау жайлы ғылыми зерттеулердің тапшылығы сезілуде. Ұлттық ғылыми қауымдастықтар мен мемлекеттік менеджерлермен лайықты түрде сараланбағандықтан, стратегиялық жоспарлау модельдерінің барлық түрлері посткеңестік елдерде қолданылып, тиімді болды деп қорытынды жасау қиынға соғады.

1.2 Мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудағы ғылыми зерттеулердің мәні, құралдары, әдістері

Мемлекеттік стратегиялық жоспарлау - бұл қоғам мен мемлекеттік сектор дамуының жаңа жағдайларында әлі де жеткілікті түрде сараланбаған көп қырлы құбылыс. Ғалымдар оның мәнін түсінудің біртұтас түсінігіне келген жоқ, аталған үдерісті жүзеге асыруға қажетті ғылыми зерттеулердің құралдары мен әдістерінің кешені құрылған жоқ.

Жалпы алғанда, мемлекеттік стратегиялық жоспарлау (МСЖ) – бұл мемлекеттің саясаты мен даму бағыттарын айқындайтын стратегиялық шешімдер мен оларды іске асыру жөніндегі қадамдарды әзірлеудің ілеспелі үдерісі. Бұл, сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық дамудың басымдықтарын сипаттайтын өзара байланысты стратегиялық жоспарлау құжаттарының жиынтығы.

Алайда, іс жүзінде МСЖ мәні әлдеқайда күрделі. 2020 жылға қарай

ағылшын тіліндегі әдебиеттерде ұлттық жоспарлауды жіктеуге қатысты бірнеше әрекет жасалды. Осылайша, П. Ламберт бес критерийге негізделген жіктемені ұсынды:

- 1) қолдану өрісі;
- 2) жоспарлау органының сипаты (авторитарлық немесе демократиялық);
- 3) жоспарлаудың негізгі бағдары (азаматтар, өндірушілер және тұтынушылар);
- 4) құралдың сипаты (бұйрықтар мен тыйым салулар бере отырып, мемлекеттік кәсіпорындар арқылы өндіріс құралдарын бөлу, келісім-шарттар, ықпал ету);
- 5) атқарушы қадағалаудың болуы [62].

И. Дрор төрт негізгі аспектіні қамтитын жоспарлау моделін қалыптастырды:

- 1) жоспарлау үдерісінің жалпы ортасы;
- 2) жоспарлау пәні;
- 3) жоспарлау бөлімшесі;
- 4) қол жеткізілуі тиіс жоспар нысаны [63].

Ян Тинберген халықаралық деңгейде жоспарлау үдерісінің негізгі салыстырмалы сипаттамасын жариялады. Талданған он сегіз сипаттаманың ішінде ұлттық жоспарлаудың тұжырымдамалық ерекшеліктеріне сәйкес келетін екеуі талданды. Біріншісі жоспарлау агенттігінің ресми міндеттеріне, ал екіншісі жоспарлау функцияларына қатысты (болжамдау, директивті жоспарлау құралы ретінде қызмет ететін экономикалық саясатқа өзгерістер енгізу) [64].

Р. Акоффпен ұсынылған жіктемеде жоспарлау реактивті, инактивті, преактивті және интерактивті болып бөлінеді. Кейбір жоспарлаушыларда өткенге (реактивті), басқаларында - бүгінге (инактивті), келесілерінде - болашаққа (преактивті) бағдарлау басым. Бағдарлаудың төртінші түрі жоспарлаудың әртүрлі, бірақ бөлінуге жатпайтын түрлері ретінде өткен шақ, қазіргі шақ және болашақтың өзара әрекеттесуін (интерактивизм) қамтиды.

Кейбір зерттеушілер мемлекеттік жоспарлауды тек екі түрге бөлуді ұсынады: әкімшілік және индикативті; біріншісі - орындалуы міндетті директивті жоспарлау болса, ал индикативті жоспарлау директиваға балама болып табылады, ол мемлекет пен өзге де шаруашылық жүргізуші субъектілерді ортақ мақсатқа қол жеткізуге бағыттайтын ұсынылатын көрсеткіштерге (индикаторларға) негізделген. Экономикалық көрсеткіштер (инфляция деңгейі, реттелетін бағалар, несие ставкалары, түрлі салық ставкалары, кедендік баждар, субсидиялар және т.б.) басқару тетіктерінің бірі ретінде әрекет етеді [65].

Индикативті жоспарлау өткен ғасырдың 50-70 жылдарында кең таралып, Франция, Жапония, Скандинавия елдерінде, Оңтүстік Кореяда белсенді қолданылған. Елдердің айырмашылықтарына қарамастан, осы құралды қолдану барысында көзделген мақсаттар барлық елдерде көбінесе сәйкес келіп, түбегейлі жаңғыртушылық қайта құруларды жүзеге асыру қажеттілігінен

тұрды [66].

В.Л. Тамбовцев және оның әріптестерінің [67] жоғарыда аталған ЖИТ аясында жоспарлаудың төрт түрін анықтаған ұстанымы да қызығушылық тудырады:

- 1) жеке тұлға өзінің іс-әрекетін жоспарлайтын өзін-өзі жоспарлау;
- 2) талқылау барысында келісімге келе отырып, жеке тұлғалар тобы қатысушылардың болашақтағы іс-қимылын анықтайтын ұжымдық жоспарлау;
- 3) жеке тұлғалар тобы басқа адамдарға (оның ішінде топтың құрамынан) топтың барлық қатысушыларының болашақ іс-қимыл жоспарын құруды тапсыратын тапсырма бойынша жоспарлау;
- 4) директивалық жоспарлау, жеке тұлғалар тобы әлдекімнің тапсыруынсыз өзге топ қатысушыларының іс-қимыл жоспарын қалыптастыратын директивалық жоспарлау.

Осылайша, мемлекеттік жоспарлау үдерісін жіктеудің түрлі тұжырымдамалық тәсілдері әрекет етеді және олардың ешқайсысын оңтайлы деп есептеуге болмайды, себебі олар мемлекеттік (жалпыұлттық) стратегиялық жоспарлаудың ауқымы мен барлық ерекшеліктерін ескермейді деген қорытынды жасауға болады.

Соңғы жылдары кейбір зерттеушілер (мысалы, А. Бузгалин, А. Колганов) жалпыұлттық жоспарлауды «қайта жүктеу» қажеттілігі жайлы сөз қозғауда [68]. Ғалымдардың пікірінше, «қайта жүктеудің» мәні макроэкономикалық жоспарлауды қолданудан тұрады. Бірақ, мысалы, О.Мамедов, қауіп макроэкономикалық жоспарлаудың өзінде емес, оның іске асырылуымен қатар жүретін объективті салдарларда жатыр деген пікірді ұстана отырып, «қайта жүктеуге» қарсылық танытады. Мамедовтың пікірінше, бұл қауіп, макроэкономикалық жоспарлаудың субъектісі тек мемлекет бола алатынынан туындайды. Мамедов «бастамашыл кәсіпкерлердің бәсекелестігінен күн сайын артып келе жатқан нарықтық экономика ешқашан бекітілген жолмен жүрмейтініне» сенімді [69].

Біз мемлекеттік басқарудағы технологиялық құрылымның өзгеруі стратегиялық болжамдау (немесе макро болжау) мәселесін объективті түрде өзектендірді, себебі ешбір ұйым, тіпті ел түрлі ғылыми бағыттар бойынша ауқымды болжамды зерттеулер жүргізуге қабілетті емес деген пікірді ұстанамыз. Нарықтық экономика жағдайында стратегиялық макроболжамдау жоспарлау кезеңіне дейінгі алдын-ала ғылыми-аналитикалық кезең, жоспарлы шешімдерді дайындаудың зерттеу негізі болып табылады. Макроболжамдау жағдайында жүйелік бірегейліктің сақталуы және кезеңдердің ілеспелілігі байқалады: «ізденушілік болжам - нормативтік болжам стратегиялық жоспарлау - бизнес жоспарлау - перспективалық жоспарлау - ағымдағы жоспарлау - жедел жоспарлау» Осының барлығы сыртқы жағдайлардың тұрақсыздығы мен белгісіздігін ашып, ұйымның жағдайын бақылауға мүмкіндік береді.

Экономикалық сөздіктердің бірінде «болжам» термині (грек тілінен «prognosis») экономикалық жүйенің және экономикалық объектілердің

болашақтағы ықтимал жағдайы жайлы ғылыми негізделген гипотеза ретінде түсіндіріледі [70]. «Болжамдау» болмысы – алдағы уақытты болжау жинақталған тәжірибеге және алдағы уақытқа қатысты ағымдағы болжамдарға негізделген ықтималды жоспарлау әдісі [70, с. 712].

А.И. Орлов болжамдауды танымдық пен басқарушылықтың негізі болатын үлгілеудің ерекшелік түріне жатқызады [71]. Сонымен бірге, әлеуметтік-экономикалық салада, әдетте, біржақты негізделген болжам жасау мүмкін емес. Мұның себептері экономикалық өмірдің түрлі аспектілеріндегі белгісіздікпен анықталады.

Болжам нақты міндеттер мен мақсаттар қоюға болатын аймақтар мен мүмкіндіктерді, жоспарда даму объектісіне айналуы тиіс мәселелерді анықтайды. Онда ұйым қаржысының болашақ дамуының объективті факторларына белсенді ықпал ету нұсқалары қарастырылады.

Әлемдік ауқымда өз позицияларын нығайту үшін әлемде, елде, салада, компанияда ұзақ мерзімді дамудың басымдықтарын сауатты және уақтылы анықтау маңызды. Жаһандық бәсекелестіктің шиеленісуі жағдайында мемлекет инновациялық тауарлар мен қызметтерді жасау және нарыққа шығару, кешенді инновациялық саясатты жүргізу арқылы өзінің бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастырып, нығайтуы тиіс. Осы мақсатта ең перспективалы әзірлемелерді анықтау үшін әлемдік тәжірибеде Форсайт әдіснамасы қолданылады (ағылш. Foresight - болжау, көрегендік, «болашаққа көзқарас»). Форсайт басымдықтар жүйесін қалыптастыруға, маңызды технологияларды дамытуға және перспективалы өнімдерді құруға бағытталған ауқымды ғылыми-зерттеу бағдарламаларын жасауға мүмкіндік береді. Форсайт әдіснамасын әзірлеушілердің бірі Б.Мартин «Форсайт – бұл зерттеудің стратегиялық бағыттарын және көптеген әлеуметтік-экономикалық игілік әкелуге қабілетті жаңа технологияларды анықтау үшін ғылым, технология, экономика және қоғамның ұзақ мерзімді перспективаларын бағалаудың жүйелі әрекеттері» дейді [72].

Әдебиетте Форсайттың бірнеше анықтамалары [73] келтірілген:

Форсайт – бұл қазіргі уақытта қабылданатын шешімдердің сапасын жақсартуға және бірлескен іс-қимылдарды үйлестіруге бағытталған орта және ұзақ мерзімді перспективада болашақ мәртебесін құрудың жүйелі, бірлескен үдерісі (FOREN Guide); бұл қоғам, экономика және қоршаған ортаның өркендеуін қамтамасыз ету үшін ғылым, технология, қоғам және экономиканың болашағына көз жүгіртудің жүйелі әрекеттері (Asia-Pacific Economic Cooperation - Center for Technology Foresight); әлеуметтік-экономикалық және инновациялық дамудың стратегиялық бағыттарын сараптамалық бағалау, орта және ұзақ мерзімді перспективада экономика мен қоғамға әсер етуі мүмкін технологиялық жетістіктерді анықтау (UNIDO) әдістерінің жүйесі.

Экономикалық дамыған елдерде форсайт-зерттеулерде қолданылатын неғұрлым танымал құралдарға келесілер жатқызылады: Дельфи әдісі, сараптамалық панельдер, «сценарийлер» әдісі, технологиялық жол карталары және өзге де әдістер. Осылайша, *Дельфи әдісі* жоғары білікті мамандарды

іріктеуді, ғылым мен технологияның жекелеген бағыттары бойынша сараптамалық панельдер құруды; ұзақ мерзімді перспективада күтілетін әлеуетті ғылыми-технологиялық жетістіктер қолданылатын тақырыптар тізбесін әзірлеуді көздейді. Сарапшылар әр тақырыптың экономика мен қоғам үшін өзектілігін, ресурстар мен кедергілердің болуын бағалайды. Зерттеу нәтижелері әр тақырып бойынша жиынтық бағалауды, сондай-ақ ғылым мен технологияның маңызды бағыттары бойынша аналитикалық шолуларды қамтиды [74].

«Сценарийлер» әдісінің негізгі міндеті - белгілі бір мәселені түсінудің жолын табу. *Сценарий* – бұл болашақтағы ұйымның болжамды жағдайына әкелетін әр түрлі ықтималдығы бар өзара байланысты факторлардан тұратын болашақтағы жағдайдың сипаттамасы [75]. Кейбір жағдайларда сценарийлер құрамына талданатын жағдайдың қалыптасу тарихы енеді. Бұл әдістің ерекшелігі - көпнұсқалық, негізгі сценарийлерді ескере отырып, жағдайды дамытудың бірнеше балама түрлерін бірден қарастыру мүмкіндігі. Заманауи компьютерлік жабдықтарды пайдалану арқылы «сценарийлер» әдісін максималды тиімділікпен және нәтижелілікпен пайдалануға болады. Сценарийлік жоспарлау ұйымның (елдің) даму сценарийлерін әзірлеуді ғана білдірмей, стратегиялық жоспарлаумен тығыз байланысты болады [76].

Технологиялық жол картасы әдісі (Technology Roadmap) салада немесе ірі компанияда технологияларды дамытудың ұзақ мерзімді стратегияларын әзірлеу үшін қолданылады. Кейбір зерттеушілер технологиялық жол карталары (ТЖК) ретінде графикалық құжатты әзірлеуді және оған басқарушылық шешімдерді қабылдауға қажетті ақпараттың енгізілуін қарастыратын ұйымның инновациялық мақсаттарына қол жеткізудің негізгі кезеңдері мен тәсілдерін айқындауға мүмкіндік беретін құрал ретінде қарастырады [77]. ТЖК әдісі сандық көрсеткіштерге емес, жалпы нәтижеге баса назар аударылатын стратегияларды әзірлеуге мүмкіндік береді; стейкхолдерлердің әртүрлі топтарымен (клиенттер, жабдықтаушылар, бәсекелестер, әлеуетті клиенттермен және т.б.) өзара әрекеттесу болжанады; өзгерістер саясатын жүргізу мақсатында ұйымның негізгі қызметкерлерімен және менеджерлерімен жұмыс жүргізіледі.

Алайда, ТМД/ЕАЭО елдерінде макро болжамдауды (Форсайт) және оның әдіснамасын іс жүзінде қолдануда бірқатар мәселелер бар - статистикалық орталықтар тым орталықтандырылған және мемлекеттік құрылымдардан тәуелді, 50-100 емес, тіпті бірнеше жүздеген сарапшыларды тарта алатын тәуелсіз агенттіктер жоқ. Сонымен қатар, іс жүзінде стратегиялық талдауға деген сұраныс жоғары емес. Сондай-ақ, ТМД/ЕАЭО елдеріндегі Форсайттің ізашарына Мемлекеттік жоспар, КСРО Мемлекеттік құрылымы мен ҒА бастамашылдығымен 1972 жылы құрылып, 1990 жылға дейін әрекет еткен «Ғылыми-техникалық прогресс пен оның әлеуметтік-экономикалық салдарының кешенді бағдарламасын» жатқызуға болады. Құжатта ғылым, техника және экономиканы дамытудың негізгі бағыттары, оның ішінде ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық дамудың өңірлік және халықаралық аспектілері қарастырылды. Сондай-ақ, 1972 жылы Д. Медоустың

жетекшілігімен Массачусетс технологиялық институтының зерттеу тобы дайындаған Рим клубының «Өсу шегі» атты алғашқы баяндамасы [78] жарық көріп, баяндама әлемдік ғылыми қоғамдастықта үлкен қызығушылыққа ие болды. Бұл баяндама жаһандану мен «орнықты даму» парадигмасының алғышарты болды.

Шетелдік тәжірибеде кеңінен қолданылған болжамды зерттеулердің жаңа моделі «*ұжымдық болжамдау*» жайлы да атап өткен жөн. Біздің зерттеудің келесі бөлімінде толыққанды қарастырылатын топтық сараптама әдісі және өзге де дәстүрлі әдістермен салыстырғанда «*ұжымдық болжамдау*» (немесе «*ұжымдық ақыл*») моделі өзара байланысты болмайтын түрлі адамдардың тәуелсіз пікірін қолданатын «көпшіліктің даналығынан» тұрады. Модель өте қарапайым, алайда топтық сараптамалық болжаудың субъективизм және болжамдардың төмен дәлдігі сияқты негізгі кемшіліктерін жоюға мүмкіндік береді. «*Ұжымдық болжамдау*» әдісін қолданудың бастамашысы – New Yorker газетінің тілшісі Джеймс Суroveňки. Өзінің «Көпшіліктің даналығы» атты еңбегінде [79] зерттеуші үлкен топпен қабылдаған шешімдердің аздаған сарапшылар қабылдаған шешімдерден әлдеқайда тиімді екенін дәлелдеді. Жаңа әдісті қолдану болжамдардың дәлдігін 90-95%-ға дейін көтеруге мүмкіндік береді. Зерттеушілер көрсеткендей, топтың жиынтық болжамының дәлдігі оның мүшелерінің саны, қабілеті және әртүрлілігінің артуымен жоғарылайды. Фирмалар болжау қиынға соғатын нарықтарды зерттеу кезінде пікірлердің көптігін агрегаттау тетігін жиі қолданады. Сондай-ақ, зерттеушілер тәуелсіз пайымдауларды біріктіру фирмаларда да, мемлекеттік басқаруда да ұжымдық шешім қабылдауды жақсартудың құнды құралы деп есептейді [80]. Даналық қоғамын сарапшылар әлеуметтік желілер мен басқа да онлайн ынтымақтастық құралдарының нәтижесінде үдетілген ұжымдық ақыл идеясының соңғы итерациясы ретінде қарастыра бастады [81].

Қазіргі уақытта Қазақстанда форсайт-зерттеулерге де, «*ұжымдық болжамдау*» моделіне де мемлекет тарапынан да, бизнес тарапынан да қызығушылық туындауда. Алайда, елде мұндай зерттеулер жүргізу тәжірибесі жоқтың қасы, қалыптасқан ұлттық мектептер, сарапшылар, әдістемелер, тиісті технологиялық платформалар жоқ. Осының салдарынан қолданыстағы болжамдаудың сапасы мемлекеттік стратегиялық басқару деңгейіне ықпал етеді.

Егер біз макроболжамдауды мемлекеттік жоспарлауға дейінгі кезеңі ретінде қолдану қажеттілігін қарастыратын болсақ, онда келесі кезеңде стратегиялық жоспарлау қолданылады.

Стратегиялық жоспарлаудың негізгі модельдерін атап өтейік.

Гарвард бизнес мектебінің моделі

Гарвард бизнес мектебінің (Гарвард тобы) моделі кеңінен танымал SWOT-талдау процедурасына негізделген және оны Гарвард ғалымдары жеткілікті ұзақ уақыт бойы әзірлеген (К. Эндрюс, кейде К. Хринстенсенмен бірлесе отырып).

И. Ансофф моделі

Гарвардтық топ әзірлемелерімен бір уақытта И. Ансофф кәсіпорынды дамытудың стратегиялық жоспарын құрудың айрықша моделін ұсынды. Мұнда аталған екі модельдің екі маңызды айырмашылығын ажыратуға болады.

Біріншіден, И. Ансофф Гарвард тобының моделінде ұсынылған жоғары басшылықтың айқын емес құндылықтарымен салыстырғанда формальданған мақсаттар ұғымын қолданады.

Екіншіден, И. Ансофф пікірінше, стратегиялық жоспардың қалыптасуын белгілі бір блок-сызба түріндегі рәсімделген үдеріс түрінде ұсынуға болады. И. Ансофф моделінің «инженерлік бағыттылығы» стратегиялық жоспарды қалыптастырудың әр кезеңінде оны әзірлеумен айналысатын қызметкерлер жоспарлы шешімдер қабылдау үдерісінде ескеруі тиіс факторлардың толыққанды тізімдерінің ұсынылатындығынан көрініс табады. Бұл тізімдерде факторлар белгілі бір салмақ коэффициенттерімен басымдыққа ие тәртіпте орналастырылған. Сонымен қатар, бұл тізімдер әртүрлі диаграммалармен және белгілі бір баламаны таңдау ережелерімен толықтырылған.

Гарвард бизнес мектебінің моделінен айтарлықтай айырмашылық – И. Ансофтың стратегиялық жоспарды қалыптастыру процедурасының интерактивтілігін және оны жүзеге асыру үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін кері байланысты енгізуі.

Г. Стейнер моделі

Г. Стейнер моделінің алғашқы талдамасы оның Гарвард бизнес мектебінің моделіне жақындығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді (жоспарлар мен кері байланыстарды қайта қарау және дамыту блогынан басқа). Сонымен қатар, оны тәуелсіз модель қатарына бөлуге мүмкіндік беретін негізде бар:

Біріншіден, бұл қамтудың жанжақтылығы, жоспарлау үдерісін ұсынудың толықтығы, іс-қимыл нәтижелерін қалыптастыру және нақтылау кезеңдерінің қатаң реттілігі жайлы болжам. Сондықтан Г. Стейнердің моделін жоғарыда қарастырылған екі модельді (Гарвард тобы мен И. Ансофф) біріктіру әрекеті ретінде қарастыруға болады.

Екіншіден, Г. Стейнер өзінің моделінде стратегиялық жоспарды қалыптастыру үдерісін модельдеуде стратегиялық жоспарлаудың (ұзақ мерзімді) орта мерзімді және тактикалық жоспарлаумен байланысын айқын көрсетеді. Олардың ара-қатынасы былай сипатталады: «ұзақ мерзімді - орта мерзімді - тактикалық жоспарлау».

Компанияның нарықтағы экономикалық қызметінің нәтижелеріне факторлардың ықпалын өлшеу, зерттеу және бағалау кеңінен қолданылған экономикалық стратегиялық талдаудың әдістерін қолданумен іске асырылады. Олардың ішінде: PEST-талдау, SWOT-талдау, М. Портердің бес күш моделі бойынша бәсекелестік талдау, теңдестірілген көрсеткіштер жүйесі (ТКЖ), өндірістің өмірлік циклінің және ADL/LS бәсекелестік позицияларының моделі, портфельдік стратегиялық талдау, БКТ матрицасы, Парето диаграммасы әдісі, Ишикава диаграммасы әдісі, И. Ансофтың даму матрицасы, бизнес-үдерістерді модельдеу әдістері және өзгелері.

Алайда, сарапшылар мемлекеттік сектордағы стратегиялық талдау әдіснамасының ажырамас белгілерін анықтаудан тұратын мәселелерге назар аударуда: объектілік; тақырып; субъектілер; даму бағдары; мақсаттар мен міндеттер; рөлдер; тұжырымдамалық-әдіснамалық қағидаттар; терминдер мен анықтамалар жүйесі; объектілерді модельдеу мен алгоритмдеуді қамтитын ғылыми негіздерді анықтау; әдістемелік қамсыздандыру және әдістерді қолданудың негізделген саласын анықтау [82].

Мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың бірінші кезеңінде стратегиялық талдау технологиясына миссиялар мен мақсаттарды әзірлеу, ұлттық экономиканың әлеуетін, климатын (жағдайларын), ұстанымын және бәсекелестік артықшылығын (артықшылықтарын) бағалау кіреді. Стратегиялық жоспарлаудың екінші кезеңі балама және негізгі (эталондық) стратегияларды әзірлеуден, сондай-ақ артықшылықты мақсатты таңдаудан және қабылдаудан тұрады (әдетте әр түрлі типтер мен міндеттер деңгейлерінің жиынтығы). Үшінші кезең таңдалған стратегияны іске асыру бойынша ұйымдастырушылық шараларды көздейді: жоба мен жоспарды әзірлеу, қайта құрылымдау, талдау үдерісін бақылау (мониторинг), шешімдерді іске асыру [83].

Әлемдік тәжірибеде стратегиялық басқару мен жоспарлаудың стандартталған әдістемелері де кеңінен таралған, мысалы, «білім беру ұйымы» тұжырымдамасы, бенчмаркинг, «Алты сигма», жобалық басқару тұжырымдамасы.

Мемлекеттік сектордың заманауи тәжірибесінде ұйымдағы трансформациялар мен қайта құрулардың өмірлік циклінің барлық кезеңдерін қамтитын *жобалық тәсілдеме* кеңінен қолданылуда. Ғылыми әдебиеттерде *жоба* физикалық объектілерді, технологиялық үдерістерді, техникалық және ұйымдастырушылық құжаттарды, материалдық, қаржылық, еңбек және басқа ресурстарды, сондай-ақ айтылғандарды орындау үшін басқару шешімдері мен іс-шараларын мақсатты, алдын-ала қарастырылған және жоспарланған тұрғыдан құру немесе жаңғырту ретінде анықталады [84].

Жобаларды басқарудың ең танымал халықаралық стандарттарының бірі – РМВоК (Project Management Body of Knowledge) - американдық жобаларды басқару институтымен әзірленген жобаларды басқару бойынша білім жиынтығы. РМВоК жобаны басқару үдерістерінің бес тобына негізделген (инициация, жоспарлау, орындау, бақылау, басқару және аяқтау үдерістері). РМВоК-та *жобаларды басқару (ЖБ)* деп жобаға қойылатын талаптарды қанағаттандыру үшін жобадағы жұмыстарда білім, дағдылар, құралдар мен әдістерді қолдану түсініледі [85].

Іске асыру ұзақтығына байланысты дәстүрлі түрде қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді жобаларды бөліп қарастыруға болады. Сонымен қатар, әдебиеттерде көптеген мультижобаларды біріктіретін мегажоба да бөліп қарастырылады. Ол жобалық басшылық пен қаржыландырудың орталықтандырылған жүйесіне ие, жекелеген кешендердің, салалар мен аумақтардың мәселелерін шешуге бағытталған [86].

А.И. Васильев пен С.Е. Прокофьев [87] мемлекеттік секторға тән

жобаларды басқару ерекшеліктерін атап өтті:

- 1) қатаң құқықтық шеңберде қызметті жүзеге асыру;
- 2) жоғары тұрған билік органдарына есеп беру;
- 3) жобаларды бюджеттік ресурстар есебінен қаржыландыру;
- 4) бұқаралық есептілік және қоғамдық бақылау;
- 5) жобалар мақсаттарының өршілдігі;
- 6) мемлекеттік жобалардың жан-жақтылығы, маңыздылығы және ауқымдылығы;
- 7) қаржы қаражатын инвестициялаудан пайда алуға емес, әлеуметтік әсер алуға бағытталу.

Е. Левина әріптестерімен [88] ЖБ функционалды құрылымы тоғыз бөлімнен тұрады деп есептейді:

1. Жобаның интеграциясын басқару.
2. Жоба мазмұнын басқару.
3. Жоба уақытын басқару.
4. Жобаның құнын басқару.
5. Жобаның сапасын басқару.
6. Жоба персоналын басқару.
7. Жобаның коммуникацияларын басқару.
8. Жобаның тәуекелдерін басқару.
9. Жобадағы сатып алуларды басқару.

Бұл функциялардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты, сондықтан жобаларды басқару қолданылу аясынан тәуелсіз түрде интеграцияланған үдеріс болып табылады.

Жеке технологиялық сектордың үлгісіне сүйене отырып, бүкіл әлемдегі үкіметтер жобаларды іске асырудың қолайлы тәсілі ретінде икемді дамуды қолданады. Мұндай ауысу, ең алдымен, бағдарламалық жобалармен шектелуіне қарамастан, қалыптасқан жағдай мемлекеттік органдарға өзгерістерге бейімделе алмайтындар ретінде беделін түсіруге ықпал етеді. АҚШ, Ұлыбритания және Австралияның Ұлттық үкіметтері бағдарламалық камсыздандырудың икемді әзірлемесін қолдайтын нұсқаулықтарды қабылдады. Бразилиядан Сингапурға дейінгі елдер де Agile-ды көптеген мемлекеттік IT-жобаларға енгізуге тырысуда. Мысалы, Ұлыбританиядағы мемлекеттік цифрлық қызмет барлық мемлекеттік мекемелердегі барлық IT-жобаларға қатысты пайдаланушыға бағдарланған тәсілдемені енгізуді қажет етеді.

Мемлекеттік сектордың жобаларды басқарудың икемді әдістеріне қарай жылжуының себептері айқын: Agile-ды қолданатын бағдарламалық камсыздандыру жобалары өздерінің каскадты әріптестерімен салыстырғанда жоғары жетістіктер туралы хабардар етеді, ал Agile-дың ірі бастамаларды шағын басқарылатын блоктарға бөлуге бағытталған бағыты көптеген үкіметтік IT-жобаларға кедергі келтіретін шығындар мен ауқымдар мәселесін шеше алады.

Алайда, танымал Agile әдістемесінің де кемшіліктері бар (әсіресе ірі және күрделі жобаларда қолдану барысында). Сондықтан оны ірі жобаларды іске

асыру барысында Scrum-мен біріктіретін себебі де осында [89]. Екі әдістеменің күшін біріктіру нәтижесінде аралас модель төрт кезеңді қамтыды: бастама, әзірлеу, жобалау, көшу және қағидаттарды бейімдеу. Бұл әдістеме жобаның қажеттіліктеріне сәйкес артефактілерді, рөлдерді реттеуге еркіндік береді, алайда оны кез келген ұйымға қолданбас бұрын жоба мен команданың көлемін ескерген жөн. Әзірлеуге қатысты түрлі тәсілдемелердің жиыны саладан тәуелсіз жүзеге асырылуы мүмкін [90].

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) шеңберіндегі жобалар да айтарлықтай ерекшеліктерге ие. МЖӘ тұжырымдамасының ғылыми-теориялық негіздемесін Харви Лейбенстайн әзірлеген X-тиімділік теориясынан байқауға болады. Оның идеясының мәні: мемлекеттің ресми қаржылық және ақша-несие саясатының құтқару немесе сәтсіздікке ұшырау мүмкіндігін шектеу үшін мүмкіндігінің жеткілікті түрде қаншалықты тиімді болғанша, жұртшылық, мекемелер немесе кәсіпорындар сәтсіздікке ұшырай алмайды. Өз кезегінде, мемлекеттік мекемелердің кемшіліктері Үкіметтің бизнес істеріне, мемлекеттік құрылымдарға шамадан тыс араласуынан көрініс табады (әдетте бюрократиялық). Демек, мемлекеттік-жекешелік әріптестік өзінің бәсекеқабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында серіктестердің нарықтық күштерге әрекет етуі үшін қажет.

Қазіргі уақытта МЖӘ тетігі көлік жобалары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (сумен жабдықтау және кәріз жүйелері) саласында, әлеуметтік қызметтер көрсету, мектептер салу және өзге де қызметтер үшін кеңінен қолданылады. Бірақ МЖӘ-нің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ерекше назар аудару керек. Бұл мәселеге қатысты көптеген ғылыми басылымдар да бар. Серіктестік тараптардың ізгі ниеті мен ашықтығын көздейтіндіктен, МЖӘ үшін басты қауіп - құқықтық нормалардың сыбайлас жемқорлыққа ұшырауы, әріптестік ашықтығының болмауы, мемлекеттік аппараттағы сыбайлас жемқорлық, бизнеске шенеуніктерді тарту (әсіресе жергілікті деңгейде), осы аталғанның барлығы әлемдік тәжірибеде көрініс тапты. МЖӘ үдерісіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері адал бәсекелестіктің ережелері мен шарттарынан тыс қоғам мен мемлекет өмірінің түрлі салаларында нақты жеке және топтық мүдделерді тікелей немесе жанама ілгерілету мақсатында биліктің «реттеуші ресурсын» пайдалану барысындағы құқық бұзушылықтар түрінде көрініс табады.

Заманауи мемлекеттің алдында әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғыртуды көздейтін халықтың өмір сүру сапасын арттырудың стратегиялық міндеті тұр. Осы мақсатта жекеменшік капиталдың инновациялық және инвестициялық белсенділігін ынталандыру құралдарын белсенді іздеу жүзеге асырылуда. Мұндай құрал ретінде көптеген сарапшылар мемлекеттік-жекешелік әріптестік тұжырымдамасын қолдануды ұсынады. Бірақ мемлекеттік сектордың ең күрделі мәселелерінің бірі болып МЖӘ жобаларының іске асырылуын бақылауды қамтамасыз ету болып қала береді және аталған мәселе әзірше әлемнің ешбір елінде оңтайлы шешім таппай отыр. Әдетте, ірі жобаларды іске асыру барысында анықталған құқық бұзушылықтар залалды

жасыру немесе толтыру мүмкін болмаған кезде кейіннен ғана анықталады. «Табиғи сыбайлас жемқорлықтың» классикалық мысалы - Берлиндегі В. Брандт атындағы әуежай құрылысы. Мұнда бастапқы құрылыс сметасы 10 есеге артып, ал объектіні іске қосу мерзімдері бірнеше рет бұзылған. Сондай-ақ, Сочидегі (Ресей) Олимпиада-2014 және Қазақстандағы «ЭКСПО-2017» құрылысындағы сыбайлас жемқорлық фактілері де осыған мысал бола алады.

Стратегиялық менеджменттің әлемдік ғылымда кеңінен танылған құралы - *Теңдестірілген көрсеткіштер жүйесі* (ТКЖ – ағылш. Balanced Scorecard, BSC). ТКЖ қолда бар материалдық, еңбек, зияткерлік, инновациялық ресурстардағы өндірістік мүмкіндіктерді жан-жақты бағалауға және салыстыруға мүмкіндік береді, жоспарлардың қаржылық құраушысын және өзара байланысты көрсеткіштердің келісімділігін қамтамасыз етеді. ТКЖ стратегияны тарату тетігі мен тілін білдіреді; бағалау критерийлері арқылы ол қызметкерлерді дәл осы кезде және болашақта алуға болатын табыстың болашақта ықпал ететін факторлары туралы хабардар етеді [91]. Сонымен қатар, ТКЖ көрсеткіштер санының көптігіне байланысты тұтастай мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда емес, тек жекелеген мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерде қолданыла алады деп есептейміз.

Соңғы жылдардағы мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың ғылыми мәселелері құқықтық, ұйымдастырушылық және қаржылық мәселелердің кең ауқымын қамтуда, соның ішінде: жоспарлау үдерісін заңнамалық қамсыздандыру [92]; стратегиялық контроллинг [93], мемлекеттік бағдарламаларды стратегиялық жоспарлау құралы ретінде қалыптастыру және іске асыру саласындағы мемлекеттік аудиттің рөлі [94]; МЖЖ өңірлік және салалық реттеуді [95] және өзге де мәселелер.

Мемлекеттік (жалпыұлттық) жоспарлау жайлы тұжырымдамалар мен ережелерді қамтитын зерттеулердің үлкен көлеміне қарамастан, Қазақстанда мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың бірыңғай жалпыға бірдей танылған әдіснамасының болмауы жағдайында мемлекеттік сектордың ұлттық ерекшелігіне бейімделмеген шетелдік авторлардың теориялық және эмпирикалық зерттеулерінің нәтижелерін пайдалану қазақстандық ұйымдар мен мекемелердің стратегиялық жоспарларын қалыптастыру тәжірибесінде белгілі қиындықтар тудырады. Алайда, жоғарыда аталған тәсілдемелер, әдістер мен көрсеткіштердің аралас түрде стратегиялық маңызды квазимемлекеттік ұлттық компанияларда табысты қолданыла алатынын да ескерген жөн.

Бұдан әрі ғылыми зерттеулерді мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың әдіснамалық базасы ретінде пайдаланатын шетелдік тәжірибесін және оны Қазақстан тәжірибесіне бейімдеу мүмкіндігін қарастырайық.

1.3 Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді қолданудың шетелдік тәжірибесінің бенчмаркингі

Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді қолданудың шетелдік тәжірибесін талдау барысында ғылымның мемлекет үшін басты құндылығы неде? деген сұрақ туындайды. Бұл сұрақтың жауабын,

мысалы, сол құбылыстардың табиғатын түрлі көзқарас тұрғысынан түсіндіретін көптеген парадигмалар бар деп есептейтін Т.Кунның еңбектерінен табуға болады, алайда болашақта бәсекелес парадигмалардың бірін дұрыс таңдауға мүмкіндік беретін белгілі бір «ойын ережелерін» қалыптастырудың да маңыздылаған атап өткен жөн [96].

Философиялық сөздіктердің бірінде «ғылыми зерттеу» термині «жаңа ғылыми білімді дамыту үдерісі, танымдық іс-әрекеттің бір түрі» ретінде анықталады [97]. Ғылыми зерттеудің өзіндік құрылымы болады, онда эмпирикалық іс-әрекет пен теориялық ойлаудың түрлі процедуралары жүзеге асырылады, олар бір мақсатқа, яғни айналамыздағы объективті әлем туралы жаңа ақпарат алуға ұмтылуда бірін-бірі толықтырады [98]. Ғылыми зерттеудің негізгі белгілеріне келесілер жатқызылады [99]:

- 1) объективтілік, ұдайы өндіру, дәлелділік, нақтылық;
- 2) жаңа ғылыми білімді дамытуға бағыттылық;
- 3) дүниетанымдық, философиялық және ғылыми негіздер;
- 4) мемлекетпен және құқықпен тікелей байланыс;
- 5) логикалық;
- 6) жүйелілік және кешенділік;
- 7) ғылыми зерттеудегі тарихи және логикалық бірлік.

Міне, сондықтан ғылыми білім өзге танымдық стратегиялармен салыстырғанда өз ұсыныстарының эмпирикалық дәлелденуін талап етеді [100]. Эмпирикалық дәлелдеу – бұл іргелі ғылым негізінде ұсынылған теориялық ережелерді верификациялау, негіздеу, бағалау және түзету процедураларымен байланысты ұзақ мерзімді үдеріс.

Мемлекеттік сектордағы стратегиялық басқару мен жоспарлау тәжірибесінде ғылыми қамсыздандыру мәселесіне көптеген елдердің ғалымдары жүгінгеніне қарамастан, ғылыми қамсыздандыру толығымен айқындалған жоқ.

Көптеген елдердің үкіметтері өзекті және перспективалы ғылыми бағыттарды қолдай отырып, жыл сайын ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге (ҒЗТҚЖ) орасан зор қаражат бөледі. Бірақ барлық елдерде ҒЗТҚЖ нәтижелерін тәжірибеге енгізу тетіктері әзірленбеуі дамудың тежеуші факторы болып отыр. Заманауи экономикалық, әлеуметтік және гуманитарлық үдерістерді зерттеу үшін ҒЗТҚЖ нәтижелерін пайдаланудың маңызды себебі қоғамның күрделі және динамикалық, үнемі жаңарып отыратын құбылыс болуынан, ал экономиканың қоғамның жаңа қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік беретін адам мінез-құлқы индикаторларының жиынтығы болуынан тұрады.

Цифрлық дәуірдің басталуымен мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді қолдану қажеттілігі ерекше маңызға ие болды, себебі ғылым «орнықты даму» деп аталатын шартты ұстана отырып, барлық технологиялық прогрестің негізіне қаланды. Ғалымдардың заманауи қоғамда шындықты жеткізушілер және әзірлеушілер ретінде қабылдануы олардың және ғылымның қоғамдағы мәртебесін арттыруда.

Диссертациялық жұмыстың бұл бөлімі мемлекетпен көрсетілетін

қызметтердің сапасы, тиімділігі және нәтижелілігіне қол жеткізу үшін бар күш-жігерін салатын мемлекеттік жоспарлауды жақсарту құралы ретінде мемлекеттік сектордағы салыстырмалы талдауға қатысты қызығушылықтың бір бөлігі болып табылады. Бұл логикаға біздің мақсатымыз үйлестірілген - мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді пайдаланудың шетелдік тәжірибесін зерделеу және оны Қазақстан жағдайында бейімдеу мүмкіндіктерін анықтау. Осы тұрғыда бенчмаркингті автор басқа елдің жағдайына бейімдеу үшін оңтайлы және қолайлы деп санауға болатын белгілі бір жетістіктерге қол жеткізген кейбір елдердің тәжірибесіне қатысты мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді пайдалану тәжірибесін салыстырмалы талдау ретінде түсінеді. Кең мағынада бенчмаркинг - бұл жалпы жетілдіру үдерісі, оның барысында кез-келген ұйымдық жүйе кем дегенде үш процедураны қамтиды:

1) өз нәтижелерін осы қызмет саласындағы көшбасшылардың көрсеткіштерімен салыстыру;

2) көшбасшылардың өз позицияларына қалай қол жеткізгенін анықтау;


3) алынған ақпаратты өз жұмысын жетілдіру үшін пайдалану.

Мемлекеттік стратегиялық жоспарлау мақсаттары үшін бенчмаркинг әдісі басқа елдерде табысты іске асырылған тәсілдерді тереңірек түсіну және қолдану негізінде жоспарлаудың баламалы нұсқаларын бағалауға, стратегияларды әзірлеуге және жоспарлаудың тиімділігін арттыруға бағытталған айтарлықтай жаңа бағыт болып табылады.

Егер мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді қолданудың шетелдік тәжірибесіне жүгінетін болсақ, онда түрлі елдерде көрсеткіштің әртүрлі болатынын және оның көбінесе белгілі бір елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне, ғылыми саланың жағдайы мен даму динамикасына, жаһандық мақсаттарды ұстануына, қоғамдық әкімшіліктердің мақсаттар сапасына және басқа да бірқатар факторларға байланысты болатынын айта кету керек.

АҚШ-та 2019 жылы R&D-ге мемлекеттік бюджеттен 118 млрд.доллар бөлінді, бұл елдің ЖІӨ-нің шамамен 1,3% құрайды. 2020 жылы ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға \$134 млрд. доллар, ал 2021 жылы – 142 млрд. доллар жоспарланған және бұл АҚШ-тағы үлесі ЖІӨ-нің 1,5-1,6%-н құрайтын жеке инвестицияларды есепке алмағандағы қаражат сомасы.


Еуропалық Одақтың статистикалық қызметінің (Eurostat) мәліметтеріне сәйкес, 2019 жылы ЕО-ға мүше мемлекеттер ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге 306 млрд.евродан астам соманы немесе ЖІӨ-нің 2,19% (жеке инвестицияларды есепке алмағанда) жұмсаған. 2019 жылы R&D-ға ең жоғары шығындар Швецияда (ЖІӨ-нің 3,39%), Австрияда (ЖІӨ-нің 3,19%) және Германияда (ЖІӨ-нің 3,17%) орын алды [101] (2-сурет).



Сурет 2 – Әлемнің жекелеген елдерінде ЖІӨ-гі ҒЗТКЖ-ға бөлінген шығыстар

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [101, 1986 б.]

Ғылыми саланы бағалау индикаторларының бірі – елдің «ғаламдық зерттеу фронттарына» қатысуы (белгілі бір уақытта мақалаларда бірлескен дәйексөз фактісімен біріктірілген мақалалар кластері). Ресейлік ғалымдардың пікірінше, жаһандық зерттеу фронттарына қатысу әлемдік күн тәртібіне интеграциялану деңгейін анықтауға және қаржылық ресурстар мен ғылыми кадрларды даярлауға бағдарланған бағыттарды анықтауға мүмкіндік беретін ғылыми әлеуеттің негізгі сипаттамаларының бірі болып табылады. 2021 жылдың қаңтарында Жоғары экономика мектебінің статистикалық зерттеулері және білім экономикасы институтымен (Ресей) жарияланған зерттеуге сәйкес, 2020 жылы жаһандық зерттеу фронттарында жоғары үлеске АҚШ (66,58%), Қытай (51%), Ұлыбритания (35,87%) ие болды [101, 1987 б.] (3-сурет).



Сурет 3 – Ғаламдық зерттеу фронттарының жалпыәлемдік санатындағы жекелеген елдердің үлесі, 2020 (%)

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [101, 1987 б.]

Түрлі елдердің қолданыстағы ұлттық жоспарлары арасында ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар. Мысалы, ұқсастықтар, көптеген елдердің мемлекеттік әкімшіліктерінің Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) стратегиялық басымдықтарына (мысалы, «орнықты даму мақсаттары», «жасыл экономика», «климаттың өзгеруі», «цифрландыру»), сондай-ақ түрлі халықаралық және ғылыми-зерттеу ұйымдарының ұсынымдарына, баяндамалары мен есептеріне бағдарлануынан көрінеді.

Ұлттық жоспарлардың айырмашылықтары келесіден байқалады: жоспарлау туралы заңнаманың нормалары, мемлекеттік басқару органдарының (олардың арнайы департаменттерінің) әдістемелік әзірлемелері, бекітілген жоспарлау регламенттері, жоспарлау шеңбері (3 жылдан 30 жылға дейін), құрылымы, көлемі, мазмұны, жоспардың нақтылану дәрежесі, мемлекеттердің стратегиялық мақсаттары және өзге де параметрлері.

Мысалы, Еуропаның тәжірибесін талдай келе, 1990 жылдардың соңында Еуропалық комиссия (Еуропалық Одақтың атқарушы билігінің жоғары органы) сол кезде ЕО-ға мүше 15 елді қамтитын «Кеңістіктік жоспарлау жүйелері мен саясаты бойынша ЕО жинағын» жариялағанын атап өту керек. Кейіннен ЕО 28 мүше мемлекетке дейін кеңейіп (қазір 27 мүше мемлекет), жалпы еуропалық аумақтық және бірлік саясатында айтарлықтай өзгерістер орын алды. Қазіргі уақытта аумақтық басқару және кеңістіктік жоспарлау жүйелері мүше елдер мен серіктес елдер (Исландия, Лихтенштейн, Норвегия және Швейцария) арасындағы интеграцияланған салааралық даму стратегиялары мен саясатты іске асыру тетіктерінің маңызды құрамдас бөліктерінің біріне айналды.

2016 жылдың 26 мамырында Еуропалық Комиссиямен қабылданған ESPON 2020 (ESPON 2020 Cooperation Programme [102]) ынтымақтастығының әрекет етуші бағдарламасы барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен саясаттың өзге де қатысшыларына деректерді беру, білімді беру және саясатты зерттеу арқылы даму мен ынтымақтастықта еуропалық аумақтық өлшемді ілгерілету және нығайтуға бағытталған. ESPON 2020 ынтымақтастық бағдарламасының мақсаты - еуропалық құрылымдық Инвестициялар қорлары шеңберінде ЕО-ны біріктіру саясатының және басқа да салалық саясаттар мен бағдарламалардың тиімділігін арттыруды қолдау, сонымен қатар ЕО-ға мүше 27 мемлекеттің, сондай-ақ серіктес мемлекеттердің аумағын қамтитын аумақтық дәлелдемелерді әзірлеу, тарату және ілгерілету арқылы ұлттық және өңірлік аумақтық даму саясаттарын қолдау.

ЕО-ның 2019-2024 жылдарға арналған стратегиясы шеңберінде [103] Еурокомиссия 6 басымдықты анықтады:

1. Еуропадағы жасыл мәміле.
2. Адамдар үшін жұмыс істейтін экономика.
3. Цифрлық дәуірге жарамды Еуропа.
4. Біздің еуропалық өмір салтымызды насихаттау.
5. Әлемдегі неғұрлым мықты Еуропа.
6. Еуропалық демократияға жаңа серпін.

ЕО-ның жалпы саяси мақсаттары оның институттарымен бірлесіп

әзірленеді. Алдағы жылдардағы Еуропаның іс-қимылдары 2021 жылға арналған бірлескен декларацияда және 2020-2024 жылдарға арналған саяси мақсаттар мен басымдықтар туралы бірлескен қорытындыларда баяндалған заңнамалық басымдықтармен айқындалатын болады. Бұл құжаттар климаттың өзгеруі мен цифрлық технологияларды ескере отырып, COVID-19 пандемиясынан кейін Одақтың қалпына келуіне ықпал етуге бағытталған. Институттар 2024 жылға дейін өміршеңдігін қалпына келтіру үшін өршіл саяси және заңнамалық күн тәртібін әзірлеуге келісті. 2021 жылы ЕО мекемелері келесілерге айрықша назар аударатын болады: еуропалық жасыл мәмілені іске асыру; Еуропаның цифрлық онжылдығын қалыптастыру; Еуропаны әлемде күшті одақ ете отырып, адамдарға бағдарланған экономиканы құру; еркін және қауіпсіз Еуропаны ілгерілету; демократияны қорғау және нығайту, сондай-ақ жалпыеуропалық құндылықтарды қорғау.

ЕО-да стратегиялық жоспарлау кезеңі 5 жылды құрайды, стратегиялық жоспарлар жүйесі ауқымды және салалық жоспарлар кешенін қамтиды, оның ішінде: 2020-2024 жылдарға арналған Стратегиялық жоспар – Ауыл шаруашылығы және ауылдық аумақтарды дамыту (Strategic plan 2020-2024 – Agriculture and Rural Development); 2020-2024 жылдарға арналған Стратегиялық жоспар - Бюджет (Strategic plan 2020-2024 – Budget); 2020-2024 жылдарға арналған Стратегиялық жоспар - Климаттық шаралар (Strategic plan 2020-2024 – Climate Action); 2020-2024 жылдарға арналған Стратегиялық жоспар - Коммуникация (Strategic plan 2020-2024 – Communication); 2020-2024 жылдарға арналған Стратегиялық жоспар - Коммуникациялық желілер, контент және технологиялар (Strategic plan 2020-2024 – Communications Networks, Content and Technology); 2020-2024 жылдарға арналған Стратегиялық жоспар - Еуростат (Strategic plan 2020-2024 – Eurostat) және т.б. [104]. Жоспарлар ЕО-ға мүше елдердің барлық тілдерінде жарияланады.

ЕО-ның стратегиялық жоспарларының құрылымы, әдетте, кіріспе, миссия, негізгі мақсаттар, нысаналы топтар, басымдықтар, нақты мақсаттар, бюджет, басқарушы орган сияқты элементтерден құралады. Яғни, бұл құрылым іс жүзінде жеке корпорацияларда қабылданған стратегиялық жоспарлардың құрылымымен сәйкес келеді.

Еуропадағы мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандыруда жоғары оқу орындары (көбінесе университеттер), үкіметтердің немесе үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) тапсырысы бойынша жобаларды әзірлейтін (немесе ғылыми зерттеулер жүргізетін) ғылыми-зерттеу институттары, сондай-ақ мамандандырылған ғылыми басылымдар маңызды рөл атқарады. Осылайша, Еуропада кеңістіктік даму үдерістері мен саясаты туралы идеялар мен ақпаратқа арналған форум функциясын «European Planning Studies» журналы атқарады. Ғылыми басылым теориялық, эмпирикалық және саяси сипаттағы мақалаларды жариялай отырып, үдерістер туралы білімді практикалық ұсыныстармен, саясатты жүзеге асыру және бағалаумен біріктіруге айрықша назар аударады. Салыстырмалы талдау ерекше мәнге ие болса да, елге, аймаққа немесе өңірге тән мәселелерге көп көңіл бөлінеді.

Журналдың ерекшелігі - кеңістіктік дамуды жоспарлау саласындағы саясатты тұжырымдау туралы ақпаратты жалпылау және осы саладағы озық тәжірибені талдау. Мысалы, «мемлекеттік стратегиялық жоспарлау» (state strategic planning) мәселесі бойынша журналдың базасында 2 мыңға жуық мақала табылды [105].

Ұлттық деңгейдегі ЕО-ға мүше нақты елдердің стратегиялық жоспарлау тәжірибесіне баға бере отырып, оның Одақтың жалпы стратегиялық мақсаттарына сәйкес келетіндігі анықталды. Бірақ оның әрдайым ұлттық ерекшелігі болады. Мысалы, әлемдік экономикаға терең интеграцияланған шағын еуропалық елдер тобына жататын Финляндияның стратегиялық жоспарлауында ұлттық экономикаға жоғары деңгейде ықпал ететін сыртқы факторларға ерекше мән беріледі. Осыған байланысты Финляндия Премьер-Министрі кеңсесінің тапсырысы бойынша елдің жетекші сарапшыларының күшімен әлемдік экономика мен жаһандандудың заманауи тенденцияларына шолулар дайындалуда. Шолулардың мақсаты - елдің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын таңдаудың тұжырымдамалық тәсілдемелерін қалыптастыру. Көптеген елдер үшін болжамды әзірлемелердің жалпы әдіснамалық негізімен қатар, Финляндияның өзіндік ерекшеліктері де бар. Мұнда Үкімет басшысының тапсырысы бойынша әртүрлі ғылыми мектептер мен ұйымдарды білдіретін ең беделді тәуелсіз сарапшылардың ауқымды зерттеуді дайындау фактісі маңызды. Осы зерттеулердегі жалпы қабылданған бөлімдермен қатар, авторлар елдің әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыра алатын алғышарттарды толыққанды талдауға баса назар аударады [106].

Германияда мұндай жалпыұлттық жоспарлау қолданылмайды. Алайда, өңірлік және салалық деңгейлерде стратегиялық жоспарлау құралдарын қолдану айқын байқалады.

Соңғы жылдары Ресей Федерациясы (РФ) мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандыруда алға қарай біршама ілгеріледі. Ресейде федералды деңгейде әзірленген стратегиялық жоспарлау құжаттарына келесілер жатқызылады: РФ Президентінің РФ Федералды жиналысына жыл сайынғы Жолдаулары; әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы; болжамдар; ұлттық жобалар; ұлттық қауіпсіздік стратегиясы; мемлекеттік саясат негіздері, доктриналар, ғылыми-технологиялық даму стратегиясы, стратегиялық жоспарлаудың салалық құжаттары; елдің кеңістіктік даму стратегиясы; макроөңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиялары, мемлекеттік бағдарламалар және өзге де құжаттар. Алайда, құқықтық актілердің басым көпшілігіне қарамастан, әзірше елдің 2030 жылға дейінгі кезеңге даму перспективаларын анықтайтын өзара байланысты құжаттар пакетін қалыптастыру мүмкін болмады [107].

Стратегиялық жоспарлау және басқару үдерістерінің негізі болып табылатын нормативтік құқықтық актілердің негізгі базасы Ресейде 2015-2017 жылдар аралығында қалыптасты. Қазіргі уақытта ол 20-дан астам негізгі заңнамалық актілерден құралады. Ресейдегі МСЖ-ны реттейтін негізгі құжаттарға келесілер жатқызылады: Ресей Федерациясының 2014 жылғы 28

маусымдағы №172-ФЗ «Ресей Федерациясындағы стратегиялық жоспарлау туралы» Федералдық заңы [108] (№172-ФЗ Заңы) және Ресей Федерациясы Президентінің «Ресей Федерациясының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған ұлттық даму мақсаттары туралы» 2020 жылғы 21 шілдедегі №474 Жарлығы (№474 Жарлық) [109].

№172-ФЗ Заңына сәйкес стратегиялық жоспарлау – бұл мемлекет пен қоғамның тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешуге бағытталған стратегиялық жоспарлауға қатысушылардың Ресей Федерациясының әлеуметтік-экономикалық дамуын, Ресей Федерациясының субъектілері мен муниципалитеттерін, экономика салалары мен мемлекеттік және муниципалды басқару салаларын, Ресей Федерациясының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мақсатты анықтау, болжамдау, жоспарлау және бағдарламалау бойынша қызметі.

Нормативтік құқықтық қамсыздандырудың айтарлықтай дамуына қарамастан, іс жүзінде Ресейде стратегиялық жоспарлаудың сапасы мен стратегиялық жоспарлардың іске асырылу сапасы жоғары деңгейде емес. Ел экономикасын дамытудың стратегиялық жоспарлары мен ұзақ мерзімді жоспарлары бойынша 75 жылдан астам тәжірибесі бар, сондай-ақ оларды іске асырудың бірегей тәжірибесіне ие Ресей Федерациясы соңғы 20 жылда тым үлкен жетістіктерді көрсетіп отырған жоқ. Осылайша, 2000 жылы Стратегиялық әзірлемелер орталығымен (СЭО) жылына ЖІӨ-нің кемінде 5%-ға өсу міндетін көздеген алғашқы жалпыұлттық «Ресей Федерациясының 2010 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы» («Стратегия-2010») әзірленіп, ұсынылды. Осы кезеңде ЖІӨ өсім қарқынына ие болды, алайда оған 2010 жылғы Стратегияда белгіленген тетіктер есебінен емес, көмірсутектердің бағасы есебінен қол жеткізілді.

2008 жылы Ресей Федерациясының Үкіметімен «Тұжырымдама-2020» әзірленіп, бекітілді. Аталған құжатта 2020 жылға қарай білім беру шығындары ЖІӨ-нің 6,5-7%-на, ал денсаулық сақтау шығындары 6,7-7%-ға дейін өсетіні жарияланды. Бірақ 2008-2009 жылдардағы әлемдік қаржы дағдарысы орын алып, «Тұжырымдама-2020» қолданысын тоқтатты. Үкімет жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізу мүмкін болмайтыны белгілі болғандықтан стратегиялық бағдарларды жаңарту туралы шешім қабылдады (анықтама үшін: 2020 жылдың қорытындысы бойынша білім беру шығындары ЖІӨ-нің 3,7%-н құрады, бюджеттің жалпы шығыстарындағы денсаулық сақтау шығындарының үлесі 5,3%-дан аспады).

«Тұжырымдама-2020» құжатының жаңа нұсқасы – 2011 жылы қабылданған «Стратегия 2020: өсудің жаңа моделі – жаңа әлеуметтік саясат». Аталған құжат «Жоғары Экономика мектебі» ұлттық зерттеу университеті (ЖЭМ ҰЗУ) және Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы (РХШМҚА) сияқты екі жоғары оқу орнының өкілдерінен құралған ресейлік сарапшылардың үлкен тобымен үш жылға жуық уақытта әзірленді. Бас жауапты әзірлеушілер болып ЖЭМ ҰЗУ және РХШМҚА басшылары Я. Кузьмина мен В. Мау бекітілді. «Стратегия-2020» даярлау аясында елдің

түрлі жоғары оқу орындарынан 1000-нан астам сарапшылар мен сала мамандары қатысып, баяндамаларды талқылау, тақырыптық семинарлар, жобалар мен әзірлемелер бойынша пікірталастар, әлеуметтік сауалнамаларды жоспарлау және ұйымдастыру және т.б. үшін ондаған кездесулер өткізілді. 21 сараптамалық топ құрылды, жұмыс тақырыптары әлеуметтік саясаттан бастап посткеңестік кеңістіктегі интеграцияға және табиғи монополияларды реформалауға дейін түрлі бағыттарды қамтыды. Әзірлеушілермен «дұрыс» мақсаттар анықталып, міндеттер тұжырымдалып, 2020 жылға қарай қол жеткізуге болатын сандық бағдарлар анықталғанымен (нақты ЖІӨ-нің жылдық өсімі – 5,8%; еңбек өнімділігінің 40-41%-ға өсуі; халықтың нақты табысының 53-54%-ға артуы), экономика мен қоғам алдында тұрған мәселелер мен сын-қатерлер сарапшылармен толыққанды талданбады. Нәтижесінде, «Стратегия 2020» мақсаттарының басым бөлігі белгіленген мерзімде орындалмады. «Стратегия 2020: өсудің жаңа моделі – жаңа әлеуметтік саясат» атауына қарамастан, 850 парақтан құралатын көлемді құжатта өсудің жаңа моделі байқалмады. Екінші жағынан, «Стратегия-2020» жетістіктерінің бірі – алдыңғы стратегиялық құжаттарда көрініс таппаған «созылмалы», «тоқырау», «экстремалды» кейпіндегі кедейлік сияқты әлеуметтік құбылыстың талдануы. Сарапшылардың пікірінше, 2009 жылы Ресей халқының 7%-ы ең төменгі тұтыну қоржынында қарастырылған калорияны тұтыну мөлшері шеңберінде жеткілікті тамақтанбаса, ал 2%-ы аш жүрген. 2010 жылы кедейліктің катализаторы ретінде сарапшылар еңбек нарығындағы жағдай мен кедейлерді әлеуметтік қолдаудың әлсіздігін атады: табыс тапшылығының 35%-ы жалақының төмендігіне байланысты; 6%-ы тіркелген жұмыссыздарды қолдаудың әлсіздігімен байланысты; 22%-ы – еңбекке қабілетті халық тобында жұмыстың болмауымен байланысты; 25% – балалары бар отбасыларды әлеуметтік қолдаудың әлсіздігі; 12% – қалған факторларға байланысты. Сарапшылар қолданыстағы әлеуметтік қолдау жүйесінде экономикалық жағдайдың нашарлауы жағдайында төтенше кедейліктен қорғауға кепілдік беретін тетіктердің жоқ екенін атап өтті. Мұндай тетіктер бүгінгі күні де әзірленбеді.

Негізгі стратегиялық құжаттардың ғылыми пысықталуының жеткіліксіздігі, олардың іске асырылу деңгейінің төмендігі, 2014-2020 жылдарда Батыс елдерінің Ресейге қарсы санкциялардың бірнеше пакетін енгізуіне байланысты туындаған жағдайлар, сондай-ақ түсінікті «Стратегия-2030» құжатының болмауы стратегиялық мақсат қою үдерісін қайта қараудың негізгі факторларына айналды. Нәтижесінде ел президенті В.В. Путиннің «Ресей Федерациясының 2030 жылға дейінгі кезеңдегі ұлттық даму мақсаттары туралы» №474 Жарлығы қабылданды. Аталған құжатта «Халықты, адамдардың денсаулығы мен әл-ауқатын сақтау» туралы сөз қозғалды. Дамудың ұлттық мақсаттарының қатарына №474 Жарлық келесілерді де жатқызды: өзін-өзі жүзеге асыру және дарындарды дамыту мүмкіндіктері; өмір сүру үшін жағдайлы сонымен қатар қатерсіз орта; лайықты, тиімді еңбек және табысты кәсіпкерлік; цифрлық трансформация.

№474 Жарлығына сәйкес 2020 жылы Ресей Федерациясының Министрлер Кабинеті Ресейдің 2024 жылға дейінгі және 2030 жылға дейінгі жоспарлы кезеңдегі стратегиялық басымдықтарын анықтайтын ұлттық даму мақсаттарына қол жеткізудің бірыңғай жоспарының жобасын әзірлеуге кірісті. Құжат 2021 жылы наурызында жарияланды [110]. Құжаттың пайда болуының негізі – жаңа коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты жаһандық сын-тегеурін. Сонымен қатар, маңызды сын-тегеуріндердің қатарына келесілер жатқызылды: демографиялық сын-тегеуріндер, технологиялық сын-тегеуріндер, әлеуметтік әділеттілік, өмір сүру үшін қоршаған ортаның жайлылығы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды арттыру. Әзірлеушілердің пікірінше, «Бірыңғай жоспар - бұл ұлттық даму мақсаттарына, соның ішінде Ресей Федерациясының ұлттық жобалары мен мемлекеттік бағдарламаларына қол жеткізудің егжей-тегжейлі жоспарлары мен кестелерін құрудың негізгі құжаты». Осыдан шығатын қорытынды: бірыңғай жоспар елдің 2030 жылға дейінгі дамуына жалпы, стратегиялық көзқарас береді. Алайда, жобаның кейбір ережелері сұрақтар туындатады. Мысалы, Ресей үшін алдағы онжылдықтағы сын-қатерлер арасында келесілер жатқызылады: Ресейге қарсы санкциялар мен «ақпараттық соғыстың» болмауы, НАТО елдерінің әскери контингентінің ел шекараларына жақын шоғырлануына байланысты ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіптердің күшеюі; мемлекеттік және коммерциялық құрылымдардың ақпараттық жүйелеріне кибершабуылдардың көбеюі; халыққа да, ауылшаруашылығына да, түрлі өңірлердегі экожүйелерге де елеулі зиян келтіруі мүмкін климаттық жағдайлардың күрт өзгеруі; халықтың тұтынушылық сұранысы мен халықтың нақты табысының төмендеуі; Ресейдің шетелдік инвестициялар мен иммиграция үшін төменгі тартымдылығы, Ресейдің Украинадағы арнайы әскери операциясының салдары, жұмылдыру, АТ секторы мамандарының жаппай кетуі және басқалары. Сонымен қатар, жобаны әзірлеушілер ұлттық мақсаттарды іске асыруды басқарудың барлық болашақ жүйесі цифрлық орта төңірегінде қалыптасуы керек деп санайды. Бірақ цифрландырудың өзі экономикалық өсуге және әлеуметтік теңсіздік мәселесін шешуге және дағдарыстық үдерістерді жоюға қабілетсіз, ол үшін экономикалық және құқықтық өзге де тетіктер талап етіледі, мысалы: іскерлік белсенділікті салықтық ынталандыру шаралары, ҚҚС мөлшерлемесін төмендету, салық салынбайтын кірістердің минимумын енгізу, салық салудың толыққанды прогрессивті шкаласын енгізу және т.б.

Жаңа жобадан Үкімет қандай инновациялық құралдар есебінен халықтың нақты табыстарының жалпы өсуін ынталандыруға, табысы төмен топтардың табыстарының жеделдетілген арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға, әлеуметтік қамсыздандыру деңгейін және әлеуметтік қолдау шараларының атаулылығын арттыруға қол жеткізетіні түсініксіз. Жобада құралдар мен шаралар арасында өзінің тиімсіздігін көрсеткендер ғана анықталған: инфляция деңгейінен төмен болмайтын деңгейде сақтандыру зейнетақыларын индексстеу; инфляция деңгейінен төмен болмайтын деңгейде әлеуметтік жәрдемақылар мен жеңілдіктерді индексстеу; ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болмайтын

деңгейде ең төменгі жалақы мөлшерін белгілеу. Сол арқылы мемлекет өсім болашағынсыз өмірдің бұрынғы төмен деңгейін сақтауға ғана кепілдік береді. Үкімет мақсаттарының бірі - Ресей Федерациясының ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің көлемі бойынша, оның ішінде жоғары білім берудің тиімді жүйесін құру есебінен әлемдегі жетекші он елдің қатарында болуын қамтамасыз ету. Алайда, анықталған мақсатқа қол жеткізу үшін ғылымға шығындарды арттыру сияқты айқын шаралар қарастырылмаған. 2020 жылы Ресей ҒЗТКЖ-на ЖІӨ-нің шамамен 1%-н жұмсады, ал ондаған жетекші елдер бұл мақсаттарға 2,8%-дан (Финляндия) 5%-ға дейін (Израиль) қаражат жұмсайды. Қазіргі уақытта Ресейде ғылым мен білім саласындағы басымдықтарды анықтауда шамалы қадамдар ғана байқалады.

2021 жылдың қаңтарында премьер-министр М. Мишустин 2030 жылға дейін іргелі ғылыми зерттеулер бағдарламасын бекітті [111]. Бағдарлама Ресей министрліктері мен елдің жетекші ғылыми ұйымдарының қатысуымен Ғылым академиясымен әзірленді және сол ұйыммен үйлестіріледі. Құжат бірнеше ішкі бағдарламалардан тұрады. Олардың қатарында: «Үлкен сын-қатерлерді анықтауға және стратегиялық жоспарлау жүйесін жетілдіруге, Ресейдің бәсекеге қабілеттілігі мен ғылыми көшбасшылығын қамтамасыз етуге бағытталған аналитикалық және болжамды зерттеулер», «Мегасайенс» санатындағы ірі ғылыми қондырғылар мен объектілерде жүргізілетін іргелі және іздестіру ғылыми зерттеулері», «Ресей Федерациясының ғылыми-зерттеу даму стратегиясының бағыттары бойынша іргелі және іздестіру ғылыми зерттеулері» және өзгелері.

Атап айтқанда, «Үлкен сын-қатерлерді анықтауға және стратегиялық жоспарлау жүйесін жетілдіруге, Ресейдің бәсекеге қабілеттілігі мен ғылыми көшбасшылығын қамтамасыз етуге бағытталған аналитикалық және болжамды зерттеулер» 1-ші ішкі бағдарламасы келесілерді қамтиды: Ресей Федерациясының ғылыми, ғылыми-технологиялық және әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын болжау тетіктерін құру; үлкен сын-қатерлерді уақтылы анықтауға және ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын анықтауға бағытталған аналитикалық зерттеулер жүргізу; іргелі және ізденушілік ғылыми зерттеулерді үйлестіру мен басқарудың тиімді заманауи жүйесін құру. Аталған ішкі бағдарлама шеңберінде стратегиялық жоспарлау жүйесін жетілдіру, стратегиялық бағыттар бойынша іргелі ғылыми зерттеулер жүргізу көзделеді. 2030 жылға дейін бағдарламаны қаржыландырудың жалпы көлемі 2,1 трлн. рубльден асады деп жоспарлануда.

2021 жылдың 8 ақпанында Ресей Президенті Владимир Путин үкіметке ғылыми-технологиялық дамудың жаңа мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу мен қабылдауды тапсырды. Оның пікірінше, «бюджет қаражаттары есебінен ғылымды қаржыландыру тәсілдерін түбегейлі өзгерту керек». Бұл «іс жүзінде ҒЗТКЖ-ны жалпы жоспарлау мен іске асыруды қамтамасыз ету, бірыңғай қағидаттарды құру, олардың нәтижелілігін бағалау және ғылыми-техникалық сараптама жүргізу» дегенді білдіреді. В. Путин, сонымен қатар, жеке компаниялар үшін неғұрлым тиімді ынталандырулар жасауға, оларды ғылыми

институттар, университеттер және конструкторлық бюролармен бірлесе отырып, қолданбалы зерттеулерге қатысуға шақырды [112].

2021 жылдың ақпанында Ресей Федерациясының экономика министрлігі «2030 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы» жобасын даярлау әдістемесін бекітті. Жаңа жобаны әзірлеумен Үкімет айналысады, жұмыс топтарының басшылары ретінде басқарудың жоғары аппаратының өкілдерін тағайындалды. 2030 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын тікелей әзірлеу ғылыми-талдау орталықтарына жүктелді: ЭЖМ ҰЗУ және РХШМҚА.

Үкімет өзінің қосымша міндетін мемлекеттік секторда жобалық басқарудың заманауи тәсілдерін кеңінен қолданудан және корпоративтік мәдениетті өзгертуден көреді. Үкіметтік жобаның бес негізгі бағыттары бөліп қарастырылды: жаңа жоғары технологиялық экономика; инфрақұрылымды үдемелі дамыту; «жаңа қоғамдық келісім-шарт («саяси» термин ішінде әлеуметтік саладағы реформалар қарастырылуда); клиентке бағдарланған мемлекет; ұлттық инновациялық жүйе. Жалпы жобалар құрамында «жылдам нәтижелер/жеңістер» (2021 жылдың соңына дейін), «ауқымды мекемеаралық міндеттер» (2023 жылға дейін) және стратегиялық жобаларды (2030 жылға дейін) қамтитын жобалар пайда болады деп болжануда [113].

Ресей үшін тағы бір мәселе – теңгерімді өңірлік даму мәселелері. А.Р. Бахтин, Е.М. Бухвальд, А.В. Кольчугина, С.Н. Мирошников атап өткендей, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша теңгерімсіздігі, өндірістік қуаттарды орналастырудың біркелкі болмауы (соның салдарынан өмір сүру деңгейі мен сапасындағы елеулі айырмашылықтар, инвестициялық тартымдылық пен бәсекеге қабілеттілік деңгейіндегі айырмашылықтар) аумақтарды дамытудың құралдары мен тәсілдерін терең қарастыруды талап етеді, аталған мәселелерді жаңадан ғылыми тұрғыдан қарастырудың қажеттілігін айғақтайды [114, 115].

Егер федералды деңгейде негізгі мақсаттарды анықтау кезінде РФ Президентінің жарлықтарына және РФ Үкіметінің негізгі бағыттарына бағдарланса, ал әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі параметрлері түбегейлі айрықшаланатын өңірлер стратегиялық жоспарлау жүйесін пайдалану және даму бағыттарын анықтау кезінде өз ерекшеліктерін ескерусіз мақсаттарды анықтау мүмкін емес [116].

Сарапшылардың пікірінше, ішкі нарыққа бағытталған Үндістанда өте күшті мемлекеттік жоспарлау тәжірибесі қалыптасқан. ХХ ғасырдың 70-жылдарындағы Үнді экономикасының даму негізіне экономикалық дамудың кеңестік моделі қаланған. Алайда кейінірек Үндістан еркін нарық қағидаттарын қабылдап, халықаралық сауда үшін экономиканы ырықтандырды. Реформалардан кейін елдің экономикалық өсуі орын алып, халықтың табысы едәуір артты. Қоғамның касталық сипатынан көрініс табатын Үндістанның мәдени ерекшеліктері тұрақты постиндустриалды экономиканы құруға мүмкіндік берді. Аталған елдің экономикалық саясатының мәні мынада: ұлттық кәсіпкерлікті қолдау, оны шетелдік бәсекелестіктен қорғау, жекеменшік

секторды мемлекеттік реттеу, қаржылық операцияларды қатаң бақылау, мемлекеттік секторда – ауыр өнеркәсіп пен энергетиканың негізгі салаларын басым дамыту [117].

Алдағы бес жылға әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларын әзірлеуді көздейтін қытайлық «бесжылдық» жоспарлау жүйесі (Five-Year Plan, FYP) кеңінен танымал. Жақында интерактивті веб-порталы іске қосылды [118], онда 1953 жылдан бастап ҚХР-дың барлық бес жылдық жоспарларымен танысуға болады. Егер FYP-тің алғашқы бесжылдықтағы басты бағыты ауыл шаруашылығы мен индустрияның дамуы болса, ал бесінші «бесжылдықтың» (1976-1980) басты бағыты тәуелсіз және салыстырмалы түрде біртұтас өнеркәсіптік жүйенің қалыптасуы болды. 13-ші бесжылдықтың (2016-2020) басымдығы дамуды ынталандыру үшін инновацияларды пайдалану болды.

Іске асырылуы 2021 жылы басталған 14-ші бесжылдықпен Қытайда ел дамуының сапалы жаңа кезеңінің басталуы байланыстырылады, оның аясында ел жалпы орта байлықты қалыптастырудан қуатты социалистік державаның қалыптасуына көшеді. 2021-2025 жылдары ҚХР дамыту жөніндегі жоспарлардың бір тармағы – пайдалы қазбалардың алып қорларын, стратегиялық материалдарды, ауыл шаруашылығы өнімдерін және т.б. ұлғайту бағдарламасы. «Дайындамалардың» басты мақсаты – геосаяси жағдайдың шиеленісу салдарында елдің одан әрі оқшаулауға дайындалуы. Бұдан басқа, ел негізгі технологияларда жедел серпіліс жасау мақсатында өзінің инновациялық әлеуетін арттыруға күш салуға ниетті. Атап айтқанда, «Қытайда жасалған – 2025» стратегиясы [119] қазірдің өзінде Қытайды ғасырдың ортасына қарай әлемдік инновациялық көшбасшыға айналдыруға бағытталған. «Қытайда жасалған – 2025» бағдарламасы үш қадамнан тұрады. 2025 жылы алға қойылған мақсаттарға қол жеткізгеннен кейін, 2035 жылы Қытайды әлемдік өндірушілер қатарына қосу, ал 2050 жылға қарай әлемдік көшбасшылыққа қол жеткізу көзделуде. Осыған ұқсас сызба ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлаудың басқа салаларында, соның ішінде әскери салада да көрініс табады: 2020 жылға қарай Қытай қарулы күштерін базалық жаңғырту, 2035 жылға қарай - тұтастай жаңғырту және дамыған елдер деңгейіне шығу, 2050 жылға қарай - әлемдік әскери-технологиялық көшбасшы деңгейінде болу. Қытайдағы стратегиялық мақсаттар көкжиегі отыз жылдан астам уақытқа созылады [120].

Қытайдағы өңірлік жоспарлау жергілікті билік органдарының аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамыту жоспарларын құрудан тұрады.

Жоспарлармен жұмыс істеу үдерісі бес кезеңнен құралады:

I. Стратегиялық бағдарламалар әзірлеу.

II. Негізгі нысандар бойынша жоспарлар әзірлеу.

III. Салалық бағдарламалар қалыптастыру.

IV. Өңірлік бағдарламалар қалыптастыру.

V. Бағдарламалардың барлық түрлерінде түзетулер жүзеге асыру.

ҚХР-дың ұзақ мерзімді болжамдарын әзірлеуге Ғылым академиясы, сондай-ақ мемлекеттік кеңес пен елдің даму және реформа істері комитетінің зерттеу орталықтары қатысады. Болжамдар нарықтағы сұраныс пен ұсыныстың

дамуын бағалау нәтижелерін, мүдделі ведомстволар мен ел өңірлерінің пікірлерін ескере отырып жасалады. Ұзақ мерзімді даму бағдарламасы ішкі мамандардың бұрын әзірленген болжамдарын, сондай-ақ шетелдік компаниялар мен халықаралық экономикалық ұйымдардың болжамдарын бағалауды ескере отырып, Қытай Мемлекеттік кеңесінің ұсыныстары негізінде қалыптастырылады [121].

Африка континентінде мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандырудың өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, ол – Оңтүстік Африка Республикасының 2030 жылға дейінгі «Біздің болашағымыз – нәтижеге қол жеткізетіндей жасау» [122] атты ұлттық даму жоспары (National Development Plan 2030 (NDP 2030)).

Жалпы көлемі 70 парақтан құралатын Оңтүстік Африканың Ұлттық жоспары 15 бөлімді қамтып, 2030 жылға қарай келесі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған:

- кедейлікті жою және теңсіздікті азайту жөніндегі жалпы бағдарламаның айналасында барлық нәсілдер мен таптарды біріктіру;
- азаматтарды өз дамуында белсенділікке, демократияны нығайтуға және өз үкіметінің есеп беруін қамтамасыз етуге ынталандыру;
- экономикалық өсуді арттыру, экспортты ілгерілету және экономиканың жұмыспен қамтылуын арттыру;
- адамдар мен елдің негізгі мүмкіндіктеріне бағдарлану;
- мүмкіндіктерге дағдылар, инфрақұрылым, әлеуметтік қамсыздандыру, күшті институттар мен ішкі және негізгі халықаралық әріптестермен серіктестікті қамтиды;
- әрекетке қабілетті және дамушы мемлекет құру;
- біздің мәселелерімізді шешу үшін бірге жұмыс істейтін бүкіл қоғамдағы күшті көшбасшылық.

Ұлттық жоспардың негізгі мақсаты – кедейлік пен теңсіздіктің алғашқы себептерін жою, 2030 жылға қарай барлық оңтүстік африкалықтар үшін «лайықты өмір сүру деңгейін» қамтамасыз ету. Лайықты өмір сүру деңгейі келесі негізгі элементтерден тұрады:

- тұрғын үй, су, электр және кәріз жүйесі;
- қауіпсіз және сенімді қоғамдық көлік;
- сапалы білім және дағдыларды дамыту;
- қауіпсіздік және қорғаныс;
- сапалы денсаулық сақтау жүйесі;
- әлеуметтік қорғау;
- жұмыспен қамту;
- демалыс және бос уақыт;
- таза қоршаған орта;
- тиісті тамақтану.

1961 жылы бірінші жоспар қабылданғаннан бері тоғызыншы (NDP-9) Сомалидің 2020-2024 ұлттық даму жоспары өте көлемді – 400 парақтан, 12

бөлімнен, 4 қосымшадан тұрады.

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, дамыған және «қуып жетуші» әлем экономикаларының тәжірибесі мемлекеттік стратегиялық жоспарлау (әртүрлі нысандарда) және макроболжамдау бұрыннан кеңінен қолданылып қана қоймай, қазіргі кезеңде де кеңінен қолданылатынын көрсетеді деген қорытынды жасауға болады. Макро болжамдар негізінде аса маңызды ұлттық жобаларды енгізу бойынша стратегиялық жоспарлар мен мемлекеттік бағдарламалар әзірленеді. Дамыған елдерде МСЖ-ны ғылыми қамсыздандыру ЖОО, сонымен бірге әртүрлі ғылыми мектептердің әзірлемелері мен зерттеулеріне сүйене отырып, көптеген беделді тәуелсіз сарапшыларды тартуға негізделеді, алайда негізгі қатысушылары болып бұқаралық әкімшіліктің өкілдері және мемлекетпен қаржыландырылатын ЖОО өкілдері табылатын МСЖ стратегиялық құжаттардың мақсаттары мен индикаторларын іске асыруда оң нәтижелерге қол жеткізе алмайды.

Қорытындылай келе, шетелдік тәжірибені салыстырмалы талдауға сүйене отырып, Қазақстан Республикасы үшін белгілі бір сабақтар алуға және МСЖ сапасын арттыру үшін мынадай теориялық ұсыныстарды тұжырымдауға болады: 1) жоспарлауға дейін ғылыми-аналитикалық кезең ретінде макро болжамдау қолданылуы керек; 2) стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді әзірлеушілер тобы саяси басшылық пен Үкіметтің «тілектері» мен идеяларын ескерумен ғана емес, сонымен қатар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының жаһандық сын-тегеуріндері мен нақты ішкі мәселелерін сараптамалық талдау нәтижелері негізінде қалыптастыру керек; 3) стратегиялық жоспарларды әзірлеуге ғылыми-талдау орталықтарының жетекші сарапшыларын, белгілі салалық мамандарды, жас ғалымдарды, мемлекеттік сектормен үлестік дәрежесіне қарамастан қоғамдық ұйымдардың өкілдерін тарту қажет (мүмкін конкурстық негізде); 4) стратегияға енгізілген әрбір мақсат, міндет, индикатордың тиісті ғылыми және экономикалық негіздемесінің болуы, оларға қол жеткізу шаралары мен құралдарының нақты жиынтығын көздеуі тиіс; 5) стратегияны іске асырудың маңызды бағыттары бойынша жоғары мемлекеттік аппарат өкілдерінің дербес жауапкершілік институтын енгізу қажет; 6) әзірлеушілерді іріктеу тәртібін, стратегиялық жоспардың міндетті элементтерін белгілеуге, жоспарлау мерзімдерін белгілеуге, осы үдеріске тұтастай тұрақтылық беруге мүмкіндік беретін мемлекеттік стратегиялық жоспарлау үдерісін стандарттау қажет.

2 МЕМЛЕКЕТТІК СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУДА ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕРІН ТАЛДАУ

2.1 Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандырудың нормативтік құқықтық базасын дамыту

Мемлекеттік жоспарлауды ғылыми қамсыздандырудың нормативтік құқықтық базасы Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан кейін бірден қабылдана бастады. Осы саладағы алғашқы нормативтік құқықтық актіге 1992 жылғы қаңтарда қабылданған «Қазақстан Республикасының ғылым және мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаты туралы» ҚР Заңын жатқызуға болады. Аталған заң 2001 жылдың 9 шілдесінде №226 ~Z010226 жаңа заңның қабылдануымен күшін жойса, кейіннен бұл заң да «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы N 407-IV Заңымен алмастырылды [123].

Қолданыстағы заңның 1 бабының 3 тармақшасында да ғылым «функциясы табиғи байлықтарды ұтымды пайдалану және қоғамды тиімді басқару мақсатында табиғат, қоғам және ойлау заңдарын зерделеу, болмыс туралы объективті білімді тұжырымдау және теориялық жағынан жүйелеу болып табылатын адам қызметінің саласы» ретінде анықталған. Осы баптың 8-ші тармақшасында «ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясат - мемлекеттің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметке қатынасын білдіретін, ғылым мен техника саласындағы әртүрлі ұйымдар қызметінің, ғылыми-техникалық жетістіктерді іске асырудың, жаңа технологиялар жасаудың, оның ішінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатындағы негізгі басымдықтарын, мақсаттарын, бағыттарын, қағидаттарын, нысандары мен әдістерін айқындайтын әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі» ретінде айқындалған.

Сонымен қатар аталған заңда мынадай түсініктер де қолданылады: «ғылыми қызмет»; «ғылыми зерттеулер»; «ғылыми-зерттеу жұмысы»; «ғылыми инфрақұрылым»; «ғылыми-техникалық ақпарат»; «ғылыми-техникалық қызмет»; «қолданбалы зерттеу»; «іргелі зерттеу»; «стратегиялық зерттеу», «тәжірибелі-конструкторлық жұмыстар» және өзгелері. Алайда, «ғылыми қамсыздандыру» құқықтық категориясының мазмұны заңда ашылмаған.

1992 жылдан бастап Қазақстанда тек ғылым саласында 100-ден астам нормативтік құқықтық құжаттар қабылданды. Ғылым туралы заңнан басқа, ғылыми қызметтің, ғылыми-техникалық саланың, зияткерлік қызмет нәтижелерінің әртүрлі мәселелерін реттейтін НҚА қатарына ҚР Азаматтық кодексінің, ҚР кәсіпкерлік кодексінің, «Қазақстан Республикасының Патент Заңы», «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Инновациялық қызмет туралы» (Қазақстан Республикасының 2006.03.23. №135 Заңымен күні жойылған) заңдарды да жатқызуға болады.

Қазақстанда ҚР Үкіметі жанынан консультативтік-кеңесші орган ретіндегі Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құрылды. Оның міндеттеріне келесілер кіреді [124]:

- 1) ғылыми саладағы стратегиялық міндеттер мен басымдықтарды

калыптастыру;

2) ғылым бағыттары бойынша басым іргелі және қолданбалы зерттеулерді айқындау;

3) ұлттық ғылыми кеңестердің ұсыныстарын қарау;

4) қаржыландыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

5) гранттық қаржыландырудың негізгі бағыттары мен көлемі бойынша ұсыныстар әзірлеу;

6) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларға өтінімдерді мақұлдау;

7) инновациялық жобалар мен бағдарламаларды іске асыру үшін сыртқы инвестицияларды тарту бойынша ұсынымдар әзірлеу;

8) мемлекеттік ғылыми-техникалық және инновациялық саясатты іске асыру кезінде ғылымның, білім берудің және өндірістің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

9) бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландыру көлемі бойынша республикалық бюджет комиссиясы үшін ұсынымдар әзірлеу.

2011 жылдан бастап республикада ұлттық ғылыми кеңестер қызмет етуде, олардың міндеттерінің кейбіреулерін атап өтетін болсақ: Қазақстан Республикасының жаңа ғылыми бағыттардағы қажеттіліктерін бағалау; мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруға ұсынылатын іргелі және қолданбалы зерттеулер бойынша ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды конкурстық іріктеуді жүзеге асыру; жүргізілетін ғылыми зерттеулердің іске асырылу барысын мониторингілеу [125].

Алайда, ел үшін өзекті ғылыми бағыттардың тізімінде қандай да бір себептермен «Мемлекеттік жоспарлау және болжау» ғылыми бағыты орын алмай отыр. Бүгінгі таңда ғылыми кеңестер тек бес бағыт бойынша жұмыс істейді:

1) энергетика;

2) шикізат пен өнімді терең өңдеу;

3) ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар;

4) өмір туралы ғылым;

5) елдің зияткерлік әлеуеті.

2011 жылы әлемдік тәжірибені терең зерделегеннен кейін республикада «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ құрылды [126] («ҰМҒТСО» АҚ). Бұл мекеме мемлекеттік бюджет қаражатынан қаржыландыруға ұсынылатын ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламаларға, ұлттық ғылыми кеңестердің жұмысына мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізеді. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаттарына сәйкес [127], ҰМҒТСО-ң негізгі міндеттері болып келесілер табылады:

1) ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламалардың ғылыми, техникалық және технологиялық білімнің әлемдік деңгейіне, ғылыми-техникалық үдерістің қарқыны мен басымдықтарына сәйкестігін бағалау;

2) жоспарланатын операциялар арқылы ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламалардың мақсаттарына қол жеткізу мүмкіндіктерін, болжанатын еңбек шығындарының, материалдық ресурстардың қажеттілігі мен жеткіліктілігін бағалау;

3) ғылыми зерттеулер жүргізуді мазмұнды, ұйымдастырушылық, материалдық, ақпараттық қамсыздандыру жөніндегі ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламаларды (есептерді) іске асыру нәтижелерін объективті және кешенді қарау, алынған нәтижелерді жоспарланған мақсаттармен салыстыру;

4) МФТС объектілерінің маңыздылығын бағалау;

5) ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламаларды іске асыру үшін өтініш беруші сұрататын қаржыландыру көлемінің негізділігін бағалау.

Жоғарыда айтылғандай, қазіргі таңда қолданыстағы стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеу және талдау барысында оған дейін әрекет еткен бағдарламалық құжаттарды зерделеу аса маңызды. Осы тұрғыдан, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасынан бұрын 2019 жылы қабылданған Қазақстанда ҚР Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған [128] мемлекеттік бағдарламасына да талдау жасаған жөн. Бағдарламаның мақсаттары ретінде келесілер айқындалған:

1) Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту;

2) ғылымның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін ұлғайту [128].

Білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында 11 міндет анықталған, олардың ішінде келесілерді атап өтуге болады: ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту; ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту және цифрландыру; ғылыми әзірлемелердің нәтижелілігін арттыру және әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялауды қамтамасыз ету [128]. Бұл ретте мемлекеттік бағдарламаның нысаналы индикаторларының ішінде ЖІӨ-дегі ғылымға жұмсалатын шығыстардың үлесі небәрі 1%-ды құрап отыр. Бұл көрсеткіштің 1%-ды құрауы немесе одан төмен болуы елдің ғылыми-технологиялық қауіпсіздігі үшін төмен деңгей болып саналады. Сондай-ақ, мемлекеттік бағдарлама Web of Science (Clarivate Analytics) және Scopus (Elsevier) платформаларындағы ақпараттық ресурстарда 2018 жылы мақалалардың жалпы көлемінен (4 873 бірлік) әлемдік рейтингтік басылымдарда қазақстандық басылымдардың 88%-ға артуы көзделген. Бұл бағдарлама күшін жойып, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы қабылданды, алайда жоғарыда аталған ғылымды дамытуға бағытталған көрсеткіштер ұлттық жобада көрініс таппаған.

Ғылымды дамытудың осындай нысаналы индикаторларының іргелі және қолданбалы зерттеулердің, сондай-ақ қазақстандық ғылымды әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялаудың «серпінді» нәтижелеріне әкелмейтінін атап кеткен

жөн, өйткені ғылымға бөлінетін қаржыландыру көлемі жеткіліксіз, ал әлемдік рейтингтік басылымдарда қазақстандық жарияланымдардың артуы ғылым дамуының көптеген көрсеткіштерінің бірі ғана болып табылады. ҚР Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында мынадай мәселелер аталып өтіледі: ғылым саласында ғылыми қызметкерлерге еңбекақы төлеудің төмен деңгейі және ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру тетіктерінің болмауы; ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстардың (ҒЗТКЖ) төмен нәтижелілігі және индустрия мен ғылым тарапынан ғылыми нәтижелердің сұранысқа ие болмауы; бизнестің инновациялық белсенділігінің төмен үлесі; ғылым саласының инвестициялық тартымдылығының әлсіз және ғылыми зерттеулерді қаржыландыру мен бірлесіп қаржыландырудың төмендігі [128]. Мысалы, 2018 жылы мемлекеттік ғылым секторындағы еңбекақы 119 мың теңгені құрады, бұл, өз кезегінде, ҚР бойынша орташа көрсеткіштен (163 мың теңге) төмен, ал 2021 жылғы қаңтардағы жағдай бойынша саладағы жалақының орташа деңгейі 81 753 теңгені құрады [129].

Ғылыми жарияланымдарға байланысты мәселелерге келетін болсақ, олар қазақстандық ғалымдарда бұрыннан орын алуда. Ғалымдардың 2017 жылдың 1 қазанынан бастап әлемдегі жетекші ғылыми ресурстарға қол жетімділікті қалпына келтіргенін еске салу керек. Бұған дейін 3 жыл бойы Қазақстан ұлттық жазылымнан бас тартқандықтан, ғылыми ұйымдар Scopus дерекқорына қол жеткізе алмады. 2018 жылы қолжетімділік ашылғанымен, Scopus халықаралық ғылыми басылымдар базасы өз кітапханасын жыл сайынғы тазалап, оның ішінен қазақстандық ғалымдардың 250-ден астам жарияланымдарын алып тастады. Олардың қатарына Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректорының ҚазҰУ ректорының, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигінің, Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институты директорының ғылыми жарияланымдары енді. Қазақстандық ғалымдарда мәтінді ресімдеу, дереккөздерге сілтемелер жасау, плагиат, мақалаларды ағылшын тіліне аудару, тіпті журналды таңдауда қиындықтар туындайды. Көбінесе ғалымдар өздерінің ғылыми жарияланымдары үшін 0,001 рейтингі бар немесе «қоқыс» журналдарын таңдауы [130] отандық ғылымның да, ғалымның да беделін көтермелемейді.

Бүгінде Қазақстанда Scopus және Web of Science талаптарына сәйкес қазақстандық журналдарға қойылатын Ұлттық талаптарды бейімдеу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Бұл, мысалы, қос соқыр рецензиялау, нақты редакциялық саясат, қабылданған мақалалардың журналдың тақырыптық бағытына сәйкестігі, плагиатқа тексеру, жариялау үдерісінің ашықтығы, мықты редакциялық алқа, авторлық құқықты қорғау және т.б. Диссертациялық кеңестерге қойылатын талаптар да қатаңдатылды - кеңес мүшелерінің кемінде 2/3-і Хирш индексіне, рецензияланатын 1-ші, 2-ші немесе 3-ші квартильдегі халықаралық ғылыми журналдарда кемінде 3 жарияланымның болуы сияқты талаптар қойылуда. 2020 жылы академиялық адалдықты дамыту, жоғары оқу орнынан кейінгі оқыту бағдарламаларының мазмұнын жаңғырту, магистратура мен докторантураға қабылдау, постдокторантура институтын дамыту және өзге де мәселелерге қатысты пікірталас басталды.

Соңғы жылдары Қазақстан заңнамасында «жаңа технологиялық құрылым», «цифрландыру», «Индустрия 4.0» терминдері жиі қолданылуы цифрлық дәуірдің басталуын, ғылыми-техникалық және қоғамдық дамудың жаңа типіне сапалы көшуді білдіреді. Бұл туралы 2017 жылы қабылданған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 17 мамырдағы № 311 қаулысымен күшін жойған) және ҚР Президентінің 2018 жылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында сөз қозғалған [131].

Төртінші технологиялық революция деп аталатын Индустрия 4.0 (industry 4.0) мемлекеттік құрылымдардың цифрлық форматқа, сондай-ақ Интернет технологиясы арқылы ендірілген жүйелерден кибер-физикалық жүйелерге көшуін көздейді [132-134]. Цифрлық экономиканың негізгі құраушы бөліктері: ақпараттық-коммуникативтік технологияларға негізделген цифрлық платформалар; цифрлық және физикалық әлемдерді біріктіретін бизнес-модельдер.

Бірақ Қазақстанда цифрландырумен байланысты мәселелерді де атап өтпеуге болмайды: біріншіден, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының кейбір нысаналы көрсеткіштері жоғары немесе тым оптимистік болып табылады (мысалы, 2022 жылға қарай экономикада 300 мың жаңа жұмыс орны құрылады деп күтілгенімен, жоспарлы кезеңде көрсеткішке қол жеткізілмеді); екіншіден, аталған құжатта көрініс тапқан көптеген міндеттер тек мемлекеттік қана емес, сонымен қатар экономиканың жеке секторына да қатысты, ал олар өз даму жоспарлары мен «цифрға» көшу мүмкіндіктеріне байланысты әрекет ететіні белгілі, осы тұрғыдан кәсіпкерлерді өз еркінен тыс «мәжбүрлеу» өте қиынға соғады; үшіншіден, мемлекеттік мұрағаттар цифрландырылмаған, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар шеңберінде әзірленген оқулықтар мен кітаптардың жалпы қолжетімділігін арттыру қарастырылмаған; төртіншіден, цифрландырудың бірқатар бағыттары заңнамаға елеулі өзгерістер енгізуді талап еткенімен, бұл «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілгеннен кейін не 2018 жылы, не 2019 жылы орын алмады.

2020 жылғы 25 маусымда Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев заңға қол қойды, ол бірден 11 кодекс пен 58 заңға (барлығы 700 норма) өзгерістер енгізді, осыны, өз кезегінде, цифрландыруды құқықтық реттеудегі нағыз «серпіліс» деуге болады. Атап айтқанда, Азаматтық, Бюджеттік, кәсіпкерлік, экологиялық кодекстерге, Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекске өзгерістер енгізілді. ҚР Азаматтық кодексі [135] «цифрлық активтер» ұғымын мойындады (115-баптың 2-тармағы), 116-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылды: «3-1. Цифрлық активтердің ұғымы мен түрлері, сондай-ақ цифрлық активтер айналымының ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасында, «Астана» халықаралық қаржы орталығының актілерінде айқындалады».

Ұзақ мерзімді кезеңге арналған елді дамытудың стратегиялық мақсаттарын, міндеттері мен басымдықтарын дәстүрлі түрде ҚР Президенті Қазақстан халқына Жолдаулары мен жарлықтары түрінде жариялайды. Мысалы, 1997 жылғы қазанда ҚР Президентінің «Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты ел халқына Жолдауында ҚР-ның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы ұсынылды [136]; 2012 жылғы желтоқсанда Президент «Қазақстан-2050» [1] халыққа Жолдауын ұсынды, онда 2050 жылға дейінгі экономикалық дамудың жаңа векторлары айқындалды; 2014 жылдың қаңтарында Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдама ұсынылды [137]; 2018 жылғы 10 қаңтарда ҚР Президентінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Халыққа Жолдауы жарияланды [131]; 2019 жылғы қыркүйекте Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауын жариялады [138]; 2020 жылғы қыркүйекте Мемлекет басшысының «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» [139] атты Халыққа Жолдауы ұсынылды.

ҚР Президенті елдегі жағдай және ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауын жолдайды, күтілетін нәтижелерді, олардың сандық және сапалық мөндерін ұсынады. Мысалы, 1997 жылы «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламасы жарияланды. Бұл үлкен тарихи және саяси маңызды құжат. Онда республиканың сол кездегі жағдайына толыққанды талдау жасалып, «Қазақстан миссиясы» анықталып, «ұзақ мерзімді басым мақсаттар» сипатталды: 1) ұлттық қауіпсіздік; 2) ішкі саяси тұрақтылық және қоғамның шоғырлануы; 3) шетелдік инвестициялар деңгейі жоғары дамыған нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу; 4) Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі және әл-ауқаты; 5) энергетикалық ресурстар; 6) инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс; 7) негізгі функцияларға дейін шектелген кәсіптік мемлекет. Қазақстанның миссиясы ретінде келесі пайым анықталды: өзіне тән ұлттық бірлігі, әлеуметтік әділдігі, тұтастай халықтың экономикалық әл-ауқаты бар тәуелсіз, гүлденген және саяси тұрақты Қазақстанды құру.

Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру тұжырымдамасында [137] 2050 жылға қарай дамушы елдердің ЖІӨ-нің жиынтық көлемі дамыған елдердің ЖІӨ-нен асып түседі, ал Қытай әлемдегі ең ірі экономикасы бар елге айналады деп болжануда; дамушы экономикасы бар елдердің жалпы саны 5 есеге артады; жан басына шаққандағы ЖІӨ қатысты дамыған және дамушы елдер арасындағы артта қалушылық екі есеге қысқарады; жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің әлемдік орташа көрсеткіші 2050 жылға қарай сатып алу қабілетінің паритеті бойынша 2,5 есеге немесе 8 мың АҚШ долларынан 20 мың АҚШ долларына дейін өседі.

Қазақстан заңнамасында бүгінгі таңда «мемлекеттік стратегиялық жоспарлау» анықтамасы жоқ. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы

№ 790 қаулысының 1-тарауына сәйкес «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі – елдің ұзақ мерзімді (5 жылдан астам), орта мерзімді (бір жылдан 5 жылға дейін қоса алғанда) кезеңдерге арналған дамуын қамтамасыз ететін, мемлекеттік жоспарлау қағидаттарынан, құжаттарынан, үдерістері мен қатысушыларынан тұратын өзара байланысты элементтер кешені» [140]. ҚР Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің негізгі құжаттарына мыналар кіреді (1-кесте).

Кесте 1 – ҚР Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің негізгі құжаттары

2021 жылдың 26 ақпанына дейінгі архитектура	2021 жылдың 26 ақпанынан кейінгі архитектура
<p>Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы (2050 стратегиясы); ҚР 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік стратегиясы. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы. Мемлекеттік бағдарламалар (5 жылдан кем емес). 5 жылдық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары. 5 жылға аумақтарды дамыту бағдарламалары</p>	<p>Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы (2050 стратегиясы). Жалпыұлттық басымдықтар (10 бірлік). Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспары (5 жылға), Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік стратегиясы. Елдің аумақтық даму жоспары (5 жылға). Саланы/аяны дамыту тұжырымдамасы, ұлттық жобалар (3-5 жылдық) (ұлттық жобалар саны қазіргі таңда 12 бірлік). Мемлекеттік органдардың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарлары (5 жылға)</p>
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [140]	

Байқап отырсақ, 2021 жылдың ақпан айынан бастап елімізде мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жаңа архитектурасы әрекет етуде. Иілмелі болып табылмайтын мемлекеттік бағдарламалардың орнына жобалық менеджмент тәсілдемесіне сәйкес келетін ұлттық жобалар әзірленіп, қолданылуда.

Сәйкесінше, құжаттардың бір бөлігі орта мерзімді перспективаға (3-5 жыл), ал бір бөлігі ұзақ мерзімді перспективаға (10, 20, 30 жыл) арналған мемлекеттік стратегиялық жоспарлау құжаттары болып табылады.

Стратегиялық жоспарлау және болжау жөніндегі мемлекеттік басқарудың өкілетті мемлекеттік органы ҚР Ұлттық экономика министрлігі (ҰЭМ) болып табылады. ҚР ҰЭМ-нің стратегиялық жоспарлау саласындағы негізгі міндеттері: мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттарының түйінді бағыттары мен мақсаттарына сәйкестігі тұрғысынан әзірлеу, келісу, мониторингілеу, талдау, бағалау және түзету енгізуге қатысты мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру, стратегиялық жоспарлау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын әзірлеу және келісу, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің әдіснамалық қамсыздандыру [141].

Стратегияларды, даму жоспарын, тұжырымдамаларды, ұлттық жобаларды әзірлеумен қатар, ҚР ҰЭМ жыл сайын стратегиялық құжаттарды іске асыру қорытындылары бойынша баяндамалар мен есептер дайындайды. Сондай-ақ, бекітілгенге дейін мемлекеттік онлайн-ресурстарда орналастырылған жаңа стратегиялық құжаттарды көпшілік алдында талқылау әдеттегі тәжірибеге айналды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда мемлекеттік стратегиялық жоспарлау және болжау жүйесін мемлекеттің ұзақ мерзімді стратегиялық басымдықтарын қалыптастыру, жаһандық және ауқымды бағдарын жүзеге асыру, орталық және өңірлік билік жоспарларының, сондай-ақ жергілікті басқару органдарының келісілуін қамтамасыз ету, қабылданатын шешімдерді орта және ұзақ мерзімді кезеңдерге арналған бюджеттік шектеулермен байланыстыру құралы ретінде қарастыруға болады.

Мысалы, 2025 жылға дейінгі ҚР Ұлттық даму жоспары [2] (бұдан әрі – «Ұлттық жоспар») 2025 жылға дейінгі елдің экономикасы мен әлеуметтік өміріндегі негізгі бағдарлар болып табылатын он жалпыұлттық басымдықтардың айналасында құрылған.

Жоғарыда көрсетіліп кеткендей, ҚР Ұлттық даму жоспары 2018 жылғы «Стратегиялық жоспардың» орнына қабылданды, бұл, өз кезегінде, Қазақстанның сыртқы және ішкі даму факторларының өзгеруінен туындады: мұнайдың әлемдік бағасына, елдің барлық макроэкономикалық көрсеткіштері мен әлеуметтік саласына айтарлықтай әсер еткен COVID-19 пандемиясы. Сондай-ақ, 2020-2021 жылдары әлемде туындаған жағдай мемлекетке деген қоғам сенімінің маңыздылығына айрықша назар аударуына байланысты ұлттық жоспарда цифрлық трансформациялауға бағытталу, ынталандырушы бағдарламалардың мақсаттарға жетудегі тиімділігі тұрғысынан қайта қарауға бет бұрылған.

Негізгі стратегиялық құжаттың құрылымы да түбегейлі өзгерді, егер 2018 жылғы Стратегиялық жоспарда әзірлеушілер жеті жүйелі реформаны, жеті басым саясатты (7×7 жоспар), міндеттер мен бастамалар жиынтығын бөліп көрсеткен болса, ал 2021 жылғы Ұлттық даму жоспарында төмендегідей міндеттерге негізделген он жалпыұлттық басымдық тұжырымдалған:

1. Әділ әлеуметтік саясат (міндеттері: 1) «Нәтижелі жұмыспен қамтуды дамыту»; 2) «Әлеуметтік әл-ауқатты қамтамасыз ету»).

2. Қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесі (міндеттері: 1) «Салауатты өмір салтын қалыптастыру»; 2) «Медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру»; 3) «Кадрлық әлеуетті және ғылыми медицинаны дамыту»; 4) «Денсаулық сақтаудың бірыңғай цифрлық кеңістігін құру»).

3. Сапалы білім (міндеттері: 1) «Білім беру саласындағы қолжетімділік пен теңдікті қамтамасыз ету»; 2) «Оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта жасау»; 3) «Білім беру сапасын арттыру»; 4) «Білім беруді басқару мен қаржыландырудың тиімділігін арттыру»; 5) «Цифрлық экономика үшін адами капиталды дамыту»; 6) «Қазақстандық ғылымның жаһандық бәсекеге

кабілеттілігін арттыру және оның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін арттыру»).

4. Азаматтардың мүдделерін қорғаудағы әділ және тиімді мемлекет (міндеттері: 1) «Сот жүйесіне және сот төрелігінің сапасына сенімділікті арттыру»; 2) «Құқық қорғау органдарының сервистік моделі»; 3) «Азаматтар мен бизнестің мүдделерін қорғау»; 4) «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және парасаттылық саясаты»; 5) «Заңнаманы және құқық қолдануды жетілдіру»).

5. Мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісі (міндеттері: 1) «Мемлекеттік басқару тиімділігіне бағарланған тәсіл»; 2) «Мемлекеттік басқарудың сервистік және «адамға бағдарланған» үлгісін қалыптастыру»; 3) «Ашық үкімет»; 4) «Азаматтардың нәтижесі мен мүдделеріне бағдарлануды арттыру»; 5) «Квазимемлекеттік сектордың тиімділігі»).

6. Патриотизм құндылықтарын тәрбиелеу (басымдықтың мәні: күшті және жауапты адамдардың біртұтас ұлтын қалыптастыру).

7. Ұлттық қауіпсіздікті нығайту (басымдықтың мәні: Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін экономикалық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік, ақпараттық, халықаралық, әскери және басқа да салалардағы нақты және әлеуетті қатерлерден тиімді қорғауды қамтамасыз ету).

8. Әртараптандырылған және инновациялық экономиканы құру (міндеттері: 1) «Бәсекелестік салаларда мемлекет иелігінен шығару»; 2) «Кәсіпкерлікті теңгерімді реттеу»; 3) «ШОБ-тың өсуі мен дамуы үшін мүмкіндіктерді кеңейту»; 4) «Салауатты бәсекелестік ортаны қамтамасыз ету»; 5) «Жаңа жағдайларға бейімделу үшін агроөнеркәсіптік секторды реформалау»; 6) «Өнеркәсіп секторларында мамандандырылған факторлар мен нарықтық жағдайлар жасау»; 7) «Өзінің ғылыми-технологиялық және инновациялық базасын дамыту»; 8) «Көлік-логистика секторын реформалау және байланысты жақсарту»; 9) «Ішкі туризмді дамыту»; 10) «Инфрақұрылымды дамыту және экономиканың базалық салаларын цифрландыру»; 11) «Технологиялық даму есебінен экономиканы әртараптандыру»; 12) «Жасанды интеллект элементтерін енгізу және Big Data технологиясын кеңінен қолдану»; 13) «Венчурлік қаржыландыруды дамыту»; 14) салықтық - 15) монетарлық саясатты тиімді басқару»; 16) «Бәсекеге қабілетті және тиімді қаржы нарығы»; 17) «Инвестициялар тартудың жаңа тәсілдерін енгізу»).

9. Экономикалық және сауда дипломатиясын белсенді дамыту (міндеттері: 1) «Сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту, сондай-ақ халықаралық интеграциялық бірлестіктерге белсенді қатысу арқылы ұлттық мүдделерді ілгерілету және қорғау»; 2) «Қазақстандық өнімді ілгерілету үшін қолайлы жағдайлар жасау»).

10. Теңгерімді аумақтық даму (міндеттері: 1) «Елдің аумақтық тұтастығы және кеңістіктік дамуы»; 2) «Мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру»; 3) «Халықтың шоғырлануы мен ұтқырлығын ынталандыру»; 4) «Сыртқы және ішкі байланысты қамтамасыз ету»; 5) «Іскерлік белсенділікті ынталандыру үшін республикалық инфрақұрылымдық инвестицияларды жүзеге асыру»; 6)

«Smart City» («Ақылды қала») тұжырымдамасын іске асыру; 7) «Жасыл» экономика және қоршаған ортаны қорғау) [142].

«Жасыл» экономикаға ынталандыруды күшейтуге және «жасыл технологиялар» бағытына қатысты келесіні нақтылау керек. Аталған міндеттің тартымдылығына қарамастан, 2022 жылдан бастап ЕО-ң трансшекаралық көміртегі салығын енгізгенін ескеру қажет: Еуропалық одаққа қандай да бір тауарлар/қызметтер тасымалдайтын компаниялар отанында қалған көміртегі ізі үшін салық төлеуі керек. Көміртегі салығы бар және табиғатқа келтірілген зиян үшін салық төленген елдер үшін бұл талап қолданылмайды. Қазақстан Париждің климат жөніндегі белгілі келісімін ратификациялады және 2030 жылғы 31 желтоқсанға қарай республиканың көміртегі балансын 1990 жылғы деңгейден кемінде 15%-ға төмендетуді қамтамасыз етуді мақсат етіп қойды. Бірақ 2022 жылғы жағдай бойынша ҚР-да көміртегі салығы болған жоқ. Қазақстандық экспорттаушылар 2023 жылдан бастап Еуроодақта көміртегі салығын (СВАМ) төлейді деп жоспарлануда. Реттеу цемент, электр энергиясы, тыңайтқыштар, темір және болат, алюминий жабдықтауларына қатысты қолданылады. Салықтың мөлшері шығарылған көміртектің тоннасы үшін 76 еуроны құрайды. ҚР сауда және интеграция Министрлігінің ақпаратына сәйкес, тікелей шығарындылардан төленуге жататын СВАМ көлемі 1 15,5 млн.долларға бағаланады, бұл бағалау жүргізілген тауарлар бойынша экспорт көлемінің 6%-н құрайды: алюминий экспорттаушыларға жүктеме 6,7%-ды, металлургия өнімін экспорттаушыларға шамамен 1,1%-ды, ал тыңайтқыш экспорттаушыларға 0,8%-ды құрайтын болады [143].

2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының стратегиялық басымдықтарының картасы нақты және болжамды нысаналы көрсеткіштерді қамтиды (26.11.2022 жаңартылған).

17 стратегиялық міндеттерді қамтитын «Әртараптандырылған және инновациялық экономиканы құру» жалпыұлттық басымдығы [142] мазмұны жағынан ең ауқымды болып табылады.

2018 жылғы ҚР Стратегиялық жоспары мен 2021 жылғы ҚР Ұлттық даму жоспарын салыстырмалы талдау келесіні көрсетті: жаңа құжаттағы басымдықтар мен міндеттерді тұжырымдау бірқатар жаңа бағыттар бойынша өзектендірілген; міндеттер мен олардың мазмұны неғұрлым дәл бола бастаған; экономиканы дамытудың ғылыми, технологиялық және цифрлық құраушылары күшейтілген; барлық басымдықтар бойынша тиімділік пен сапаға назар аударыла бастаған; кейбір стратегиялық міндеттер әзірлеушілермен алғаш рет жоспарланған (мысалы, құқық қорғау органдарының сервистік моделіне көшу, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және парасаттылық саясаты, мемлекеттік басқарудың «адамға бағдарланған» моделіне көшу және т.б.).

Әзірлеушілердің мемлекеттік жоспарлау мен болжауды ғылыми қамсыздандыру шеңберіндегі жаңа көзқарасы мынадай міндеттерден көрініс табады: «Қазақстандық ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін арттыру»; «Мемлекеттік басқару тиімділігіне интеграцияланған көзқарас»; «Өзіндік

ғылыми-технологиялық және инновациялық базасын дамыту».

Сонымен қатар, Ұлттық жоспардың сыншылары да жоқ емес. Мысалы, М. Темірхановтың пікірінше «жаңа құжатта терең және түбегейлі реформалар жоқ. Онда кішкене косметикалық өзгерістер енгізумен барлық ескі ұрандардың қайталануы орын алады. Кейбір реформалар бойынша, тіпті көрсеткіштер бойынша артқа жылжу байқалуда. 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары үкіметтің барлық мемлекеттік бағдарламалары мен басқа да стратегиялық құжаттарының стандартты ерекшелігін қайталады - алдыңғы жоспарлардың орындалуына сыни талдаудың жоқтығы" [144]. М.Темірханов атап өткендей, жаңа ұлттық жоспарға қатысты басты сын - құжатта бірқатар маңызды индикаторлардың көрініс таппауы, атап айтқанда «Түйінді ұлттық индикаторлар», «ЭЫДҰ бәсекелестіктің орташа индексі (Product Market Regulation)», «Экономиканың күрделілік индексі (Гарвард)».

М. Темірхановпен сөзсіз келісуге болатын нәрсе – бұл 2021 жылғы Ұлттық даму жоспарында алдыңғы жоспарлардың орындалуына сыни талдаудың жоқтығы туралы қорытынды. Ұлттық мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың бұл жүйелі мәселесі жоғары деңгейдегі стратегиялық құжаттарды және олардың орындалуы бойынша есептілікті жасауға нақты әдістемелердің, ережелер мен талаптардың болмауымен байланысты. Мемлекеттік аппарат негізгі түйінді индикаторларды (көрсеткіштерді) анықтап, оларды тиісті регламентте бекітіп, стратегиялық жоспарлар мен көрсеткіштердің аналитикалық жүйесін құрудың белгілі бір құрылымын нақты ұстанып, сондай-ақ «жалпы сөздер», ұрандар мен декларациялау тәжірибесінен бас тартуы тиіс.

Мемлекеттік стратегиялық жоспарлау саласындағы маңызды қадамға 2021 жылы жобалық басқару қағидаттарында әзірленген ұлттық жобаларды әзірлеу және бекіту болды. Жоғарыда айтылғандай, қазіргі уақытта елде 12 ұлттық жоба іске асырылуда [145]:

1. «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы.
 2. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы.
 3. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы.
 4. «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы.
 5. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба.
 6. «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы.
 7. «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасы.
 8. «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы.
 9. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі ұлттық жоба.
 10. «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы.
 11. «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасы.
 12. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы.
- Аталған жобалардағы негізгі индикаторларды талдау, бір жағынан,

ұлттық жобалар көрсеткіштерінің басқа стратегиялық құжаттарда белгіленген көрсеткіштермен өзара байланыстылығын куәландырады. Мысалы, «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасында [146] айқындалған 2019 жылғы деңгейден (2019 жылғы бағамен) өсімнің %-бен өлшенетін халықтың нақты ақшалай табысының өсу индикаторы ҚР Ұлттық жоспарында 2025 жылға дейін 27,1% деңгейінде белгіленген индикаторға сәйкес келеді. Екінші жағынан, 2022 жылғы желтоқсанда жоспарлы көрсеткіштер нақты көрсеткіштерге сәйкес келмейтіні белгілі болды, атап айтқанда, халықтың нақты ақшалай табысы республикада баяу қарқынмен өсуде және бұл индикатордың 2025 жылға қарай орындалатынына күмән бар. Ұлттық даму жоспарында және ұлттық жобаларда көзделген басқа индикаторларға қатысты да осындай жағдай орын алуда (2-кесте).

Кесте 2 – Кейбір жоспарлы стратегиялық индикаторлардың нақты көрсеткіштерге сәйкестігі, 2019-2025 жж.

Көрсеткіштер	2019 жыл		2020 жыл		2021 жыл		2022 жыл		2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
	жос пар	нақты	жос пар	нақты	жос пар	нақты	жос пар	нақты	жос пар		
Халықтың нақты ақшалай табыстарының өсу қарқыны, өткен жылдың деңгейіне %-бен	0,0	6,4	0,5	4,3	5,0	5,1	10,0	1,9	15,4	21,1	27,1
Күтілетін өмір сүру ұзақтығы (жас)	73,2	73,2	73,2	71,4	73,2	70,2	73,7	71,1	74,2	74,6	75,0
Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі (Corruption Perception Index), балл	34	31	38	34	40	37	42	-	43	44	45
Көлеңкелі экономика үлесі, %	27,0	23,6	23,1	20,0	21,5	19,0	19,9	-	18,2	16,6	15,0
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [128]											

2-кестеде көрсетілгендей, іс жүзінде сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі жоспарланғаннан төмен болып шықты, ал ҚР-да «Көлеңкелі экономика» деңгейі айтарлықтай жоғары болып қала беруде. Шетелдік сарапшылардың пікірінше, 2021 жылғы жағдай бойынша бұл деңгей 31,9% құрады [147].

Жоспарлы және нақты индикаторларды салыстыруға сүйене отырып, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеушілердің болжамдары ақталмайды, және бұл стратегиялық жоспарлау мен болжаудың сапасының төмендігін көрсетеді.

«Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысында [140] бекітілген қағидаттарға негізделген мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың ұлттық жүйесін дамыту кешенді теңдестірілген нормативтік құқықтық базаны және лайықты әдістемелік сүйемелдеуді қалыптастыруды талап етеді. Аталған міндеттің маңыздылығы мен күрделілігі мемлекеттік басқару мен жоспарлаудың барлық деңгейлерінде нормативтік актілерді түсіну, қабылдау және орындау деңгейін сапалы арттыратын көптеген құжаттарды құру қажеттілігінен тұрады. Бұл мәселені шешу «сапалы» әдіснаманың болмауымен және әдістемелік құралдардың фрагментарлығымен күрделенеді.

2.2 Жекелеген мемлекеттік стратегиялық жоспарларды ғылыми қамсыздандырудың сапасы мен нәтижелілігін бағалау

Қазіргі уақытта әлемдік ғылымда ғылыми қамсыздандырудың сапасы мен нәтижелілігін бағалаудың бекітілген әдістемесі әзірленбеген.

Шетелдік ғылым мен практикада мемлекеттік басқарудың макро деңгейінде сапаны бағалаудың келесі әдістері мен көрсеткіштері қолданылады:

1. GRICS (Governance Research Indicator Country Snapshot) интегралды көрсеткішін есептеу әдісі, ол 1996 жылдан бастап әр екі жыл сайын 200-ге жуық ел бойынша есептеледі.

2. Атқарушы билік органдарындағы қаржылық басқару сапасының рейтингі.

3. IMD және WEF әдістері.

4. BEEPS әдісі.

5. «Transparency International» ұйымының Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі.

6. «Heritage Foundation» экономикалық еркіндік индексі.

7. «Pricewaterhouse Coopers» жабықтық индексі.

8. мемлекеттік қызметшілер мен халыққа әлеуметтік сауалнама жүргізу негізінде өлшенетін мемлекеттік басқару тиімділігінің көрсеткіштері, басқа әдістер мен әдістемелер.

Сонымен, GRICS интегралды көрсеткіші алты ішкі индексті қамтиды:

1. «Дауыс беру және есеп беру құқығы» (Voice and Accountability) - индекс саяси үдерістердің, азаматтық бостандықтардың және саяси құқықтардың әртүрлі аспектілерін өлшейтін көрсеткіштерді қамтиды.

2. «Саяси тұрақтылық және зорлық-зомбылықтың болмауы» (Political Stability and Absence of Violence) - индекске Үкіметтің тұрақсыздану ықтималдығын және зорлық-зомбылық (соның ішінде терроризм мен ішкі зорлық-зомбылық) нәтижесінде мәжбүрлі түрде отставкаға кету ықтималдығын өлшейтін көрсеткіштер тобы кіреді.


3. «Үкіметтің тиімділігі» (Government Effectiveness) – индекс мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын, бюрократия сапасын, мемлекеттік қызметшілердің құзыретін, мемлекеттік қызметтің саяси қысымнан тәуелсіздік деңгейін, үкімет жүргізетін саясатқа деген сенім деңгейін көрсетеді.

4. «Заңнаманың сапасы» (Regulatory Quality) – осы индекстің мәні жүргізіліп жатқан саясатпен байланысты.

5. «Заңның үстемдігі» (Rule of Law) – индекс азаматтардың қоғам заңдарына деген сенім деңгейін және осы заңдардың орындалуына деген адалдығын өлшейді.

6. «Сыбайлас жемқорлықты бақылау» (Control of Corruption) – индекс қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты қабылдау деңгейін сипаттайды.

2019-2021 жылдар аралығында динамикада Қазақстан GRICS ішкі индекстері бойынша мынадай көрсеткіштерге ие болды (4-сурет) [148].



Сурет 4 – Қазақстан үшін GRICS индекстері көрсеткіштерінің қарқыны, 2019-2021 жж.

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [148]

4-сурет индекстегі Қазақстан позицияларының теріс мәнге ие болатынын көрсетіп отыр, бұл, өз кезегінде, мемлекеттік басқару сапасының төмендігін көрсетеді. Ішкі индекстерді талдау негізінде бағалау тәжірибесі тұрғысынан GRICS-тің негізгі кемшілігі - елдің қорытынды бағасы мен рейтингін арттыру үшін басқару жүйесінде нақты нені өзгерту керектігін түсінудің мүмкін болмауы.

Қазақстанда облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесін іске асыру мақсатында әзірленген «Мемлекеттік органның ұйымдық дамуы» блогы бойынша Мемлекеттік органдардың қызметін операциялық бағалау әдістемесі бекітілді (ҚР Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №954 [149]. Жарлығымен

бекітілген). Бірақ бұл әдіс мемлекеттік стратегиялық жоспарларды ғылыми қамсыздандырудың сапасы мен тиімділігін бағалауға бейімделмеген.

Қазақстанда «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №954 Жарлығын [150] іске асыру мақсатында «Мемлекеттік органның ұйымдастырушылық дамуы» блогы бойынша мемлекеттік органдар қызметін операциялық бағалау әдістемесі [149] әзірленген. Алайда аталған әдістеме де мемлекеттік стратегиялық жоспарларды ғылыми қамсыздандырудың сапасы мен тиімділігін бағалауға бейімделмеген.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын, Елдің аумақтық даму жоспарын, тұжырымдамаларды, мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын әзірлеу, мониторингтеу, іске асыру, бағалау және бақылау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 25 қазандағы №93 бұйрығында [151] мемлекеттік жоспарлау жүйесінің екі кезеңі ғана қарастырылғанын атап өту керек:

- 1) талдау кезеңі;
- 2) жоспарлау кезеңі.

Ұлттық жоспар бойынша есеп беру және түзету кезеңі түсініксіз себептермен мүлдем қарастырылмаған. Әрине, стратегиялық жоспарлау бойынша есептілік нысаналы индикаторлардың нақты мәнге сәйкестігі тұрғысынан жарияланады, алайда ҚР-да мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандыруға бағалау жүргізілмейді. Осы зерттеуде Қазақстандағы мемлекеттік стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды ғылыми қамсыздандырудың сапасы мен нәтижелілігіне бағалау жүргізу қажет болғандықтан, екі кезеңді қамтитын тәсіл ұсынылады:

1 кезең – жекелеген жалпыреспубликалық стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың сапасы мен нәтижелілігін бағалау.


2 кезең – өңірлік стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың сапасы мен нәтижелілігін бағалау (Қарағанды облысының мысалында).

1 кезең - жекелеген жалпыреспубликалық стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың сапасы мен нәтижелілігін бағалау.

Жалпыреспубликалық деңгейдегі маңызды стратегиялық құжаттардың біріне «Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамасы» [137] жатқызылады. Тұжырымдаманы әзірлеушілердің пікірінше 2050 жылға қарай мынадай көрсеткіштерге қол жеткізу көзделеді: Қазақстанда кәсіпкерлікті дамыту және әрбір азаматтың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін қолайлы жағдай жасайтын экономикалық және саяси-құқықтық институттардың икемді және тиімді жүйесі құрылатын болады; жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі бойынша Қазақстан әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіреді; әлемдік экономиканың қалыпты өсуі жағдайында Қазақстанда жан басына шаққандағы ЖІӨ 12 мыңнан 60 мың АҚШ

долларына дейін артады (ол үшін орташа жылдық өсу қарқынын 4,3%-ға жеткізу қажет); қолайлы экономикалық жағдай сақталған жағдайда Қазақстанда жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі 70 мың доллардан асады, ал ЖІӨ-нің орташа жылдық өсімі 5,5%-ды құрауы тиіс.

Қазақстанның ЖІӨ-нің өзгеру серпінін талдайтын болсақ, жоғарыда аталған құжатта қарастырылған ЖІӨ өсімінің болжамының ақталмағанын байқауға болады (2014-2022 жылдар аралығында ЖІӨ орташа жылдық мәнде 2,6%-ды құрады) (5-сурет).



Сурет 5 – 2014-2022 жж. аралығындағы ЖІӨ өсімінің қарқыны, %

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [152]

ҚР Президентінің жыл сайынғы Жолдауларын іске асыру үшін мемлекет Басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспары әзірленіп жатқанына қарамастан, 2022 жылғы жағдай бойынша Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру жөніндегі тұжырымдаманың [137] кейбір негізгі индикаторлары сыртқы және ішкі факторлардың да ықпалына байланысты орындалмады. Атап айтқанда: сыртқы факторларға жаһандық күйзелістер, көмірсутектерге әлемдік бағаның төмендеуі, коронавирус пандемиясы (COVID-2019), Ресейдің Украинадағы арнайы әскери операциясының басталуымен байланысты геосаяси жағдайдың күрт күрделенуі, ал ішкі факторларға – Қазақстандағы 2022 жылғы қаңтар оқиғалары, сыбайлас жемқорлық пен көлеңкелі экономиканың жоғары деңгейі, Қазақстан Республикасының экономикасының төмендеуін, ЖІӨ өсімінің төмендеуі, мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандырудың төмен деңгейі.


Мысалы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға тоқталатын болсақ, бір қарағанда, республикада сыбайлас жемқорлықты жою үшін көптеген жұмыстардың атқарылғанын байқауға болады. 2019 жылы Қазақстан алғаш рет

Халықаралық сыбайлас жемқорлықты қабылдау индекcінде 34 балды иеленіп, рейтингтегі өз позициясын 11 тармаққа көтерді (124-тен 113-ке дейін); азаматтардың 2/3 бөлігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес соңғы 3 жылда күшейе түсті деп есептейді. Алайда, 60% жағдайда сыбайлас жемқорлықтың көріністері бұрынғысынша мынадай себептер есебінен орын алуда: мемлекеттік ауруханалар мен емханалар, полиция, жер қатынастары басқармасы, мемлекеттік балабақшалар мен мемлекеттік жоғары оқу орындары. Соңғы уақыттағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негізгі жаңалықтарының ішінде келесілерді атап өткен жөн: бағыныстылардың жемқорлық іс-қимылдары үшін басшылардың жауапкершілігі; НҚА жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жасау; ұлттық және жеке компанияларда комплаенс-қызметтер құру; мемлекеттік қатысудың кез келген үлесі бар ұйымдар қызметкерлері есебінен сыбайлас жемқорлық субъектілерінің шеңберін кеңейту; мемлекеттік қызметшілер үшін сыйлықтар беруге және алуға толық тыйым салу; жақын туыстарының бірлескен жұмысын шектеу. Пандемия кезеңінде 2020 жылы 170-тен астам сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг іс-шаралары жүргізілді, оның қорытындысы бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдарға 800 ұсыныс енгізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 80 талдау жүргізіліп, олар бойынша 60 НҚА-ға түзетулер енгізе отырып, 1 100-ден астам ұсынымдар орындалды [153].

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет пен тергеу бөлімшелері белсенді түрде «цифрға» көшуде. «Цифрлық Антикор» жобасы аясында ведомстволық статистиканы, кадрлық есепті қалыптастыруды автоматтандыру, коммуникациялық байланыстарды жақсарту жоспарлануда. Мамандар аналитикалық барлаудың заманауи технологияларын, оның ішінде жасанды интеллектіні қолдана отырып енгізу мүмкіндіктерін, сондай-ақ Big Data технологиясы негізінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарды анықтаудың предикативті-талдамалық құралдары әзірленуде.

Бірақ, тұтастай алғанда, мемлекеттік және квазимемлекеттік құрылымдар қызметі ашықтығының төмендігі, ірі инвестициялық жобаларға бюджеттік инвестициялар тиімділігінің жеткіліксіздігі, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы болжамдары дәлдігінің төмендігі сақталуда.

Мысалы, ҚР Үкіметінің болжамына сәйкес, сатып алу қабілетінің паритеті (СҚП) бойынша 2021 жылы жан басына шаққандағы ЖІӨ 34 600 АҚШ долларына жетуі тиіс еді. Алайда, СҚП бойынша жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің нақты және болжамды көрсеткіштері сәйкессіздікті көрсетті (6-сурет).



Сурет 6 – 2014-2050 жж. Қазақстанда СҚП бойынша жан басына шаққандағы ЖІӨ қарқыны мен болжамы, АҚШ долл.

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [154]

6-сурет СҚП бойынша ЖІӨ көрсеткішінің өсу траекториясы тұрақты екенін көрсетеді, бірақ 2014 жылдан 2020 жылға дейін «серпіліс» байқалмаған.

Осылайша, талдау барысында келесідей мәселе анықталды - стратегиялық болжамдардың талданатын индикаторлары тым жоғары мәнге ие, бұл, өз кезегінде, мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандырудың төмен сапасын, соның салдары ретінде стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды орындаудың төмен нәтижелілігін көрсетеді.

Соңғы жылдары республикалық деңгейде Орнықты даму мақсаттарына (ОДМ) айрықша көңіл бөлінуде. 2018 жылы Қазақстанда орнықты даму саласындағы өлшем мен саясатты үйлестіру құрылымы құрылған (7-сурет).



Сурет 7 – Қазақстанда орнықты даму саласындағы өлшем мен саясатты үйлестіру құрылымы

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [156]

Бұл инфрақұрылым Қазақстанның орнықты даму саласындағы міндеттемелерін қайта қарау үшін мүмкіндіктер береді. 2018 жылғы қарашада Қазақстанда ұлттық саясат пен басымдықтардың жаһандық ОДМ-мен келісілу деңгейі бағаланды. Бағалау негізіне «Қазақстан-2050» Стратегиясы, Бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам және өзге де стратегиялық және бағдарламалық құжаттар қаланды. 2019 жылдан бастап Қазақстан есептілікті ұсыну жөніндегі ұлттық платформаны дамытуда. Бұл атқарушы органдар, мүдделі тараптар және жұртшылық үшін Ұлттық ресми статистиканы оңай және қолжетімді ұсынуға мүмкіндік беретін ОДМ-ға қол жеткізудегі прогресті мониторингілеудің онлайн құралы. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің (ҰЭМ) Экономикалық зерттеулер институты (ЕРІ) ҚР Мемлекеттік жоспарлау құжаттары жүйесіндегі орнықты даму мақсаттары мен міндеттерінің интеграциясына бағалау жүргізді. Бағалау жылдам интеграцияланған бағалауды (QIA) қолдану көмегімен жүргізілді (Қосымша Ә)-да бағалау сызбасы мен нәтижелері көрсетілген. Келесідей мақсаттар бойынша орташа және төмен көрсеткіштер орын алынды: ОДМ 5 «Гендерлік теңдік» (77,8%), ОДМ 17 «Әріптестік» (73,7%), ОДМ 13 «Климаттың өзгеруіне қарсы күрес» (60%), ОДМ 15 «Құрлық экожүйесі» (25%), ОДМ 14 «Теңіз экожүйесі» (10%).


Бағалау нәтижелері бойынша ұлттық саясат пен басымдықтардың жаһандық ОДМ-мен сәйкестігінің жеткіліксіздігін байқауға болады.

2 кезең - өңірлік стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың сапасы мен нәтижелілігін бағалау (Қарағанды облысының мысалында)

Қарағанды облысының құрамына 7 аудан, облыстық бағыныстағы 6 қала, 10 кент, 421 ауылдық елді мекен кіреді. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының және Қарағанды облысы әкімдігінің деректері бойынша 2022 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша облыс халқының саны 1 371,9 мың адамды құрады, оның ішінде 80,1% - қалалық, 19,9% – ауыл тұрғындары.

Облыс бойынша орташа жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс деңгейі 2022 жылғы маусымда 42 854 теңгені құрады, бұл 2021 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 20%-ға артық. Өңірде жұмыссыздық деңгейі - 4,3%. 2022 жылғы қарашадағы инфляция деңгейі 20,2%-ды құрады. Облыстың ЖӨӨ (2022 жылғы қаңтар-маусым 2021 жылғы қаңтар-маусымға) 104,0% деңгейінде тіркелген.


2019-2021 жылдар аралығында Қарағанды облысындағы халықтың нақты ақшалай кірістері индексінің динамикасын талдау бұл индикатордың республикалық индикатордың және болжамды мәндерден едәуір асып түсетінін көрсетеді (8-сурет). Осылайша, көрсеткіштердің сәйкессіздігі орын алуда.



Сурет 8 – 2019-2021 жж. ҚР және Қарағанды облысындағы халықтың нақты ақшалай табыстары индексінің динамикасы, %

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [157]

Сәйкессіздіктер өзге индикаторлар бойынша да анықталды. Мысалы, өңір республикалық деңгейдің жоспарлы және нақты мәндерімен салыстырғанда өмір сүру ұзақтығының төмен көрсеткіштеріне ие (9-сурет).



Сурет 9 – 2019-2021 жж. ҚР және Қарағанды облысындағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы, жас

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [157]

Қарағанды облысы елдің жетекші индустриалды өңірі болды және болып қала береді. Өнеркәсіп өңір экономикасының жартысын құрайды. Өнеркәсіп қуатты тау-кен металлургия кешенімен ұсынылған. Қарағанды көмір бассейні кокстелетін көмірдің негізгі тасымалдаушысы болып табылады. Жетекші көмір өндіруші кәсіпорындарға «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, «Шұбаркөл Көмір» АҚ, «Сарыарқа Energy» ЖШС,

«Satkomir» ЖШС жатады.

2020 жылы өңірде индустрияландырудың үшінші бесжылдығы басталды, оның негізгі міндеттеріне индустриялық кәсіпкерліктің әлеуетін арттыру, ішкі және сыртқы нарықтарда сұранысқа ие өңделген тауарлар номенклатурасын кеңейту, өңдеу өнеркәсібі салаларын технологиялық дамыту және цифрландыру кіреді.

Жоғарыда айтылғандай, 2019 жылғы желтоқсанда Қазақстанда «Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» [156] (ҚР өңірлері үшін негізгі стратегиялық құжат) бекітілді. Қарағанды облысы үшін нысаналы индикаторлар 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 3 – Қарағанды облысы үшін Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының нысаналы индикаторлары

Нысаналы индикаторлар	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
1. Урбандалу деңгейі, % (жыл соңына)	80,8	81,3	81,9	82,5	83,0	83,6
2. Өңірлер арасында жан басына шаққандағы ЖӨӨ айырмасы, есе	3,1	3,0	3,0	2,9	2,8	2,7
3. Халықтың нақты ақшалай кірістерінің өсу қарқыны, %	13,8	18,9	23,3	27,9	32,6	37,5
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [156]						

Бағдарламалық құжатта 2020-2025 жылдарға арналған урбандалу деңгейінің болжамды мәндері 2000-2018 жылдарға арналған урбандалу деңгейінің өсу қарқыны/төмендеуі негізінде есептелгені; 2020-2025 жылдарға арналған өңірлер арасындағы жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша алшақтық мәндері 2016-2017 жылдарға арналған 16 өңір бойынша және 2016-2017 жылдарға арналған 17 өңір бойынша ЖӨӨ-нің өсу қарқынын талдау негізінде есептелгені; 2020-2025 жылдарға арналған халықтың нақты ақшалай табыстарының өсу қарқыны мәндерінің 2016 жылға қатысты нақты ақшалай табыстардың өсу/төмендеу қарқынын талдау негізінде есептелгені жайлы түсіндірме берілген [156].

«Урбандалу деңгейі» көрсеткішінің іске асырылуын бағалай отырып, қала халқының өсуіне қарамастан, Қазақстанда урбандалу көрсеткіштері (халықтың жақсы жұмыс пен өмір сүру үшін жақсы жағдайлар іздеп ауылдық аудандардан көшуіне байланысты қалалардың өсуі) өзгермейтінін атап өткен жөн. Республикада шағын/орта қалалар саны да өте көп (27 моно - және 41 шағын қала), ал ірі қалалар (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент) жалпы халықтың небәрі 21%-н құрайды. Бұл ЭЫДҰ елдерінің көпшілігіен салыстырғанда әлдеқайда төмен.

Сондықтан мемлекеттік бағдарламада үш негізгі бағыт бөліп қарастырылған:

– төрт агломерацияны (орталықтары Астана, Алматы, Шымкент және

Ақтөбеде) және «екінші деңгейдегі» қалаларды дамыту;

– моно- және шағын қалалардың дамуы;

– ауылдық елді мекендерді дамыту.

2020 жылы тұрғындар санының ең көп өсуі негізінен Астана (+4,2%), Алматы (+3,3%) және Шымкент (+3,5%) қалаларында байқалды, халықтың қысқаруы алты өңірде тіркелді: Солтүстік Қазақстан (-0,9%), Шығыс Қазақстан (-0,4%), Қостанай (-0,4%), Ақмола (-0,2%), Павлодар (-0,2%) және Қарағанды (-0,1%) облыстары (4-кесте).

Кесте 4 – Қазақстан өңірлеріндегі халық саны

Өңірлер	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Қазақстан Республикасы			
Ақмола	18 631,8	18 879,6	19 122,4
Ақтөбе	101,3	101,3	101,3
Алматы	73,18	71,37	н/д
Атырау	68,82	67,09	н/д
БҚО	77,30	75,53	н/д
Жамбыл	21,73	22,76	23,50
Қарағанды	7,19	8,60	9,61
Қостанай	8,37	7,77	8,44
Қызылорда	13,4	36,5	44,71
Маңғыстау	-	-	н/д
Павлодар	269 182	265 491	264 088
СҚО	14,54	14,16	13,89
Түркістан	7,54	6,87	7,38
ШҚО	3,23	2,56	2,54
Нұр-Сұлтан қ.	-32 970	-17 718	-21 217
Алматы қ.	18631,8	18879,6	19122,4
Шымкент қ.	101,3	101,3	101,3

Осылайша, 2021 жылы Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының «Урбандалу деңгейі» көрсеткіші [156] Қарағанды облысында іске асырылған жоқ. Елдің жекелеген өңірлерінің «толық урбандалмауы» және көптеген облыстардың шикізаттық бағдары олардың дамуындағы елеулі теңсіздіктерге әкеледі. Осылайша, 2021 жылдың басында жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша осы көрсеткіштің ең жоғары және ең төмен мәндері бар өңірлер (Атырау және Түркістан облыстары) арасындағы алшақтық 15 есені құрады.

«Халықтың нақты ақшалай табысының өсу қарқыны, %» көрсеткіші де орындалмады. Жалпы республика бойынша экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша нақты еңбекақы индексі 2020 жылға қарай +13,2% жоспарында тек +9,1%-ды құрады. Нақты ақшалай кірістердің максималды өсу қарқыны білім беру саласында ғана асып түсті (+16,4%). Жылдық мәнде халықтың нақты ақшалай табысы 2021 жылы 4,1%-ға артты.

2021 жылға қарай Қарағанды облысында халықтың нақты ақшалай табысының индексі 5,6%-ды, ал номиналды – 15,1%-ды құрады, сәйкессіздік 9,5%-ға жуық (5-кесте).

Кесте 5 – Қазақстан өңірлері бойынша номиналды және нақты еңбекақы индекстері, 2017-2021 жж., %

Өңірлер	Номиналды еңбекақы индексі, жылдар %					Нақты еңбекақы индексі, жылдар%				
	2017	2018	2019	2020	2021	2017	2018	2019	2020	2021
<i>Қазақстан Республикасы</i>	105,5	107,9	114,8	113,8	119,3	98,3	101,7	109,1	113,2	109,8
Ақмола	105,5	107,9	114,8	113,8	119,3	98,3	101,7	109,1	113,2	109,8
Ақтөбе	105,7	109,6	115,6	116,5	117,7	98,4	103,2	110,4	109,3	107,1
Алматы	107,8	108,2	114,3	113,9	117,8	101,2	102,7	108,8	107,0	108,0
Атырау	105,2	104,3	118,3	121,6	123,5	98,5	98,2	112,8	113,9	113,8
БҚО	98,6	111,0	119,6	105,9	118,6	90,6	105,1	112,9	99,2	108,7
Жамбыл	105,5	106,7	119,6	106,2	115,6	99,0	100,6	113,6	99,6	106,6
Қарағанды	104,7	108,8	116,1	121,8	122,7	97,5	102,8	110,3	114,3	112,9
Қостанай	107,0	111,5	114,9	114,7	115,1	100,0	105,5	108,9	107,5	105,6
Қызылорда	108,0	108,0	115,8	113,8	119,5	100,5	102,1	110,2	106,8	110,1
Маңғыстау	104,3	105,1	116,6	116,9	120,5	96,9	98,7	111,0	109,7	111,2
Павлодар	103,5	106,2	106,7	107,3	116,7	97,0	99,4	101,1	100,2	106,5
СҚО	107,4	107,7	113,2	113,4	116,9	99,3	101,6	107,8	106,0	107,1
Түркістан	107,0	106,3	117,7	108,5	117,7	98,7	100,5	111,7	111,2	108,8
ШҚО	101,4	105,8	118,9	127,1	121,4	94,2	100,3	113,2	118,9	111,2
Нұр-Сұлтан	106,0	111,3	115,7	114,4	118,4	98,6	105,3	109,9	107,2	109,0
Алматы	106,7	105,9	111,0	108,8	117,5	98,4	99,1	105,0	102,0	108,5
Шымкент	106,8	105,3	111,6	113,6	121,8	99,7	99,2	106,3	106,5	112,6
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [158]										

Қарағанды облысының статистика Департаментінің деректері бойынша 2021 жылғы 3 тоқсанда 2020 жылғы 3 тоқсанға қатысты кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтен басқа және өнер, ойын-сауық және демалыс салаларын қоспағанда, экономиканың барлық салаларында еңбекақының өсуі байқалды. Ең жоғары еңбекақы өсімі (92,3%) және ең жоғары орташа айлық еңбекақы (294 мың теңге) Ақпарат және байланыс саласында, ең төмен деңгейі (96,9 мың теңге) - әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызметті жүзеге асыратын қызметкерлерде байқалады. 2021 жылдың қарашасында Қарағанды облысында орташа жалақы 203 мың теңгеден асты.

2021 жылы Қарағанды облысында әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты, жұмыспен қамтуды және облыс халқының табысын сақтау міндеті қойылды. Жалпы күш-жігердің арқасында өңір бұл сынақтан абыроймен өтті. Табысынан уақытша айырылған 565 мыңнан астам азамат 42 500 теңге көлемінде көмек алды. 80 мыңнан астам адам азық-түлік-тұрмыстық жиынтықтармен қамтамасыз етілді. Дегенмен де, бұл шаралар пандемияға байланысты 2022 жылы ЖӨӨ мен халықтың табысының төмендеу қарқынын ғана төмендетті.

Нәтижесінде Қарағанды облысы үшін Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында [156] белгіленген

көрсеткіштер орындалмады деген қорытынды жасауға болады.

Жоғарыда айтылғандай, «Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» күші жойылып, қазіргі таңда өңірлерге қатысты көрсеткіштер Ұлттық даму жоспарының 2025 жылға дейінгі стратегиялық көрсеткіштер картасы [2] мен жекелеген Ұлттық жобаларда көрініс тапқан. Осылайша, Ұлттық даму жоспарының стратегиялық көрсеткіштер картасында Қарағанды облысын дамытуға қатысты мынадай көрсеткіштер қарастырылған (б-кесте).

Кесте 6 – Қарағанды облысы үшін Ұлттық даму жоспарының бірқатар нысаналы индикаторлары

Нысаналы индикаторлар	Жоспар	Нақты	Жоспар			
	2021 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
Жылдың соңына урбандалу деңгейі, %	81,3	81,3	81,9	82,5	83,0	83,6
алықтың нақты ақшалай табыстарының өсуі, 2019 жылғы деңгейден 2019 жыл бағасында өсім %- бен	22,9	6,7	10,6	14,8	19,0	23,4
Халықтың ең аз қамтылған 40%-ының табысының үлесі, халықтың жалпы табысындағы %	20,88	22,52	23,38	24,24	25,10	25,96
Жұмыссыздық деңгейі, %	4,5	4,6	4,6	4,9	4,9	<4,9
Тұрғын үйге қолжетімділік, халықтың жан басына шаққандағы орташа табысының 1 шаршы метрдің орташа құнына қатынасы (жаңа тұрғын үйді сату (көп пәтерлі тұрғын үйлердегі пәтерлер))	0,32	0,45	0,47	0,50	0,52	0,55
Туу кезіндегі күтілетін өмір сүру ұзақтығы, жас саны	69,14	71,8	72,2	72,6	73,1	73,5
Нәрестелер өлім-жітімі, 1000 тірі туғандарға шаққандағы саны	8,66	7,7	7,6	7,5	7,4	7,3
Аналар өлім-жітімі, 100 мың тірі туғандарға шаққандағы саны	50,0	<35,1	<14,0	<14,0	<14,0	<14,0
Халықтың медициналық мекемелер ұсынатын медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне қанағаттану деңгейі, % ³	56,6	67,8	70,8	73,9	76,9	80,0
Халықтың мектепке дейінгі/орта білім беру сапасына қанағаттану деңгейі, %	71,5	68,6	71,5	74,3	77,2	80,0
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [2]						

б-кесте мәліметтерінен, жоспарланған бірнеше көрсеткіштер бойынша әлі де жоспарлы мәннен ауытқу орын алатынын байқауға болады.

Қарағанды облысындағы өңірлік стратегиялық жоспарлаудың сапасына баға бере отырып, 2021 жылы өңірде Қарағанды облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары [157] (бұдан әрі - жоспар) бекітілгенін атап өткен жөн, ол, өз кезегінде, аумақты дамытудың тоғыз бағыты, 16 мақсат,

нысаналы индикаторлар, облысты дамытудың пайымы мен перспективалары, негізгі мәселелердің кешенді сипаттамасын қамтиды.

Атап айтқанда, 2025 жылға қарай жоспар мынадай индикаторларды көздейді:

– жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім 16 297 АҚШ долларын құрайды;

– еңбек өнімділігінің өсуі 2019 жылғы бағамен бір жұмыспен қамтылғандарға 31,4% немесе 9 293 мың теңгені құрайды;

– урбандалу деңгейі 81,3% жетеді және өзгесі.

Бұл – Ұлттық даму жоспарының 2025 жылға дейінгі стратегиялық көрсеткіштер картасы [2] мен жекелеген Ұлттық жобалардағы индикаторларға сәйкес және облыстың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты жоспарлаған көрсеткіштері.

Облысты дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған жоспарында [157] көзделген іс-шараларды іске асыру нәтижесінде өңір экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, халықтың өмір сүру сапасын арттыру және адами капиталды дамыту қамтамасыз етілетіні бекітіледі.

Жалпы, жоғары деңгейдегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттар сияқты, облысты дамыту жоспарының негізгі кемшіліктерінің бірі – оған дейін іске асырылған бағдарламалық құжаттар бойынша талдаудың болмауы. Алайда, жасалған талдау негізінде, облыста экономика мен әлеуметтік салада жоспарлы және нақты көрсеткіштер арасындағы «алшақтықтардың» орын алатынын атап өту керек. Олар: өңірде халық санының азаюы және қартаю үрдісі байқалады; облыстан халықтың көші-қоны - адамдар Астана, Алматы қалаларына және оларға іргелес Ақмола және Алматы облыстарына көшеді; өнеркәсіпте кен орындары ресурстарының сарқылуы жағдайында өндіріс көлемінің төмендеу қаупі және олардың өндірістік қызметінің қысқаруы аясында жүйе құраушы кәсіпорындардан жұмыс күшін босату қаупі орын алуы мүмкін; агроөнеркәсіптік кешенде өндірістің салыстырмалы түрде төмен өнімділігі, дәнді және бұршақ дақылдарының өнімділігі республика бойынша орташа көрсеткіштен төмен (облыс 1 гектардан 10,8 центнер, ҚР 12,8 центнер); денсаулық сақтау саласында дәрігерлік кадрлардың тапшылығы бар (акушер-гинекологтар, анестезиологтар-реаниматологтар, терапевттер, жедел жәрдем дәрігерлері, педиатрлар, инфекционистер, жалпы практика дәрігерлері және т.б.); білім беру саласында пән мұғалімдерінің тапшылығы сақталуда; ТКШ саласында инженерлік желілердің тозуы, коммуналдық желілердің тозуын азайту үшін инвестициялардың болмауы; тозған, бос және апатты үйлердің болуы; еліміз үшін басымды салалардың бірі туризм саласында Ұлытау мен Қарқаралы қасиетті нысандарына апаратын көлік инфрақұрылымы дамымаған, Ұлытаудағы қонақ үй инфрақұрылымы жеткіліксіз дамыған және басқа да мәселелер орын алуда.

«Қарағанды облысының 2022 жылғы қаңтар-қазандағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы» құжатында [158] дамудың тоғыз бағытымен және облыстың 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарында

айқындалған 16 мақсатпен байланыстырмай, «еркін нысандағы» көрсеткіштерге талдау жүргізілгеніне де назар аудару керек. Сондықтан жоспардың қандай индикаторлар бойынша сәтті не сәтсіз жүзеге асырылатынын түсіну мүмкін емес; жоспарға қандай түзетулер енгізу керек, қаржыландыруды қай бағытта күшейту керек және т.б. Стратегиялық құжаттар арасындағы байланыстың болмауы өңірдегі стратегиялық жоспарлаудың төмен сапасын көрсетіп отыр.

Қарағанды облысы Экономика басқармасының ресми сайтында өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамдары да орналастырылған. Мысалы, Қарағанды облысы әкімдігінің 2022 жылғы 27 қыркүйектегі №63/02 қаулысымен бекітілген Қарағанды облысының 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы [159] (бұдан әрі - болжам) бес бөлімнен және үш қосымшадан тұрады.

Болжамның бөлімдері мен бөлімшелері:

1. Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық даму үрдістері. Экономиканы дамытудың сыртқы және ішкі шарттары:

1.1. Облыстың 2021 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму үрдістері. Экономиканы дамытудың сыртқы және ішкі шарттары.

1.2. Облыстың 2022 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму үрдістері. Экономиканы дамытудың сыртқы және ішкі шарттары

2. Облыс экономикасын дамытудың негізгі басым бағыттары:

2.1. Экономика саласын, әлеуметтік саланы дамытудың және халықтың өмір сүру жағдайларын жақсартудың басымдықтары.

3. Экономикалық саясатты іске асырудың негізгі шаралары:

3.1. Бюджет-салық саясаты.

3.2. Инфляция деңгейін тежеу.

3.3. 2023-2027 жылдарда облыс экономикасының салаларын дамыту.

3.4. Бизнес-климат пен инвестициялық тартымдылықты жақсарту.

3.5. Адами капиталдың сапасын жақсарту.

3.6. Теңгерімді аймақтық даму.

4. 2023-2027 жылдарға арналған Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштерінің болжамы:

4.1. 2023-2027 жылдары облыс экономикасының экономикалық өсу факторлары мен даму шарттары. Экономика салаларының даму болжамы.

4.2. Әлеуметтік сала көрсеткіштерінің болжамы.

5. Қарағанды облысының 2023-2025 жылдарға арналған бюджетінің негізгі параметрлері:

5.1. Қарағанды облысы бюджетінің 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттік параметрлерінің болжамы.

5.2. Бюджетаралық қатынастар.

5.3. 2023-2025 жылдарға арналған бюджет шығыстарының басымдықтары.

5.4. Әлеуметтік-экономикалық дамудың басымдықтарын іске асыруға

бағытталған шығыстардың жаңа бастамалары.

5.5. 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттік инвестициялық саясаттың (оның ішінде бюджеттік инвестициялардың) негізгі басымдықтары.

Қосымшалар.

Қарағанды облысының 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамының шынайылығын бағалау үшін облыстың ішкі және сыртқы даму жағдайларын толық емес және қарама-қайшы бағалауын алуға болады. Болжамды әзірлеушілердің пікірінше, ең маңызды ішкі фактор – «іскерлік белсенділікті жандандыру», ал сыртқы фактор – «мемлекеттер қабылдаған коронавирустың таралуына қарсы шектеу шараларын қабылдау», бұл кәсіпорындардың іскерлік белсенділігінің төмендеуіне әкеледі. Болжам бекітілген кезде (2022 жылғы 27 қыркүйек) ел Қазақстандағы саяси жүйенің өзгеруіне, елдегі экономикалық және әлеуметтік реформалардың жаңа кезеңіне алып келген қаңтар оқиғаларының салдарын әлі де бастан өткеру үстінде болды. Сондай-ақ, әзірлеушілер 2022 жылдың 24 ақпанында басталған Ресейдің Украинадағы арнайы әскери операциясының салдарына мүлдем назар аудармады, бұл, өз кезегінде, әлемнің көптеген елдерінде және Қазақстанның өзінде инфляцияның өсуіне, көлік-логистикалық тізбектердің бұзылуына, АҚШ долларына және Ресей рубліне қатысты теңге бағамының күрт төмендеуіне және басқа да көптеген жағымсыз салдарға әкелді. Болжамның даму бағыттары мен нысаналы индикаторларының Қарағанды облысының 2025 жылға дейінгі даму жоспарының көрсеткіштерімен айқын байланысы жоқ. Жалпы, даму жоспары болжам параметрлерін ескере отырып жаңартылуы керек еді.

2.3 Өңірді дамыту бағдарламалары және Қарағанды облысының мемлекеттік бағдарламаларында ғылыми құраушыны қолдануға қатысты ұстанымды зерттеу

Өңірлік деңгейде мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандыру сапасын бағалау толықтығы үшін автормен өңірлерді дамыту бағдарламалары мен стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеу барысында ғылыми құраушыны қолдануға қатысты ұстанымды анықтау, сондай-ақ өңірлік басқару үдерістерін ғылыми қамсыздандырудың қажеттілігі мен тиімділігін анықтау тұрғысынан Қарағанды облысының облыстық, қалалық және аудандық әкімдіктерінің қызметшілеріне, сондай-ақ өңірлік ғалымдарға социологиялық сауалнама жүргізілді.

Мәселенің қойылуы

Жергілікті басқару органдары деңгейінде көбінесе экономиканы дамыту міндеттеріне қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық әлеуетті неғұрлым тиімді пайдалануға және сыртқы ортаның өзгеруіне бейімделуге баса назар аударатырып, басқарудың стратегиялық әдістерін қолданусыз тиімді қол жеткізуге болмайтыны жайлы түсінік болмайды. Бәлкім, дәстүрлі басқару өзінің ерекшелігіне байланысты өзін-өзі жойып, қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне төтеп беруге қабілетсіз шығар.

Жергілікті басқару органдарының едәуір бөлігі қалыптасқан басқару

стереотиптерін жеңуге дайын емес және қажет деп санамайды деп те болжауға болады. Бұл, өз кезегінде, өңірлік шенеуніктердің өңірлер экономикасының дамуын стратегиялық басқаруды ғылыми қамсыздандыру және тұтастай алғанда ғалымдарды өңірлік басқару мәселелері бойынша сараптамалық және консультациялық қызметке тартуда зерттеулер жүргізуге тапсырысты қалыптастыруға талпынысының болмауын түсіндіреді.

Өңірлердің экономикалық және әлеуметтік-саяси дамуын басқаруды ғылыми қамсыздандырудың тиімділігі мәселесі өзекті болып қала береді. Әрине, ғылыми компонент өңірлерді дамытудың барлық бағдарламаларын әзірлеу кезінде орын алады, бірақ көбінесе ол формальды болып табылады. Бұл жағдай немен байланысты және осы үдерістің екі негізгі стейкхолдерлерінде (шенеуніктер мен ғалымдар) аталмыш мәселеге қатысты ұстанымы қандай? Осы және басқа да бірқатар сұрақтарға жауап алу мақсатында респонденттердің екі негізгі тобына (мемлекеттік қызметшілер мен өңірлік ғалымдар) социологиялық сауалнама жүргізілді.

Зерттеу шеңберінде стандартты сауалнаманың бірқатар негізгі параметрлері қолданылды. Алайда, сауалнама ғылыми құраушыны пайдалана отырып, қалыптасқан жағдайдың жалпы мәселелері бойынша да, респонденттердің өз қызметінің кәсіби саласындағы сарапшылар ретіндегі пікірі бойынша да ақпарат алу міндеттерін іске асыра отырып, жалпы және сараптамалық сауалнамалардың симбиозы ретінде қолданылғанын атап өткен жөн.

Алынған көрсеткіштер оқудың белгілі бір сынына ие болуы керек, өйткені респонденттердің жауаптарына «сауалнама жағдайының» маңызды сипаттамасымен біріктірілген бірқатар факторлар әсер етуі мүмкін (олардың негізгілері: шақырылған сарапшылар, орындаушылар және/немесе Қарағанды облысының даму бағдарламасын әзірлеушілер ретінде ең мәселелік жағдайға респонденттердің бір бөлігінің «қосылуының» жоғары деңгейі).

Сонымен қатар, респонденттердің екі тобының жауаптарына салыстырмалы талдау жүргізу қажеттілігіне байланысты мемлекеттік қызметшілер мен өңірлік ғалымдарға сауалнама жүргізу үшін бірдей сұрақтардың да қойылғанын атап өту қажет.

Зерттеу мақсаты: Өңірді дамыту бағдарламаларын құрастыруға және іске асыруға ғалымдарды тарта отырып, жалпы жағдайды анықтау (Қарағанды облысының мысалында).

Мұнда сауалнаманың 2021 жылы жүргізілуіне байланысты қазіргі таңдағы облысты дамыту жоспары емес, Қарағанды облысын дамыту бағдарламасының алынғанын, алайда, екі бағдарламалық құжаттағы көрсеткіштерде елеулі айырмашылық жоқ екенін айта кеткен жөн.

Зерттеудің тәжірибелік мақсаттары:

1) өңірді басқаруды ғылыми қамсыздандыру мәселелері бойынша респонденттер ұстанымының жалпы сипатын айқындау;

2) өңірді басқару үдерістеріне ғылыми құраушыны тартуға қатысты Қарағанды облысының мемлекеттік қызметшілерінің көзқарастарына баға беру

(оның ішінде ғалымдардың Қарағанды облысын дамыту бағдарламасын әзірлеуге және іске асыруға қатысуы мысалында);

3) өңірді басқару үдерісіне ғылыми құраушыны тартуға қатысты өңір ғалымдарының ұстанымына баға беру;

4) Қарағанды облысының даму бағдарламасын әзірлеу үдерісі стейкхолдерлерінің негізгі топтарында мүдделер қақтығысының болуын/болмауын айқындау;

5) өңірлік басқару үдерістерін ғылыми қамсыздандырудың тетіктерін жетілдіру және тиімділігін арттыру мақсатында тәжірибелік ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу міндеттері:

1) өңірді дамыту бағдарламаларын әзірлеуге ғалымдардың қатысу мәселесі бойынша респонденттердің пікірін анықтау;

2) респонденттердің пікірінше, Қарағанды облысын дамыту бағдарламасын әзірлеуде ғалымдардың (ғылыми құраушының) рөлі неде екенін анықтау;

3) респонденттердің пікірінше, Қарағанды облысын дамыту бағдарламасын әзірлеуде ғалымдардың (ғылыми құраушының) нақты рөлінің неде екенін анықтау;

4) ғалымдардың Қарағанды облысының даму бағдарламасына қатысу дәрежесін бағалау (респонденттердің пікірі тұрғысынан);

5) ғалымдардың Қарағанды облысын дамыту бағдарламасын әзірлеуге қатысу мәселесі бойынша респонденттердің пікірін айқындау;

6) Қарағанды облысын дамыту бағдарламасын әзірлеуге ғалымдарды тартпаудың (егер бұл пікір айтылса) негізгі себептерін анықтау;

7) өңірді дамыту бағдарламасын әзірлеу кезінде мемлекеттік органдар мен ғылым өкілдерінің ынтымақтастығының «мәселелік» аймақтарын анықтау;

8) өңірді дамыту бағдарламасын әзірлеу кезінде консультациялық көмек көрсету үшін ғалымдарға қажетті негізгі сипаттамаларды айқындау;

9) жағдайды қолдау және/немесе түзету бойынша ұсынымдар әзірлеу (алынған нәтижелер шеңберінде).

Зерттеу нысаны: Қарағанды қаласы және Қарағанды облысының мемлекеттік қызметшілері және ғалымдары.

Зерттеу пәні: өңірлік басқаруды ғылыми қамсыздандырудың тиімділігі мен келешегіне қатысты, оның ішінде Қарағанды облысын дамыту бағдарламасын әзірлеу және іске асыру шеңберіндегі ұстанымдар.

Күтілетін нәтижелер:

1. Осы зерттеудің нәтижелері өңірлерді дамыту бағдарламаларын әзірлеуге ғалымдардың қатысу мәселесі бойынша респонденттердің пікірін анықтауға мүмкіндік береді.

2. Осы зерттеудің нәтижелері респонденттердің пікірінше, Қарағанды облысын дамыту бағдарламасын әзірлеудегі ғалымдардың (ғылыми құраушының) рөлі неде екенін анықтауға мүмкіндік береді.

3. Осы зерттеудің нәтижелері, респонденттердің пікірінше, Қарағанды

облысын дамыту бағдарламасын әзірлеудегі ғалымдардың (ғылыми құраушының) нақты рөлінің неде екенін анықтауға мүмкіндік береді.

4. Осы зерттеудің нәтижелері (респонденттердің пікірі тұрғысынан) ғалымдардың Қарағанды облысының даму бағдарламасына қатысу дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді.

5. Осы зерттеудің нәтижелері ғалымдардың Қарағанды облысын дамыту бағдарламасын әзірлеуге қатысу мәселесі бойынша респонденттердің пікірін айқындауға мүмкіндік береді.

6. Осы зерттеудің нәтижелері Қарағанды облысының даму бағдарламасын әзірлеуге ғалымдарды тартпаудың (егер бұл пікір айтылса) негізгі себептерін анықтауға мүмкіндік береді;

7. Осы зерттеудің нәтижелері өңірді дамыту бағдарламасын әзірлеу барысында мемлекеттік органдар мен ғалымдар өкілдерінің ынтымақтастығының «мәселелік» аймақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

8. Осы зерттеудің нәтижелері өңірді дамыту бағдарламасын әзірлеу кезінде консультациялық көмек көрсету үшін ғалымдарға қажетті негізгі сипаттамаларды айқындауға мүмкіндік береді.

9. Осы зерттеудің нәтижелері жағдайды қолдау және/немесе түзету бойынша ұсыныстар әзірлеуге (алынған нәтижелер шеңберінде) мүмкіндік береді.

Зерттеу әдісі: жеке сауалнама әдісін қолданумен стандартталған сұхбат. Сауалнаманы жүргізу тәсілі: жұмыс орны немесе тұрғылықты жері бойынша жеке ресімделген сұхбат.

Зерттеу құралдары:

Сауалнама (Қосымша), маршруттық парақ, нұсқаулықтар.

Сауалнама сұрақтардың үш негізгі түрін (ашық, жабық және жартылай жабық) және шкаланы қамтыды.

Іріктеу.

Зерттеу шеңберінде жиынтықтың жалпы санының кемінде 60% негізгі массив әдісін қолдана отырып, іріктеменің статистикалық репрезентативті моделі пайдаланылды. Осылайша, N=167 адам жиынтығында іріктеу n=100 адамды құрады.

Зерттеудің тәжірибелік мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ респонденттер туралы деректерді пайдалану мүмкіндігін ескере отырып, іріктеменің квоталық моделі қолданылды. Іріктеудің бұл түрі квоталардың пайыздық ара-қатынасының жалпы және іріктемелі жиынтықтарға сәйкестігін болжайды.

Жүргізілген зерттеудің бағытын ескере отырып, іріктеме квоталарының мынадай құрамы айқындалды: респонденттің жұмыс бейіні, респонденттің лауазымы, ұйымдағы жұмыс өтілі. Біздің ойымызша, бұл квоталар респонденттердің мәртебесі мен жұмыс тәжірибесіне байланысты пікірлерінің таралуын көрсете алар еді, бұл, өз кезегінде, сауалнаманың белгілі бір сұрақтарына жауаптарын талдау кезінде респонденттердің құзыреттілігін бағалау қателіктерін болдырмауға мүмкіндік берер еді. Алайда, сауалнамаға

қатысқандардың аз ғана бөлігінің төлқұжат бағандарын толтырғанын атап өткен жөн. Осылайша, «квота» сұрақтарына жауап беруден жалтарғандардың жоғары пайызы респонденттердің жауаптарын саралап талдауға және олардың құзыреттілігінің корреляциясын құруға мүмкіндік бермеді. Сондықтан, талдау кезінде респонденттің кәсіби тиесілілік квотасы негізгі ретінде пайдаланылды.

Іріктемеге 2021 жылы сауалнама жүргізілген мерзімдегі Қарағанды облысының құрамына енген 9 қала мен 9 аудан кірді: Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Жезқазған, Сәтбаев, Саран, Шахтинск, Приозерск, Қаражал; Абай ауданы, Ақтоғай ауданы, Бұқар Жырау ауданы, Жаңаарқа ауданы, Қарқаралы ауданы, Нұра ауданы, Осакаров ауданы, Ұлытау ауданы, Шет ауданы.

Іріктеу: 100 адам.

Ескерту: көрсеткіштерді санауға келетін болсақ, респонденттерге бір таңдау жасау ұсынылатын сұрақтарда ол жүз пайыз негізінде есептелді. Таңдау саны біреуден асатын сұрақтар бойынша бөлу іріктемеге сәйкес жүргізілді, сондықтан жалпы көрсеткіштер жүз пайыздан асады.

Ауысуды көздейтін сұрақтар бойынша жиынтық көрсеткіш жүз пайыздан асуы да, төмен болуы да мүмкін.

Сауалнаманың кіріспе сұрағы ретінде респонденттердің өңірді дамыту бағдарламаларын әзірлеуге ғалымдардың қатысу қажеттілігіне қатысты жалпы ұстанымын анықтайтын сұрақ пайдаланылды («Сарапшы-ғалымдар өңірлерді дамыту бағдарламаларын әзірлеуге қатысуы керек деп ойлайсыз ба?»). Кіріспе сипатынан басқа, бұл сұрақ бақылау сұрақтарына қатысты фондық сұрақ ретінде қолданылды, бұл респонденттердің жауаптарының қаншалықты формальды болғанын және олардың нақты көзқарастарын көрсету/көрсетпеуін бағалауға мүмкіндік берді.

Алынған жауаптар респонденттердің басым бөлігінің (сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 78%-н) бағдарламаны әзірлеу мен іске асыруды ғылыми қамсыздандырудың бағдарлама тиімділігінің қажетті шарты деп есептейді деген алдын ала қорытынды жасауға мүмкіндік берді (10-сурет). Сауалнамаға қатысқан мемлекеттік қызметшілер (76,9%) және ғалымдар да (81,8%) бұл жауап нұсқасын таңдағанын атап өткен жөн. Бұл ретте, осы нұсқа бойынша ғалымдар жауабының көрсеткіші 4,9%-ға жоғары.



Сурет 10 – Респонденттердің «Сарапшы-ғалымдар өңірлерді дамыту бағдарламаларын әзірлеуге қатысуы керек деп ойлайсыз ба?» сұрағына жауабы

Ескерту – Автормен құралған

Сауалнамаға қатысқандардың тағы 10%-ы ғалымдарды тарту қабылданған тәжірибе екенін атап өтті. Оның ішінде: мемлекеттік қызметшілер – 7,7%, ал өңірлік ғалымдар – 18,2%. Мұнда жауаптың формальды сипатына ие екенін және ол бойынша ғалымдар жауабының жоғары көрсеткішіне назар аудару қажет.

Жалпы, «иә» нұсқасы 88%-ға тең болды.

Теріс жауаптардың жалпы пайызы 10%-ды құрады. Олардың ішінде «жоқ, сарапшы ғалымдар нақты өңірлік мәселелерді аз түсінеді» нұсқасына жауаптардың 8%-ы тиесілі болды. Ал «жоқ, ғалымдар қалыптасқан жағдайдан тым алшақ» деген жауапты респонденттердің 2%-ы таңдады. Бір қызығы, «жоқ» нұсқасы бойынша таңдауды тек мемлекеттік қызметшілер таңдағаны да қызығушылық тудырады (12,9%).

Респонденттердің 2%-ы осы сұраққа жауап беруде қиындықтарға тап болған, бұл, өз кезегінде, төмен көрсеткіш болып табылады және іріктеу параметрлерін анықтаудың репрезентативтілігін жанама түрде дәлелдейді.

Ғалымдардың шамамен 20%-ң формальды жауап нұсқасын таңдауы да назар аудартады, бұл, өз кезегінде, ғалымдардың «солай болуы керек» деген мағынада тартылатындығын және олардың рөлі тек формальды қатысудан тұратынын жанама түрде дәлелдейді.

Сауалнаманың екінші сұрағының («Қарағанды облысын дамыту бағдарламасын әзірлеуде ғалым-сарапшының рөлі қандай болуы тиіс деп ойлайсыз?») мақсаты - респонденттердің өңірді дамыту бағдарламаларын әзірлеу үдерісінде ғалым-сарапшының «формальды мәлімделген» мәртебесі мен рөліне қатысты жалпы көзқарасын анықтау.

Бірінші сұрақтағыдай, сауалнаманың екінші сұрағына жауап беру

барысында мемлекеттік қызметшілер мен ғалымдардың көпшілігі бірдей жауап нұсқаларын таңдады. Олардың ұстанымына сәйкес, өңірді дамыту бағдарламаларын әзірлеудегі ғалымдардың рөлі кеңес беру сипатына ие және олардың пікірі барлық басқа әзірлеушілердің пікірімен бірге ескеріледі – 78% (11-сурет). Осы нұсқа бойынша мемлекеттік қызметшілердің жауап нұсқасы 74,4%, ал ғалымдар – 81,8%-ды құрады.



Сурет 11 – Респонденттердің «Қарағанды облысын дамыту бағдарламасын әзірлеуде ғалым-сарапшының рөлі қандай болуы тиіс деп ойлайсыз?» сұрағына жауабы

Ескерту – Автормен құралған

Сауалнамаға қатысқандардың 18%-ы сарапшы ғалымдарға ақпараттық рөл тиесілі деп есептейді. Бұл – ғалымдар жай ғана өз пікірлерін білдіреді және оны қабылдауға да, ескермеуге де болады деп есептейтін респонденттер. Яғни, ғалымдардың ұстанымы нақты күшке ие емес деген ықтималдық. Жауаптың осы нұсқасы бойынша таңдауды негізінен мемлекеттік қызметшілер жасады, бұл, өз кезегінде, болжамды және, мүмкін, олардың өңірлік басқару үдерістеріне ғылыми құраушыны пайдалану перспективалары мен қажеттілігіне қатысты жалпы ұстанымын объективті түрде көрсетеді. Бұл жауапты таңдаған ғалымдар тек 9,1%-ды құрады. Мұнда біз бұл мәселе бойынша ғалымдардың ұстанымын емес, олардың нақты жағдай мен өңірлерді дамыту бағдарламаларын әзірлеуге тартылған ғалымдардың рөлі туралы пікірін байқап отырмыз.

Сарапшы ғалымдардың пікірін сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының тек 4%-ы ғана негізгі, маңызды деп санайды. Олардың көпшілігін, әрине, ғалымдар (9,1%) құрады.

Бірде-бір респондент теріс пікір білдірген жоқ.

«Өзгесі» нұсқасы бойынша да жауаптар болмады.

Сауалнаманың үшінші сұрағында («Қарағанды облысын дамыту

бағдарламасын әзірлеуде ғалым-сарапшының нақты рөлі қандай деп ойлайсыз?») респонденттерге Қарағанды облысының даму бағдарламасын әзірлеудегі ғалым-сарапшылардың формальды емес, нақты рөліне қатысты өз пікірлерін білдіру ұсынылды. Бұл екінші сұраққа қатысты бақылау сұрақ ретінде қолданылды.

Сауалнаманың екінші және үшінші сұрақтарына респонденттердің жауаптарын салыстырмалы талдау осы үдерістегі сарапшы ғалымның формальды рөлі мен нақты рөліне қатысты ұстанымның арасындағы айтарлықтай сәйкессіздіктерді көрсетті. Осылайша, нәтижелер келесідей: «кеңесші рөлі, сарапшы ғалымның пікірі барлық басқа әзірлеушілердің пікірімен бірге ескеріледі» - 52%, бұл алдыңғымен салыстырғанда 26%-ға төмен (7-кесте). Іріктеу квоталары бойынша нәтижелер айырмасы – мемлекеттік қызметшілерде - 56,4% (-18%) және ғалымдарда - 36,4% (-45,4%) құрады.

Кесте 7 – Респонденттердің «Қарағанды облысын дамыту бағдарламасын әзірлеуде ғалым-сарапшының нақты рөлі қандай деп ойлайсыз?» сұрағына жауабы

Жауап нұсқасы	Ғалымның рөлі формальды	Ғалымның рөлі шынайы
а) негізгі, ғалымдар-сарапшы пікірі шешуші болып табылады	4%	2%
б) кеңесші, ғалым-сарапшының пікірі барлық басқа әзірлеушілердің пікірімен қатар ескеріледі	78%	52%
в) ақпараттық, ғалым пікірі қабылдануы немесе ескерілмеуі мүмкін	18%	26%
г) ғалым-сарапшылар өңірлерді дамыту бағдарламаларын әзірлеуге тартылмауы тиіс	0%	18%
д) өзгесі	0%	2%
<i>Барлығы</i>	<i>100</i>	<i>100</i>
Ескерту – Автормен құралған		

«Ақпараттық, ғалым пікірі қабылдануы немесе ескерілмеуі мүмкін» нұсқасы бойынша, таңдау саны 8%-ға артып, 26%-ды құрады. Осы жауап нұсқасы бойынша мемлекеттік қызметшілер таңдаудың 30,8%-на ие болып, бұл көрсеткіш алдыңғыдан 7,7%-ға жоғары болды. Ғалымдардың таңдау пайызы өзгеріссіз қалды.

Егер алдыңғы сұрақта «сарапшы-ғалымдар Қарағанды облысын дамыту бағдарламасын әзірлеуге тартылмайды» деген нұсқасын ешкім таңдамаған болса, ал үшінші сұрақта осы нұсқа бойынша таңдау 18%-ды құрады. Олардың ішінде: мемлекеттік қызметшілер - 10,3%, ғалымдар – 45,5%. Сауалнамаға қатысқан ғалымдар үшін «Г» нұсқасы таңдау тұрғысынан негізгі нұсқаға айналды.


«Өзгесі» нұсқасы 2%-ды құрады. Респонденттердің өздері «тек ресми, тек

осылай қабылданғандықтан ғана тартылады» деп атап өтті.

Осылайша, сауалнаманың үшінші сұрағына жауаптардың нәтижелері бойынша Қарағанды облысын дамыту бағдарламасын әзірлеу барысында сарапшы-ғалымдардың рөлі таза формальды және оларды әзірлеуге тартпайды немесе эпизодтық түрде тарту ықтималдығы бар деген қорытынды жасауға болады.

Сауалнаманың төртінші сұрағының («Өңірлерді дамыту бағдарламаларын әзірлеу сатысында бейін бойынша ғалымның (экономист, заңгер, эколог және т.б.) сараптамалық пікірінің негізгі рөлі қандай болуы тиіс деп ойлайсыз?») мақсаты - өңірлерді дамыту бағдарламаларын әзірлеу сатысында ғалымдар қандай рөл атқаруы тиіс, олардың негізгі үлесі қандай болуы тиіс деген ұстанымын айқындау.

Сауалнамаға қатысқан мемлекеттік қызметшілер мен ғалымдардың жауаптарына сәйкес ғалымның негізгі рөлі келесіде: өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы бойынша сараптамалық қорытынды (пікір) ұсыну – 62% (12-сурет). Осы нұсқа бойынша сұрақтың басым бөлігіне ғалымдардың өздері жауап берді – 81,8%. Мемлекеттік қызметшілердің таңдау пайызы – 56,4% құрады.



Сурет 12 – Респонденттердің «Өңірлерді дамыту бағдарламаларын әзірлеу сатысында бейін бойынша ғалымның (экономист, заңгер, эколог және т.б.) сараптамалық пікірінің негізгі рөлі қандай болуы тиіс деп ойлайсыз?» сұрағына жауабы

Ескерту – Автормен құралған

«Өңірді дамыту бағдарламасын іске асыру нәтижелерінің нысаналы индикаторларын әзірлеу» нұсқасы да жоғары көрсеткішке ие болды (44%). Оның ішінде: мемлекеттік қызметшілер – 48,7%, ғалымдар – 27,3%.

Таңдаудың төмен көрсеткіші «Өңірді дамыту бағдарламасын іске асыруды қажетті қаржыландыру көлемін есептеу» нұсқасына ие – 4%. Олардың

барлығы мемлекеттік қызметшілерге тиесілі.

«Даму тұрақтылығын есептеу үшін индикаторларды анықтау» нұсқасы бойынша респонденттерден жауап алынбады.

«Өзгесі» нұсқасы бойынша сауалнамаға қатысқандардың өздері «сарапшылар тартылмайды» жауабын таңдады (4%).

Осылайша, сауалнамаға қатысқандардың пікірінше, ғалымдардың негізгі рөлі сараптамалық қорытынды беру және өңірді дамыту бағдарламасын іске асыру нәтижелерінің нысаналы индикаторларын әзірлеу болуы тиіс. Бұл, өз кезегінде, өте қисынды және перспективалы болып көрінеді, бірақ қазіргі уақытта ол іске асырылмайтын сияқты.

«Ғалымдар Қарағанды өңірінің бағдарламасын әзірлеуге қатысады ма?» деген тікелей сұраққа респонденттердің тек 10%-ы оң жауап берді. Оның ішінде: мемлекеттік қызметшілер – 10,3%, ғалымдар – 9,1%.

Сауалнамаға қатысқандардың 30%-ы теріс жауап берді. Оның ішінде: мемлекеттік қызметшілер – 30,8%, ғалымдар – 27,35%.

Ең жоғары көрсеткіштерге осы сұраққа жауап беруде қиындықтарға тап болғандарды берді – 30%. Бұл респонденттер үшін сұрақтың күрделілігінің жоғары деңгейін көрсетеді. Сұрақтың күрделілігі оның нақтылығы мен хабардарлықтың жоғары деңгейімен анықталады. «Жауап бермегендердің» жоғары пайызын ескере отырып, ғалымдарды Қарағанды өңірін дамыту бағдарламасын әзірлеуге тарту мәселесіне қатысты жағдайды нақты анықтауда қиындық туындайтынын ескеру керек. Алынған көрсеткіш стейкхолдерлердің (мемлекеттік қызметшілер мен ғалымдар) хабардарлық деңгейін көрсетеді.

Сауалнаманың бесінші сұрағы алдыңғы сауалнамада оң жауап берген респонденттерге қойылды: ғалымдардың Қарағанды облысын дамыту бағдарламасын әзірлеуге қосқан үлесінің дәрежесін он балдық шкала бойынша бағалау ұсынылды.

Бағалау шкаласы бойынша орташа балл 5,5 балды құрады. Оның ішінде: мемлекеттік қызметшілерде 8 балл, ғалымдарда 3 балл.

Оның үстіне, бұл төмен көрсеткіштің қатысудың тиімділігі емес, түпкілікті өнім болып табылатын бағдарламадағы ғалымдар пікірінің көрінісі болып табылатындығын атап өткен жөн.

Сауалнаманың алтыншы сұрағына төртінші сұрақта «Жоқ» нұсқасын таңдаған респонденттер ғана жауап берді - 30%.

Олардың пікірінше, сарапшы ғалымдар Қарағанды облысының даму бағдарламасын әзірлеуге қатыспайды. Оның себебі: 1) бағдарламаны әзірлеуші жергілікті басқару органдары тарапынан қызығушылықтың болмауы - 16%. Оның ішінде: мемлекеттік қызметшілер – 12,8%, ғалымдар – 27,3%; 2) «ғалым-сарапшылардың жұмысын қаржыландыру қарастырылмаған» – 8%. Оның ішінде: мемлекеттік қызметшілер – 7,7%, ғалымдар – 9,1%.

Үшінші кезекке Қарағанды облысының даму бағдарламасын әзірлеуге сарапшы-ғалымдарды тартудың қажеті жоқ деп есептейтін респонденттер иеленді – 6%. Осы нұсқа бойынша барлық таңдау мемлекеттік қызметшілерге тиесілі болды.

Ғалымдардың өздері Қарағанды өңірінде облыс мәселелерімен айналысатын білікті сарапшы ғалымдар жоқ деп есептейді. Таңдаудың жалпы пайызы – 2, ал ғалымдар бойынша – 9,1.

«Өзгесі» нұсқасы аясында респонденттердің өздері «олардың пікірін тыңдамайды» деп көрсетті (2%). Және бұл жауапты тек ғалымдардың өздері көрсетті.

Осылайша, респонденттердің пікірінше, ғалымдарды Қарағанды облысының даму бағдарламасын әзірлеуге «тартпаудың» негізгі себептері: мемлекеттік органдар тарапынан қызығушылықтың болмауы және ғалымдардың бағдарламаны әзірлеуге қатысуын қаржыландырудың көзделмеуі.

Сауалнаманың жетінші сұрағына («Егер қатысатын болса, онда ғалым-сарапшылардың Қарағанды өңірінің бағдарламасын әзірлеуге қатысуы тиімді ме?») бесінші сұрақта «Иә» нұсқасын таңдаған респонденттер ғана жауап берді – 10%.

Олардың пікірінше, ғалым-сарапшылардың Қарағанды облысын дамыту бағдарламасын әзірлеуге қатысуы тиімді – 14%. Оның ішінде: мемлекеттік қызметшілер – 15,4%, ғалымдар – 9,1%.

«Иә» нұсқасын таңдаған респонденттердің жалпы санының 8%-ы «орташа тиімді» ретінде бағалайды. Бұл ұстаным сауалнамаға қатысқандардың пікірінше, ғылыми негіздеменің барлық мүмкін нұсқалары бағдарламада көрініс таппауымен байланысты. Жауаптың бұл нұсқасын тек мемлекеттік қызметшілер таңдады – 10,3%.

Ғалымдардың Қарағанды облысын дамыту бағдарламасын әзірлеуге қатысу тиімділігі төмен, себебі ол негізінен шынайылыққа толығымен сәйкес келмейтін теориялық ережелерден көрініс табады дегендер 6%-ды құрады, және оның 7,7%-ы – мемлекеттік қызметшілер.

Осылайша, респонденттер жауаптарының жиынтық көрсеткіштері ғалымдардың Қарағанды облысын дамыту бағдарламасын әзірлеуге қатысуының орташа тиімділігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Сауалнаманың сегізінші сұрағы («Қарағанды облысын дамыту бағдарламасын әзірлеу барысында мемлекеттік органдар мен сарапшы-ғалымдардың өзара іс-қимылының тиімділігін қалай бағалайсыз?») сұрағының мақсаты - стейкхолдерлердің өздері бір-бірімен өзара іс-қимыл тиімділігінің деңгейін қаншалықты бағалайтынын анықтау және ғалымдарды өңірді басқару және даму бағдарламаларын әзірлеу үдерісіне тартудың төмен деңгейінің қалыптасқан жағдайы арасындағы корреляцияның болуын жанама түрде анықтау.

Респонденттердің 32%-ң ғылым мен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын жеткілікті тиімді деп бағалауына қарамастан, бұл көрсеткішті қалыптасқан жағдайдың объективті көрінісі деп атауға болмайды (респонденттердің екі тобының таңдау теңгерімсіздігіне байланысты: мемлекеттік қызметшілер – 38,5%, ғалымдар – 9,1%). Ғалымдардың өздері осы саладағы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тиімділігін орташа және төмен деп бағалайды.

«Орташа, олар бір-бірінің пікірін үнемі ескере бермейді» нұсқасы 30%-ды құрады, мұндағы таңдауды көбінесе ғалымдар жасады – 54,5%.

«Төмен» нұсқалары бойынша таңдаудың жалпы көрсеткіші – 22%. Оның ішінде: «төмен, шешім сарапшы ғалымдардың пікірін ескерусіз қабылданады» нұсқасы бойынша – 20% және «төмен, шешім мемлекеттік қызметшілердің пікірін ескерусіз қабылданады» нұсқасы бойынша – 2%.

Респонденттердің 16%-ы осы сұраққа жауап беруде қиындықтарға тап болды. Олардың барлығы мемлекеттік қызметшілер – 20,5%.

Қарағанды облысын дамыту бағдарламасын әзірлеу үдерісінде мемлекеттік органдардың өңір ғалымдарымен өзара іс-қимылының тиімділігінің төмен деңгейіне байланысты қалыптасқан жағдайдың негізгі себептерін анықтауға тырысу қажет.

Осылайша, алынған нәтижелерге сәйкес, сауалнаманың тоғызыншы сұрағына жауап беру барысында («Қарағанды облысын дамыту бағдарламасын әзірлеу кезінде мемлекеттік органдар мен сарапшы-ғалымдардың өзара іс-қимылындағы негізгі қиындықтар неден көрінеді деп ойлайсыз?») негізгі себеп ретінде келесі жауап таңдалды - әзірлеуші мемлекеттік органдар тарапынан қызығушылықтың болмауы (респонденттердің 30%-ы). Алайда, бұл жерде осы жауап нұсқасы бойынша негізгі таңдауды ғалымдар жасағанына назар аударған жөн - 63,6%. Ал мемлекеттік қызметшілер таңдауды тек 20,5%-на ие болды.

Екінші орынды «Өңірдің нақты тәжірибесінде сарапшы ғалымдардың ұсынымдарын қолданудың мүмкін еместігі» иеленді – 20%. Мұнда негізгі таңдауды мемлекеттік қызметшілер беріп отыр – 25,6%.

Респонденттердің нұсқасы бойынша «себептер рейтингінде» үшінші орынды 14% көрсеткішімен ғалымдар ұсынымдарының өңірдің нақты мәселелері мен қажеттіліктерінен «алшак» және шамадан тыс «теорияланған» болуы иеленуде. Мұнда ғалымдар мен мемлекеттік қызметшілердің таңдау санының біршама сәйкес келетінін атап өткен жөн - сәйкесінше 18,2% және 12,8%.

«Олар бір-бірін «естімейді», «сарапшы ғалымдар тарапынан материалды ұсынудың күрделілігі» және «бағдарламаны әзірлеудің және іске асырудың қысқа мерзімдері» нұсқаларын респонденттердің 8%-ы таңдады.

Негізгі себептердің бірі ретінде «қаржыландырудың шектеулілігі» жауабын сауалнамаға қатысқандардың тек 6%-ы таңдады.

«Сарапшы ғалымдар тарапынан қызығушылықтың болмауы» нұсқасы бойынша – 2% таңдауды тек мемлекеттік қызметшілер (2,6%) көрсетті.

Мемлекеттік қызметшілердің басым бөлігі «жауап беруге қиналамын» жауабын таңдады (41%). Бұл өте жоғары көрсеткіш, және ол респонденттердің осы тобында ерекше алаңдаушылық туғызбайтындығын көрсетеді. Жалпы, «жауап беруге қиналамын» нұсқасы бойынша көрсеткіш 34%-ды құрады.

Осылайша, алынған нәтижелер, ең алдымен, мемлекеттік органдар тарапынан ғалымдарды өңірді дамыту бағдарламаларын әзірлеуге тартуға нақты қызығушылығының жоқтығын көрсетеді. Сондай-ақ, аталған мәселені шешуде ғалымдар үшін қаржылық компонент іс жүзінде ешқандай рөл

атқармайтынын атап өткен жөн.

Сауалнаманың оныншы сұрағының («Әдістерді, стратегияны және оны іске асырудың индикаторларын таңдаудың негіздемесі ретінде айқын ғылыми құрамдас бөлігі бар мемлекеттік даму бағдарламаларының мысалдарын келтіре аласыз ба?») мақсаты – респонденттердің ғылыми құраушының даму бағдарламаларына интеграциялануын талдау мәселесінде қаншалықты құзыретті екенін анықтау. Ол үшін оларға айқын ғылыми құраушысы бар мемлекеттік бағдарламаларды мысалға келтіру ұсынылды.

Бұл сұраққа респонденттердің тек 4%-ы жауап берді және олардың барлығы ғалымдар - 18,2%.

Респонденттердің 54%-ы «жоқ» нұсқасын таңдады, оның ішінде: мемлекеттік қызметшілер – 53,8%, ғалымдар – 54,5%. Бұл жағдайда теріс жауап респонденттердің ақпаратсыздығының тікелей көрсеткіші болып табылмайды. Керісінше, бұл жерде олардың көзқарасы бойынша мұндай бағдарламалардың болмауын болжауға болады.

Бұл сұрақта «жауап беруге қиналамын» нұсқасын таңдаған респонденттердің 42%-н шартты түрде құзыреттілігі төмендер қатарына жатқызуға болады.

Осылайша, алынған нәтижелерді әдістерді, стратегияны және оны іске асыру индикаторларын таңдаудың негіздемесі ретінде көрсетілген ғылыми құраушысы бар мемлекеттік даму бағдарламаларының жоқтығы туралы респонденттердің басым пікірі тұрғысынан ғана шартты түрде ақпараттық деп санауға болады.

Ғылыми құраушыны өңірлерді дамыту бағдарламаларына енгізудің қажетті шарттарының бірі - ғылыми қызығушылық саласына өңірлік немесе онымен сабақтас мәселелер кіретін білікті кадрлары бар ғылыми кластерлердің болуы.

«Өңірді дамыту бағдарламалары мен стратегияларын әзірлеу кезінде қандай ғалымдар мемлекеттік органдарға консультациялық көмек көрсете алады/көрсетуі керек деп ойлайсыз?» сұрағына жауап беру барысында респонденттердің басым бөлігінің Қарағанды өңірінде осындай ҒЗИ әрекет ететінінен бейхабар екені анықталды. «Жауап беруге қиналамын» нұсқасын сауалнамаға қатысқандардың 68%-ы таңдады. Бұл көрсеткішті респонденттердің басым бөлігінің осы мәселедегі бейхабарлық деңгейі ретінде де, облыстағы осындай ұйымдардың нақты тапшылығы ретінде де түсіндіруге болады. Бірінші жағдайда және өңірлік ғылыми-зерттеу институттарының нақты болуын ескере отырып, олардың облысты басқару үдерістеріне қатысуы эпизодтық сипатқа ие немесе олар бұл үдеріске мүлдем қатыспайды деген қорытынды жасауға болады.

Сауалнаманың он бірінші сұрағының («Өңірді дамыту бағдарламалары мен стратегияларын әзірлеу барысында қандай ғалымдар мемлекеттік органдарға консультациялық көмек көрсете алады/көрсетуі керек деп ойлайсыз?») мақсаты - өңірді дамыту бағдарламалары мен стратегияларын әзірлеу барысында ғалымның мемлекеттік органдарға консультациялық көмек

көрсету үшін қандай құзыреттер мен сипаттамаларға ие болуы міндетті екенін анықтау.

Респонденттер жауаптарының нәтижелеріне сәйкес ғалымның ғылыми дәрежеге ие болуы немесе бейінді маман болуы міндетті емес. Ең бастысы, оның өңірлік мәселелермен байланысты салада тәжірибелік зерттеулерінің болуы - 50% немесе өңірдің даму мәселелері бойынша тікелей зерттеулерінің болуы - 34%. Бұл жауап нұсқалары респонденттердің барлық топтары үшін таңдауына негізгі болды.

«Ғылым докторлары мен кандидаттары» нұсқасын сауалнамаға қатысқандардың тек 10%-ы көрсетті, мұнда бұл жауапты ғалымдардың өздері таңдаған – 18,2%.

«Ең бастысы, ғалым бейінді маман болуы тиіс (экономист, заңгер, эколог және т.б.)» нұсқасы бойынша респонденттердің тек 12%-ынан жауап алынды.

Аталған сұраққа жауап беру барысында қиындыққа тап болғандар респонденттердің 8%-н құрады.

Осылайша, өңірді дамыту бағдарламалары мен стратегияларын әзірлеуге қатысушы ретіндегі ғалымның басты құндылығы - оның өңірлік мәселелер бойынша зерттеу тәжірибесінің болуы. Барлық басқа сипаттамаларды қосалқы ретінде қарастыруға болады.

Сауалнаманың он екінші сұрағы («Өңірлерді дамыту бағдарламаларын әзірлеуші және іске асырушы мемлекеттік органдардың және сарапшы-ғалымдардың ынтымақтастығы тұрақты негізде құрылуы тиіс деп ойлайсыз ба?») тікелей ақпарат алу мақсатымен қатар бақылау сұрағы ретінде пайдаланылды. Осылайша, әзірлеушілердің барлық топтарының тұрақты байланысының болуы топтық жұмыс пен өзара әрекеттесу тиімділігінің жанама көрсеткіші болып табылады.

Алынған мәліметтерге сәйкес, сауалнамаға қатысқандардың тек 34%-ы өңірлерді дамыту бағдарламаларын құрастырушы және іске асырушы мемлекеттік органдар мен сарапшы-ғалымдардың ынтымақтастығы тұрақты негізде құрылуы тиіс деп санайды, оның ішінде: мемлекеттік қызметшілер – 38,5%, ғалымдар – 18,2%.

Мұндай ынтымақтастықтың қажет екендігіне сенімді емеспіз дегендер 36%-ды құрады және олардың басым бөлігі – сарапшы-ғалымдар (81,8%). Мұндай ұстаным бағдарламаны іске асыру таза тәжірибелік сипатқа ие деген басым көзқараспен байланысты.

Сұраққа жалпы сұралғандардың 8%-ы теріс жауап берді және олардың барлығы - мемлекеттік қызметшілер (10,3%).

Аталған сұраққа жауап беру барысында респонденттердің 22%-ы қиындықтарға тап болды және олардың барлығы мемлекеттік қызметшілер (28,2%).

Осылайша, респонденттердің басым бөлігі өңірлерді дамыту бағдарламаларын құрастырушы және іске асырушы мемлекеттік органдардың және сарапшы-ғалымдардың ынтымақтастығы тұрақты негізде құрылмауы тиіс деп санайды. Және бұл көзқарасты негізінен ғалымдардың ұстанатынын атап

өту керек.

Сауалнаманың он үшінші сұрағында («Өңірлерді дамыту бағдарламаларын әзірлеуші және іске асырушы мемлекеттік органдардың және сарапшы-ғалымдарының ынтымақтастығының тиімділігін арттыру бойынша Сіздің ұсыныстарыңыз») респонденттерге өңірлерді дамыту бағдарламаларын әзірлеушілер мен іске асырушы мемлекеттік органдар мен сарапшы-ғалымдардың ынтымақтастығының тиімділігін арттыру бойынша өз ұсыныстарын білдіру ұсынылды.

Сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігінде (64%) ұсыныстар болмады. Оның ішінде: мемлекеттік қызметшілер – 76,9%, ғалымдар – 18,2%.

Респонденттердің тағы 18%-да ұсыныстардың болмау себебі олар аталған екі тараптың өзара ынтымақтастығы жақсы деңгейде деген пікірдің болуымен байланысты және бұл нұсқаны тек мемлекеттік қызметшілер таңдады (23,1%). Бұл, өз кезегінде, қалыптасқан жағдайды мемлекеттік органдардың жеткілікті деп есептейтінін айқындайды.

Осылайша, сауалнамаға қатысқандардың тек 18%-ы (ғалымдар - 81,8%) өз ұсыныстарын білдірді. Айтылған ұсыныстардың ішінде: «Өңірлерді дамыту бағдарламаларын құрастыру және іске асыру барысында өңірдің нысаналы (өткір) мәселелері бойынша «сарапшылар банкі» құрып, олардың ұсыныстарын ескеру қажет - 6%, «Ғалымдар мен мемлекеттік қызметшілер арасындағы тәжірибеге бағдарланған өзара әрекеттестікті дамыту бағытындағы жұмысты күшейту. Ынтымақтастық номиналды және формальды емес, нақты сипатта болуы керек» - 4%, «Өңірлерді дамыту бағдарламаларын құрастыру және іске асырудың барлық кезеңінде ғалымдар мен мемлекеттік қызметшілердің өзара іс-қимыл үдерісін ұйымдастыратын және бақылайтын жетекшілік етуші орган құру қажет» - 4%, «Өңірлік университеттер базасында сарапшы ғалымдардың бірыңғай базасын құру, олардың рөлі тек сараптамалық бағалауды жүргізіп, өңірді дамыту бағдарламаларын әзірлеуге қатысумен ғана емес, сонымен қатар, өңірлік билік органдарының сұранысы бойынша мемлекеттік қызметшілер үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізуден де тұруы тиіс» – 4%.

Бұл ұсыныстарды сындарлы және нақты деп сипаттау қиынға соғады. Көбінесе бұл ұсыныстарда айқын эмоционалдылық басым. Бұл ғалымдар үшін аталған мәселенің қаншалықты өзекті екенін дәлелдейді. Ал мемлекеттік органдардың өкілдерін өңірлерді дамыту бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыратын мемлекеттік органдардың және сарапшы-ғалымдардың ынтымақтастығы тиімділігінің мәселелері мүлдем қызықтырмайтын жағдай байқалды.

Зерттеу нәтижелері бойынша жалпы қорытындылар:

1. Респонденттердің көпшілігі ғалымдардың рөлін және өңірлік даму үдерістерін басқару бағдарламаларында ғылыми құраушының болуын қажетті / мәжбүрлі түрде тең деп қабылдайды.

2. Қарағанды облысының даму бағдарламаларын әзірлеудегі сарапшы-ғалымдардың рөлі таза формальды және оларды бағдарламаларды әзірлеуге

тартпау немесе эпизодтық түрде тарту ықтималдығы бар.

3. Сауалнамаға қатысқандардың пікірінше, ғалымдардың негізгі рөлі сараптамалық қорытынды беру және өңірді дамыту бағдарламасын іске асыру нәтижелерінің нысаналы индикаторларын әзірлеуден тұруы тиіс, бұл өте қисынды және перспективалы болып көрінгенімен, қазіргі уақытта іске асырылмауда.

4. Респонденттердің пікірінше, сарапшы-ғалымдар Қарағанды өңірін дамыту бағдарламаларын әзірлеуге іс жүзінде қатыспайды.

5. Ғалымдардың Қарағанды облысын дамытудың қабылданған бағдарламасын әзірлеуге қатысу дәрежесін респонденттер 5,5 балмен бағалады.

6. Респонденттердің пікірінше, ғалымдарды Қарағанды облысының даму бағдарламасын әзірлеуге «тартпаудың» негізгі себептері: мемлекеттік органдар тарапынан қызығушылықтың болмауы және ғалымдардың бағдарламаларды әзірлеуге қатысуын қаржыландырудың көзделмеуі.

7. Респонденттер жауаптарының жиынтық көрсеткіштері ғалымдардың Қарағанды облысының даму бағдарламаларын әзірлеуге қатысуының орташа тиімділігі жайлы болжам жасауға мүмкіндік береді.

8. Қарағанды облысының даму бағдарламаларын әзірлеу барысында мемлекеттік органдар мен ғалымдардың өзара іс-қимылының тиімділігіне қатысты стейкхолдерлерінің пікірлері әр түрлі. Мемлекеттік қызметшілер өзара іс-қимылды тиімді деп санайды, ал ғалымдар тараптар бір-бірінің пікірін ескермегендіктен, тиімділікті орташа және төмен деп бағалайды.

9. Алынған нәтижелер мемлекеттік органдардың ғалымдарды өңірдің дамуын басқару бағдарламаларын әзірлеуге тартуға нақты қызығушылығының жоқтығын дәлелдейді.

10. Ғалымның өңірді дамыту бағдарламалары мен стратегияларын әзірлеуге қатысушы ретіндегі басты құндылығы - оның өңірлік мәселелер бойынша зерттеу тәжірибесінің болуы. Барлық басқа сипаттамалар қосалқы болып есептеледі.

11. Респонденттердің басым бөлігі өңірлерді дамыту бағдарламаларын құрастырушы және іске асырушы мемлекеттік органдардың және сарапшы-ғалымдардың ынтымақтастығы міндетті түрде тұрақты негізде құрылмауы тиіс деп есептейді және бұл пікірді негізінен ғалымдар ұстанады.

12. Қарағанды облысының даму бағдарламаларын құрастыру және іске асыру құзыреттілігі бар мемлекеттік қызметшілер ғалымдардың осы үдеріске қатысуы бойынша айтарлықтай оптимистік көзқарасты ұстанады. Сонымен бірге, олар ғалымдарды өңірді дамыту бағдарламаларын әзірлеуге тартудың формальды сипатын атап өтіп, ғалымдардың қатысуынсыз (бұл ойды тікелей білдірмесе де) бағдарламаларды әзірлеуге болады деп есептейді.

13. Мемлекеттік құрылымдар тарапынан түрлі сараптамалық және консультациялық қызметке тартылған өңірлік ғалымдар өңірлік даму бағдарламаларын әзірлеуге ғалымдарды тартуға мемлекеттік органдардың нақты қызығушылығының болуына күмәнданады.

14. Стейкхолдерлердің екі тобы да Қарағанды өңірінің даму

бағдарламаларын әзірлеу сатысында да, іске асыру кезеңдерінде де ғалымдар рөлінің формальдылығын атап өтеді. Басқа салаларда да осындай жағдай орын алуда деп болжауға болады.

15. Қазіргі уақытта даму бағдарламаларын құрастыру және іске асыру деңгейінде өңірді басқару үдерісіне ғылыми құраушыны тартудың қалыптасқан тәжірибесін тиімді деп бағалау қиын. Бұл ретте осы жағдайды өзгертуге қатысты мемлекеттік қызметшілер тарапынан айқын қызығушылықтың болмауы осы жағдайдың болашақта сақталатыны жайлы болжам жасауға мүмкіндік береді.

2.4 Стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулердің ресурстық қамсыздандырылуын кешенді талдау

Қазақстанның стратегиялық жоспарлауындағы ғылыми зерттеулерді ресурстық қамсыздандыру мәселесі аса өткір болып табылады. Ол дамыған елдермен салыстырғанда қазақстандық бизнестің ғылым, білім және жоғары технологиялар саласын өз мүдделері саласына жатқызбайтындығымен күрделене түседі. Осыған байланысты елдің ғылыми әлеуетін қолдаудың негізгі жүктемесі республикалық бюджетке түседі. Сонымен қатар, аталмыш мәселе мемлекеттік басқару саласында да, қазақстандық ғылыми қоғамдастықтың өзінде де ғылымды одан әрі дамыту жолдарына қатысты бірыңғай көзқарастың болмауынан да тұрады. Қазақстан отандық ғылымның «қуып жетуші» рөлімен келісіп, болашағы бар жұмыстар мен ұжымдарды қажетті қаржыландырудан айыра отырып, көбінесе әлсіз жобаларды қаржыландыруға жол беруде.

Әдетте, ғылыми зерттеулердің үш түрін бөліп қарастырады:

– іргелі зерттеу - мәселелердің кең саласымен байланысты зерттеу; мысалы, әртүрлі тәсілдерді бір теорияға біріктіру жолдарын іздеу;

– стратегиялық іргелі зерттеу - нақты мақсатқа бағытталған зерттеу, ол көбінесе жаңа білімнің күшті құраушысын қамтиды;

– қолданбалы зерттеу - жедел қолдану мақсатында белгілі бір тақырыпқа бағытталған зерттеу, әдетте, ол бастапқы іргелі жұмыстарға негізделеді.

Ғылыми әдебиеттерде *ресурстық қамсыздандыру* әлеуметтік-экономикалық жүйелердің инновациялық қызметінің тиімді басқарылуын қамтамасыз ететін көп компонентті, интегралды (экономикалық, әлеуметтік, саяси, ғылыми салаларды біріктіретін) категория ретінде сипатталады [160, б. 32].

Осы тәсілмен келісе отырып, бүгінгі күнге дейін қолданыстағы түсінікте ғылыми зерттеулер жүргізуді қамсыздандыратын негізгі ресурстарға келесілер жатқызылады деп есептейміз: қаржы; ғылыми кадрлар; инфрақұрылым; білім (мысалы, ғылыми кітапханалар, деректер базасы) және технологиялар (патенттер және зияткерлік қызметтің өзге де нәтижелері, бағдарламалық қамсыздандыру, іргелі және қолданбалы зерттеулерді қолдаудың ақпараттық жүйелері және т.б.).

Еліміздің ғылым саласы жай-күйінің маңызды көрсеткіші - Инновациялардың жаһандық индексі. 2020 жылы Қазақстан 131 елдің ішінде

тек 77-орынға ие болды. Бірақ республика Орталық және Оңтүстік Азияның инновациялық экономикасының үштігіне (ТОП-3) кірді: 1. Үндістан. 2. Иран. 3. Қазақстан (Қосымша Б). Инновация индексі 80 индикаторды және адами капитал мен зерттеулер, институттар, инфрақұрылым, нарық пен бизнестің икемділігі, білім мен технологияның өнімділігі, креативтілік сияқты бағыттарды қамтиды. 2020 жылғы рейтингте тағы да Швейцария жоғарғы орынға ие болды. Алғашқы ондыққа Швеция, АҚШ, Ұлыбритания, Нидерланды, Дания, Финляндия, Сингапур, Германия және Корея Республикасы кірді. Жекелеген критерийлер бойынша Қазақстан келесі нәтижелерді көрсетті [161]:

- институттар - 49 орын;
- адами капитал және зерттеу - 68 орын;
- инфрақұрылым - 66 орын;
- нарықтың икемділігі - 53 орын;
- бизнестің икемділігі - 71 орын;
- білім мен технологияның өнімділігі - 80 орын;
- креативтілік - 105 орын.

Қазақстанның ең әлсіз тұстары - білім мен технологиялардың өнімділігі және креативтілік.

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар Агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша соңғы бес жылда Қазақстанда ғылымды қажетсіну орташа 0,16%-ды құрады, яғни шекті деңгейден алты есеге төмен (1%).

Қазақстанның ғылыми секторының даму көрсеткіштерінің серпіні 8-кестеде көрсетілген. Теңгенің құнсыздануын ескере отырып, ҒЗТКЖ-ға ішкі шығындар көрсеткіші де төмендеген. 2014 жылғы ақпанда ұлттық валюта 19%-ға, 2015 жылғы тамызда – 35,5%-ға, 2017 жылғы қазанда - 76,8%-ға құнсызданған. Осылайша, 2017-2021 жылдар кезеңінде теңге үш рет күрт құнсызданып, бұл ғылымға деген шығындардың заттай көріністе екі есеге жуық төмендеуіне әкелді. 2017-2021 жж. Қазақстандағы ғылымның жай-күйі мен дамуының негізгі көрсеткіштері 8-кестеде талданған.

Кесте 8 – 2017-2021 жж. Қазақстандағы ғылымның жай-күйі мен дамуының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
1	2	3	4	5	6
ҒЗТКЖ-ға ішкі шығындар, млн. теңге	68,9	72,2	82,3	98,0	109,3
Жалпы ішкі өнімнен ҒЗТКЖ-ға ішкі шығындардың үлесі, %	0,13	0,12	0,12	0,13	0,11
ҒЗТКЖ жүзеге асырған ұйымдардың (кәсіпорындардың) саны, бірлік	386	384	386	396	438
ҒЗТКЖ орындайтын қызметкерлердің саны, адам	22 081	22 378	21 843	22665	21 617
оның ішінде:					
Зерттеуші-мамандар	17 205	17 454	17 124	18 228	17 092

8-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Оның ішінде:					
Ғылым докторлары	1 818	1 740	1 703	1 883	1 652
Бейіні бойынша докторлар	354	336	317	62	55
Философия докторлары (PhD)	589	856	1 045	1757	1 962
Ғылым кандидаттары	4 541	4 360	4 240	4329	3 843
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [158]					

2021 жылғы жағдай бойынша Қазақстанда ҒЗТКЖ жүзеге асыратын 438 ұйым тіркелген.

Қазақстандық компаниялардың инновациялық белсенділігі төмен деңгейде қалып отыр. Республиканың неғұрлым инновациялық белсенді өңірлеріне Шығыс Қазақстан облысы мен Астана қаласын жатқызуға болады (инновациялық қызмет көрсеткіштері тиісінше 14,9% және 14,8%); ең төменгі белсенділік Маңғыстау облысында байқалады (3,4%) (9-кесте).

Кесте 9 – ҚР өңірлері бойынша кәсіпорындардың инновациялық қызметінің негізгі көрсеткіштері, 2021 ж.

Өңірлер	Кәсіпорындар саны – барлығы, бірлік	Олардың ішінде инновацияға ие	Инновация саласында белсенділік деңгейі, %-бен
Қазақстан Республикасы	28 411	3 206	11,3
Ақмола	1 148	88	7,7
Ақтөбе	1 144	121	10,6
Алматы	1 715	160	9,3
Атырау	1 081	97	9,0
БҚО	834	44	5,3
Жамбыл	739	97	13,1
Қарағанды	2 175	293	13,5
Қостанай	1 357	174	12,8
Қызылорда	653	80	12,3
Маңғыстау	988	34	3,4
Павлодар	1 148	104	9,1
СҚО	964	92	9,5
Түркістан	795	72	9,1
ШҚО	1 836	273	14,9
Нұр-Сұлтан қ.	3 821	567	14,8
Алматы қ.	6 646	810	12,2
Шымкент қ.	1 367	100	7,3
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [158]			

2021 жылы Global Go To Think Tank Index Report (талдау орталықтарының халықаралық рейтингі) беделді рейтингіне бірден бірнеше қазақстандық «ми орталықтары» кірді: ҚР Президенті жанындағы Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ), «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ (Астана) және басқалары.

Осылайша, ҚР Президенті жанындағы Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекемесі болып табылады, оның басты міндеті - мемлекет басшысы мен ҚР Президенті Әкімшілігінің қызметін ғылыми-талдамалық қамсыздандыру. Институт 1992 жылы Стратегиялық зерттеулер орталығы ретінде құрылған.

ҚСЗИ зерттеулерінің негізгі бағыттары: Қазақстандағы ағымдағы қоғамдық-саяси жағдайды талдау; саяси жаңғырту мәселелерін кешенді зерттеу; қоғамдық-саяси үдерістерді болжау және модельдеу; саяси институттардың, этносаралық және конфессияаралық қатынастардың жай-күйін, діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелерін талдау; ағымдағы медиа үдерістер мен ақпараттық трендтерді зерделеу [162].

ҚСЗИ бас баспа органы – «Қазақстан-Спектр» ғылыми-талдамалық журналы, ол біртіндеп Қазақстанда ғана емес, Орталық Азияда да жетекші басылымға айналды.

1961 жылы құрылған «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Қазақстан экономикасының кешенді даму мәселелерін зерттейтін жетекші мемлекеттік институт болып табылады [163]. Институттың құрылымы (Қосымша В)-да көрсетілген.

Институттың ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі бағыты ел дамуының орта және ұзақ мерзімді перспективаға арналған бағдарламаларын, стратегияларын және макроэкономикалық болжамдарын әзірлеу кезінде сараптамалық-талдамалық қолдау көрсету болып табылады.

Институт қызметкерлері қысқа, орта және ұзақ мерзімді кезеңдерге макроэкономикалық модельдеу және болжау құралдарының кешенін қолданады, оның ішінде:

- салааралық баланс моделі;
- жалпы тепе-теңдіктің есептелетін моделі;
- ҚР өңірлік моделі;
- ұзақ мерзімді макроэкономикалық болжау моделі;
- Қазақстанның ұзақ мерзімді демографиялық моделі;
- ҚР дамуын болжаудың орта мерзімді тоқсандық макроэкономикалық моделі;
- қысқа мерзімді болжау үшін жиынтық-озық индикатор.

Мысалы, Институттың макроэкономикалық модельдеу және болжау нәтижелері Қазақстанның 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары (қазіргі ҚР Ұлттық даму жоспары), Қазақстан Республикасының 2018-2022 жылдарға арналған ұлттық экспорттық стратегиясы, 2030 жылға дейінгі қызмет көрсету саласын дамыту бағдарламасы, 5 институционалдық реформа шеңберіндегі «Ұлт жоспары», Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [156] сияқты құжаттардың нысаналы индикаторлары мен көрсеткіштерінің негізіне алынды.

Институт жобалары арасында келесілерді атап өтуге болады: «Макроэкономикалық модельдеу және болжау құралдарын жетілдіру»; «Ұзақ мерзімді экономикалық өсудің іргелі факторлары мен детерминанттарын

зерттеу және жалпы тепе-теңдік пен салааралық тепе-теңдік модельдерінің құралдарын пайдалана отырып, әлемдік экономика мен жаһандық нарықтардың форсайты шеңберінде Қазақстанның 2050 жылға дейінгі орнықты дамуының макроэкономикалық болжамын әзірлеу»; «Бірыңғай экономикалық кеңістіктің әрекет ету шеңберінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық саясаты»; «Жобалық басқарудың басым бағыттары бойынша бастамалардан макроэкономикалық әсерлерді бағалау әдістемесін әзірлеу» және басқалар.

Институт «Journal of Economy and Finance» журналын шығарады, оның кейбір шығарылымдары көпшілікке қол жетімді. Журналда стратегиялық және бюджеттік жоспарлау мен болжауды қоса алғанда, көптеген мәселелер бойынша ғылыми мақалалар жарияланады.

ҚР ҰЭМ жанындағы Экономикалық зерттеулер институты Қазақстан экономикасын кешенді дамыту мәселелерін зерттейтін мемлекеттік институт болып табылады. Институтта қысқа, орта және ұзақ мерзімді болжамдар жасалады, жаңа IT-технологияларды пайдалана отырып, елдегі және әлемдегі экономикалық үдерістерге мониторинг жүргізіледі және жедел ден қою шаралары бойынша ұсынымдар әзірленеді. Институт қызметкерлері Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдаманы [137]; 2030 жылға дейін қызмет көрсету саласын дамыту бағдарламасын; 5 институционалдық реформа шеңберінде «Ұлт жоспарын»; Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын (қазіргі ҚР Ұлттық даму жоспары) әзірлеуге тікелей қатысты. Институт халықаралық компаниялармен (Boston Consulting Group, McKinsey and Company) стратегиялық құжаттарды әзірлеуде бірлескен сараптама жүргізді.

ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің «Экономика институты» РМҚК - бұл іргелі зерттеулердің тағы бір орталығы. Экономика институтының ғылыми қызметі ғылыми-техникалық бағдарламалар, іргелі және қолданбалы зерттеулер гранттары, сондай-ақ халықаралық ұйымдар гранттары шеңберінде жүзеге асырылады. Институт қызметкерлері сараптамалық қызметті жүзеге асырады, «дөңгелек үстелдер», халықаралық конференциялар, ғылыми жарияланымдар шығаруға белсенді қатысады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы қорында Экономика институты ұжымының ғылыми қызметі бірнеше рет атап өтілді.

Салалық стратегиялық жоспарларды әзірлейтін министрліктер мен ведомстволардың басым бөлігінде стратегиялық жоспарлау департаменттері болады.

2020 жылдан бастап мемлекеттік стратегиялық жоспарлау саласында ғылыми қамсыздандыруды жүзеге асыруға арналған инфрақұрылымның негізгі буыны - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, оған Ұлттық экономика министрлігінің Стратегиялық жоспарлау және мемлекеттік статистикалық қызмет саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді [164].

Агенттікке МСЖ саласында өте кең өкілеттіктер берілген, оның тікелей

міндеттеріне келесілер кіреді: «стратегиялық жоспарлау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру бойынша ұсыныстар әзірлеу; мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге және жаңғыртуға қатысу; елдің бәсекеге қабілеттілігін және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған реформаларды жүзеге асыру тәсілдерін әзірлеу; мемлекеттік статистикалық қызметті дамыту. Агенттіктің ондаған функцияларының ішінде келесілерді атап өтуге болады: мемлекеттік жоспарлау жүйесінің мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актіні әзірлеу; мемлекеттік жоспарлау жүйесінің әдіснамасы мәселелерін реттейтін құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту; мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу; ҚР дамуының ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарларын әзірлеу, түзету, мониторингілеу және іске асырылуын бағалау, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің өзге құжаттарына мониторинг жүргізу және бағалау; елдің дамуын, халықаралық үрдістерді стратегиялық болжау және талдау жүргізу, сондай-ақ тиісті ұсыныстар әзірлей отырып, әлемдік тәжірибені зерделеу және басқалар» [164]. Агенттік төрағасы міндеттер мен функциялардың орындалуына дербес жауапты болады, оны ҚР Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Сонымен қатар, Агенттікке заңнамалық бастама құқығы берілген, ол стратегиялық құжаттарға сараптама жүргізуге және мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің МСЖ саласындағы қызметін үйлестіруге құқылы.

Осылайша, жаңа Агенттік мемлекеттік жоспарлау жүйесінің әдіснамасын әзірлеу, іске асыру және оның жұмыс істеуін бақылау және мемлекеттік жоспарларды іске асыру, жоспарлауға қатысушылар қызметінің нәтижелілігін бағалау миссиясы жүктелген МСЖ жүйесінің (Қосымша А) тірегі болып табылады.

Стратегиялық жоспарлау және макро болжау мәселелерімен айналысатын жоғарыда қарастырылған ұйымдардың басты ерекшелігі - олардың мемлекеттік секторға қатыстылығы және академиялық еркіндіктің шектелуі. Елдің әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын мониторингілеу, зерттеу және айқындау құқығы берілген бұл мекемелер негізінен мемлекеттік тапсырыстарды ала отырып, ел басшылығының пайымы мен басымдықтарына бағдарланады. Сонымен қатар, қазақстандық университеттер жанындағы ғылыми орталықтар нашар дамыған және жоғары оқу орындарының әкімшіліктеріне толық тәуелді. Жеке ғылыми сектор стратегиялық жоспарларды әзірлеуге қатысудан мүлдем алшақ, бұл, өз кезегінде, әлемдік тәжірибеге қайшы келеді, себебі дамыған шет елдерде бұл сектор іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізудің ошағы болып табылады.

Республикада филиалдарды ескере отырып, 129 жоғары оқу орны жұмыс істейді. Меншік нысаны бойынша мемлекеттік - 41 ЖОО, жекеменшік - 84 және шетелдік нысандағы - 4. 2008 жылдан бастап білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік (IQAA-Ranking) Қазақстанның үздік жоғары оқу орындары рейтингі нәтижелерін жариялайды.

Қазіргі уақытта ең белсенді ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер мынадай жоғары оқу орындарында жүргізілуде: М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті; әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институты; әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Математика және механика ғылыми-зерттеу институты; Назарбаев Университеті; Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті; Қазақ агроөнеркәсіптік кешен экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты; Математика және математикалық модельдеу институты; Ядролық физика институты; Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті; Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті; С.С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті; Ақпараттық және есептеу технологиялары институты; Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті; Инновациялық экономика ғылыми-зерттеу институты және басқалар. Бұл деректерді «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылыми порталы» [165] сайтынан алуға болады, онда келесілер орналасқан:

1. Ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалардың мемлекеттік тізілімі.
2. Ғылыми жобалардың мемлекеттік тізілімі.
3. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалардың орындалуы жөніндегі есептердің мемлекеттік тізілімі.
4. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің мемлекеттік тізілімі.
5. Қазақстан Республикасында қорғалған тіркелген PhD диссертациялардың тізбесі.
6. Коммерцияландыру бойынша тіркелген ғылыми жобалар.
7. Коммерцияландыру бойынша тіркелген есептер [165].

2021 жылғы ақпандағы жағдай бойынша Мемлекеттік тізілімдерді талдау қолданыстағы ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалардың ішінде тек біреуі ғана бар екенін көрсетті: «Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды оқытуды, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді, әлеуметтік оңалтуды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету». Тіркелген ғылыми жобалар тізімінде 18 жоба бар, олардың барлығы қолданбалы сипатқа ие және ауыл шаруашылығы және цифрландырумен байланысты (мысалы, «ШҚО жағдайында ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді және ұтымды пайдалану үшін IT-технологияларды енгізу», «АГСК 1.1 «Нормативтік құқықтық актілер және нормативтік техникалық құжаттар» жобалары).

Гранттық қаржыландыру бойынша Қазақстанда ҒЗЖ туралы тіркелген есептердің тізбесі едәуір ауқымды және 1 066 атауды, ғылыми-техникалық бағдарламалар шеңберінде ҒЗЖ туралы тіркелген есептердің тізбесі 306 атауды, мемлекеттік тапсырма бойынша ҒЗЖ туралы тіркелген есептердің тізбесі 25 атауды қамтиды. Есептердің тақырыбы әртүрлі және ғылымның әртүрлі салаларына жатады. Сонымен қатар, мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды оңтайландыруға немесе жетілдіруге бағытталған зерттеулер жеткіліксіз.

Қарастырылып отырған салаға тікелей немесе жанама қатысты жиырмадан аспайтын ғылыми жобалар тіркелген, олардың кейбіреулері 10-кестеде келтірілген.

Кесте 10 – Қазақстанда 2019-2021 жылдар аралығында іске асырылған, мемлекеттік стратегиялық жоспарлауға тікелей немесе жанама қатысы бар мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын кейбір ғылыми жобалар

Инвентарлық нөмір	Тіркеу нөмірі	Ұйым	Жоба атауы
1	2	3	4
0219РК00044	0118РК00561	ҚР Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы	Қазақстанның ауылдық өңірлерінде экспортқа бағдарланған ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді мемлекеттік реттеу
0219РК00045	0118РК00568	Қазақ агроөнер кәсіптік кешен экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты	Аграрлық секторда шаруашылықтың шағын нысандарын дамытуды мемлекеттік қолдау – Қазақстанның ауылдық аумақтарын орнықты дамыту
0219РК00116	0118РК00444	М. О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті.	Инвестициялық тартымдылықты және аумақтың жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін реттеудің қаржы құралдары (атап айтқанда муниципалдық бағалы қағаздар) негізінде Қазақстанда өңірлік дамудың экономикалық тетігін әзірлеу
0219РК00224	0118РК01364	Назарбаев Университет	Қазақстандағы зияткерлік-академиялық желілер және өндіріс пен білім трансферінің саяси экономикасы
0219РК00231	0118РК01186	Назарбаев Университет	Қазақстанның жоғары білім берудегі қаржыландыру әдістемесі студенттердің ішкі академиялық ұтқырлығын және институционалдық бюджеттің тұрақтылығын дамыту шарты ретінде
0219РК00271	0118РК00827	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Тұтас, бәсекеге қабілетті адамды қалыптастыру логикасы және оның рухани, адамгершілік құндылықтарын жаңғырту
0219РК00359	0118РК00808	Философия, саясаттану және дінтану институты	Қазақстан Республикасындағы этносаралық өзара іс-қимыл және Ұлттық құрылыс үдерістерінің мониторингі
0219РК00360	0118РК00809	Философия, саясаттану және дінтану институты	Жаңа жаңғырту (Индустрия – 4.0): мәселелер, перспективалар, реттеушілер. Философиялық-саясаттанушылық талдау
0219РК00369	0118РК00818	Философия, саясаттану және дінтану институты	Сананың трансформациясы қазақстандық қоғамның даму шарты ретінде

10-кестенің жалғасы

1	2	3	4
0219РК00556	0118РК00563	ҚР Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы	«Жібек жолы» жобасы шеңберінде Қазақстан мен Қытай арасындағы агроазық-түлік нарығындағы экономикалық қатынастарды мемлекеттік реттеу
0219РК01258	0118РК00692	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Математика және механика ғылыми-зерттеу институты	Шешім қабылдау сапасын жақсарту үшін гетерогенді деректер көздерінен білім алу жүйесін әзірлеу
0219РК01338	0118РК00960	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Математика және механика ғылыми-зерттеу институты	Стандартты ақпаратпен тану мәселелерін шешуге арналған нейрондық желілердің классикалық емес модельдерін құру, зерттеу және негіздеу және олардың интеллектуалды жүйелерді құруға арналған қосымшалары
0219РК01346	0118РК00878	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Қазақстанда халықаралық-құқықтық міндеттемелерді орындаудың әлемдік тәжірибесін бейімдеу және заңнаманы жаңғырту процесінде ұлттық ерекшелікті сақтау мақсатында БҰҰ-ның шарттық органдарының ЭЫДҰ және БЭЖ елдерімен өзара іс-қимылын талдау
0219РК01352	0118РК00754	Инновациялық экономика ғылыми-зерттеу институты	Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде орнықты әлеуметтік-экономикалық даму моделін әзірлеу.
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [166]			

Қазақстанның жоғары оқу орындарында қорғалған PhD диссертацияларының тізбесінде 521 зерттеу бар. Алайда, мемлекеттік стратегиялық жоспарлау мәселелеріне олардың тек 4-5-і ғана арналған. Стратегиялық басқару, жоспарлау мен болжаудың, әсіресе Қазақстан Республикасының мемлекеттік секторында осы үдерістерді ғылыми қамсыздандырудың әртүрлі мәселелерін қозғайтын зерттеулер мен мамандықтар нөмірлері жоқ. 11-кестеде 2021 жылы Қазақстанның жоғары оқу орындарында қорғалған мамандықтар бөлінісінде PhD диссертацияларын іріктеу келтірілген.

Кесте 21 – 2021 жылы Қазақстанның жоғары оқу орындарында қорғалған мамандықтар бөлінісінде PhD диссертацияларын іріктеу

Мамандық шифры	Мамандық атауы	Саны
6D010300	Педагогика және психология	48
6D050600	Экономика	46
6D030100	Құқықтану	40
6D060500	Ядролық физика	32
6D070300	Ақпараттық жүйелер	27
6D020300	Тарих	26
6D060700	Биология	25
6D072900	Құрылыс	19
6D050200	Саясаттану	18
6D060800	Экология	17
6D020500	Филология	17
6D060900	География	15
6D021200	Түркітану	15
6D070400	Есептеуіш техника и бағдарламалық қамсыздандыру 1	4
6D072300	Техникалық физика	13
6D060200	Информатика	12
6D051700	Инновациялық менеджмент	11
6D090200	Туризм	11
6D012300	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану	10
6D050400	Журналистика	9
6D020200	Халықаралық қатынастар	9
6D021400	Әдебиеттану	8
6D050500	Өңіртану	8
6D052100	Мемлекеттік аудит	7
6D020700	Аударма ісі	7
6D011100	Информатика	6
6D050900	Қаржы	6
6D030200	Халықаралық құқық	5
6D060400	Физика	5
6D011400	Тарих	4
6D021000	Шетелдік филология	4
6D020800	Археология және этнология	4
6D050700	Менеджмент	3
6D050300	Психология	3
6D070200	Автоматтандыру және басқару	3
6D050100	Әлеуметтану	3
6D011700	Қазақ тілі және әдебиеті	2
6D070100	Биотехнология	2
6D020400	Мәдениеттану	2
6D020100	Философия	2
6D072100	Органикалық заттардың химиялық технологиясы	1
6D070500	Математикалық және компьютерлік үлгілеу	1
6D073000	Құрылыс материалдарының өндірісі	1
<i>Барлығы:</i>		<i>521</i>
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [166]		

Осылайша, қазіргі таңда мемлекеттік стратегиялық жоспарлау және болжау саласында төмен академиялық белсенділік байқалады. Сәйкесінше, академиялық ортада құрылатын және жинақталатын білім мен технология сияқты стратегиялық жоспарлаудағы ғылыми зерттеулер ресурсына қатысты мәселелер туындайды. Сонымен қатар, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 5 ақпанда Digital Almaty форумының ашылуында бейнеөтінішпен сөйлеген сөзінде былай деді: «Салалық деректердің үлкен массивін талдауды қамтитын ақылды шешім қабылдау экожүйесін құруға басты назар аударылды. Бұл тәуекелдерді болжау мен алдын алудың пәрменді модельдерін құруға, теріс салдарларды азайта отырып, жүргізіліп жатқан реформалардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді» [168].

Қазақстанның инновациялық экономикасын құрумен байланысты маңызды мәселе - қазақстандық ғылымның әлемдік ғылыми үдерістен объективті артта қалуы. Отандық ғылым игеру үстіндегі технологиялар әлемде бұрыннан белгілі. Таяу болашақтың маңызды міндеттерінің бірі - қазақстандық ғылымның «қуып жетуші» сипатын өзгерту және цифрлық дәуірде қажетті базалық дағдыларды игеру.

3 МЕМЛЕКЕТТІК СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУДА ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

3.1 Стратегиялық жоспарлаудың нәтижелілігін арттыруды ғылыми қамсыздандырудың басымды бағыттары

Қазақстандағы мемлекеттік стратегиялық жоспарлау жүйесі қалыптасу сатысында, ол мемлекеттік басқару тәжірибесінде әзірленген және енгізілген негізгі нормативтік құқықтық актілермен ғана қамтамасыз етілген. Қолданыстағы МСЖ жүйесінің жай-күйін біз қанағаттанарлықсыз деп бағаладық, себебі әлі күнге дейін мемлекеттік жоспарлаудың бірыңғай әдіснамасы жасалмаған, аналитикалық, әдістемелік жұмыс, мемлекеттік мекемелер арасындағы үйлестіру және стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірленуі мен іске асырылуын бақылау әлі күнге дейін нашар деңгейде. Тек 2020 жылы ғана мемлекеттік басқару тетігі ретінде мемлекеттік стратегиялық жоспарлау жүйесін нормативтік құқықтық және ғылыми-әдістемелік қолдауға баса назар аудару мемлекеттік стратегиялық жоспарлау құжаттарында қамтылған мәліметтер массивін талдаудың бірыңғай алгоритмдерін қалыптастыру және енгізу, күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйелердің динамикасын модельдеуді кеңінен қолдану, экономика салалары мен әлеуметтік салалардың жай-күйін бағалаудың тиісті әдістемелерін қолдану, оңтайлы даму сценарийлерін таңдау бойынша басқарушылық шешімдерді бағалау, анықталған сыртқы және ішкі тәуекелдер мен қауіптерді жеңу бағытына ауыса бастады.

Бірақ осы уақытқа дейін мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың қолданыстағы әдістерінің ешбіреуі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеуде ғылыми және аналитикалық құраушыларды күшейтуді, жоспарлардың орындалуын үйлестіруді және үнемі бақылауды қарастырмады. Осыған байланысты келесі басымдықтар бойынша мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың нәтижелілігін арттыруды ғылыми қамсыздандыру бағыттарын айқындау орынды болып көрінеді.

Басымдық 1 – Қазақстан экономикасының ғылымды қажетсінуін арттыру.

Бүгінде әлемнің барлық дамыған елдерінде ғылымды қажетсінетін өндірістің өсу ауқымын кеңейтудің тұрақты үрдісі байқалуда. Ғылымды қажет ететін өндірістер - бұл ҒЗТҚЖ-ға жоғары абсолютті және салыстырмалы (өндірістің жалпы шығындарына қатысты) шығындары бар өндіріс тобы. Ғылымды қажет ететін салаларға бесінші және алтыншы технологиялық құрылымдардың өнеркәсіптік өнімдер нарығының субъектілері жатады. Бесінші құрылымның өзегін қалыптастырудың «негізгі факторларына» келесілер жатқызылады: электрондық өнеркәсіп, робот жасау, телекоммуникация және т.б. қызметінің нәтижелері; ал алтыншы құрылымның өзегін қалыптастырудың «негізгі факторларына» келесілер жатқызылады: нанотехнология, гендік инженерия, авиациялық және ғарыштық техника өндірісі.

Отандық экономиканың ғылымды қажетсінуін арттыру тәсілдері мыналар

болуы мүмкін: бюджеттік көздерден және кәсіпорындардың өнім өндіруге жұмсайтын жалпы шығындарындағы ҒЗТКЖ-ға шығындарын ұлғайту, бірақ сонымен қатар, бюджет қаражатын ұтымды пайдалану, ҒЗТКЖ-ны неғұрлым мұқият сараптау және іріктеу; инновациялық кәсіпорындарды, ғылыми ұйымдар мен ЖОО-ларды салықтық ынталандыру; кадрлардың біліктілігін арттыру. Қазақстан дамуының инновациялық түрін қалыптастыру барысындағы жағымсыз тұстардың бірі - ел ішіндегі, сондай-ақ еларалық салыстырулар мен бәсекеге қабілеттілікті бағалау тұрғысынан экономикаға инновациялардың диффузиясын талдауды жүзеге асыруға кедергі келтіретін инновациялық инфрақұрылым элементтері қызметінің нақты нәтижелерін мониторингілеу жүйесінде біртектіліктің болмауы.

Басымдық 2 – цифрлық экономиканың ғылыми-әдіснамалық ортасын, «үлкен деректер» алгоритмдері мен жасанды интеллект технологияларын кеңінен пайдаланудың нормативтік құқықтық базасын құратын мемлекеттік стратегиялық жоспарлау саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер тақырыбын қалыптастыру тетіктерін күшейту; мемлекеттік стратегиялық жоспарлау бойынша гранттық қаржыландыруды күшейту.

Қазіргі уақытта соңғы уақытта қабылданған ғылым мен стратегиялық жоспарлау саласын реттейтін базалық құжаттарда мемлекеттік стратегиялық жоспарлау жүйесін жетілдіруге қатысты қолданбалы зерттеулердің негізгі тақырыптық бағыттарына тікелей нұсқаулар жоқ.

Қазақстан үшін МСЖ саласындағы ғылыми зерттеулердің болжамды тақырыптары мынадай болуы мүмкін: мемлекеттік стратегиялық жоспарлау жүйесін нормативтік құқықтық, ұйымдастырушылық-әдістемелік және ақпараттық сүйемелдеудің іргелі мәселелері; мемлекеттік сектордағы жоспарлау мен макро болжаудың теориялық негіздері; Қазақстан экономикасының даму болашағын айқындайтын негізгі факторларды талдау және макроэкономикалық жағдайды болжау; «үлкен деректерді» (big data) басқаруды ұйымдастыру; семантика негізінде мәтіндік деректерді өңдеу әдістері; кешенді инженерия (concurrent engineering) технологияларын қолдау үшін деректерді басқару; ғылыми және білім беру желілерін құру үшін теориялық негіздер мен ақпараттық технологияларды әзірлеу; ғылым, білім және инновациялардың бірыңғай таратылған ақпараттық жүйесін құру және енгізу (дата-орталық); ғылыми-білім беру желілерін қауіпсіз аутентификациялау және авторизациялау үшін метадеректер алмасудың әдістері мен интеграцияланған инфрақұрылымын құру; мәтіндік ақпарат пен кескіндерді іздеу және талдау мәселелерін шешу үшін нашар құрылымдалған ақпаратты талдаудың теориялық негіздері мен технологиясын, өнімділігі жоғары есептеу технологиясын әзірлеу; зияткерлік динамикалық жүйелердің теориялық негіздері мен технологияларын, сананы когнитивті модельдеу әдістерін, әлем бейнесін және мақсатты мінез-құлықты әзірлеу; үлкен деректерді талдау және жасырын заңдылықтарды анықтау үшін нейрондық желі технологиялары мен шешім ағаштарын бірлесіп пайдаланудың кешенді тәсілін әзірлеу; жеке және топтық шешімдер қабылдаудың жаңа тиімді

әдістерін және сараптамалық шешімдерді қолдау жүйелерін әзірлеу; ұлттық және жаһандық экономикалық және әлеуметтік үдерістер серпінін жүйелі талдау және модельдеу; кеңістіктік-ұйымдастырылған және табиғи-монополиялық құрылымдар мен үдерістерді жүйелі талдау әдіснамасын дамыту; күрделі ресімделетін қолданбалы міндеттерді жедел шешу үшін нейрондық желілер негізінде ассоциациялық зияткерлік жүйелерді құру әдістері мен технологиялары; ақпараттық мониторинг модельдері және Қазақстан Республикасының Ұлттық, экономикалық, азық-түлік қауіпсіздігін индикаторлық бағалаудың когнитивтік технологиялары; климаттың жаһандық өзгерістерінің салдарын және ағзалар мен экожүйелердің құрылымы мен жұмыс істеуіне антропогендік әсерлерді болжау технологияларының ғылыми негіздерін әзірлеу; өнеркәсіптік кәсіпорындар аймағында орналасқан жерүсті және су экожүйелерін мониторингілеудің тұжырымдамасы мен әдіснамасын, бұзылған экожүйелерді оңалтудың ғылыми негіздерін әзірлеу; жерүсті, жерасты және топырақ суларының ресурстары мен сапасын бағалау; тәуекелдерді басқару теориясын құру және тәуекелдерді азайту әдістерін дамыту; интеграциялық үдерістерді дамытудың сценарийлік нұсқаларының экономикалық-математикалық модельдерін әзірлеу және сауда-экономикалық интеграцияның экономика салаларының жұмыс істеуіне әсерін айқындау; Қазақстанды жаңғыртудың әлеуметтік-экономикалық негіздерін зерттеу; агроөнеркәсіптік кешен саласындағы экономикалық саясатты модельдеу; агроөнеркәсіптік кешенді және мұнай өнеркәсібін дамыту сценарийлерін әзірлеу; Қазақстан мен ТМД-ның кейбір елдерінің экономикалық өсу факторларының динамикасы мен құрылымын талдау; мемлекеттік жоспарлар, бағдарламалар мен жобалар шеңберінде басымдықтарды айқындау үшін салалар мен нарықтардың өзара іс-қимылының болжамды-талдамалық нұсқаларын құрудың әдіснамасы мен құралдарын әзірлеу; халықтың сапасы мен өмір салтын талдау, модельдеу және болжаудың теориялық және әдіснамалық негіздері: макро-және өңірлік аспектілер; цифрландырудың ықпалын ескере отырып, Қазақстанның экономикалық даму перспективаларын негіздеу; елді мекендер желісінің жай-күйіне және халықтың динамикасына өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының ықпалын бағалау; географиялық құрылымды және мәдениетаралық өзара іс-қимылды ескере отырып, демографиялық әлеуетті және көші-қон ағындарын қалыптастыруды болжау; ел мен өңірлердің кеңістіктік әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау мен болжаудың модельдік-бағдарламалық кешенін әзірлеу; жоғары монополияланған экспорттық-шикізаттық экономикадан инновациялық үлгідегі экономикаға көшу кезінде институттардың дамуын зерттеу; 2050 жылға дейінгі кезеңге халықтың кірістері мен тұтыну динамикасы мен құрылымының болжамды сценарийлерін құру (немесе 2100 жылға) және т.б.

Мұндай зерттеу тақырыптары практикалық нәтижелерге және IT-технологияларды кеңінен қолдануға бағытталған пәнаралық сипатқа ие, бұл, өз кезегінде, мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың негізі ретінде ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудағы жүйелі өзгерістерді сипаттайды.

Әлеуметтік-экономикалық дамуды мемлекеттік стратегиялық жоспарлау саласындағы ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қалыптастыру кезінде мемлекеттік басқару органдары, Қазақстанның академиялық және сараптамалық қоғамдастығы арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру мақсатында НҚА-да тиісті категориялық-тұжырымдамалық аппаратты белгілеу және бекіту, мемлекеттік басқару жүйесінің тақырыпқа, ҒЗТҚЖ нысаналы мақсаты және күтілетін нәтижелеріне қойылатын мүдделері мен талаптарын көрсететін функционалдық өлшемшарттарды қалыптастыру ұсынылады.

Мысалы, мемлекеттік стратегиялық жоспарлау саласындағы іздестіру және қолданбалы ғылыми зерттеулердің тақырыптық тізімін қалыптастырудың функционалдық критерийлері келесідей болуы мүмкін:

– қолданбалы ғылыми зерттеулердің тақырыбы мен мазмұны базалық стратегиялық құжаттарда белгіленген мемлекеттік жоспарлау тетіктерін жетілдірудің негізгі міндеттеріне тікелей сәйкес келеді;

– ҒЗТҚЖ техникалық тапсырмасы, орындау тетігі және нәтижелері жұмыстарға тапсырыс беруші мемлекеттік билік органының құзыреті саласындағы мемлекеттік қажеттіліктерді тікелей қамтамасыз етеді;

– ғылыми зерттеулердің нәтижелері ҒЗЖ тақырыбы бойынша жаңа білімдер мен іс жүзінде маңызды мәліметтердің жиынтығын, сондай-ақ жұмыстарға тапсырыс берушінің практикалық қызметінде нәтижелерді жедел пайдалану жөніндегі ұсынымдар мен құралдардың қажетті және жеткілікті тізбесін ұсынады.

Мемлекеттік стратегиялық жоспарлау мен болжауды ғылыми қолдауды күшейтуде отандық ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру көлемін арттыру шешуші мәнге ие. Гранттық қаржыландыру зерттеулер мен зерттеушілерді қолдауға, сондай-ақ инновацияларды енгізуге, сондай-ақ ұлтқа пайда әкелетін әлемдік деңгейдегі инфрақұрылымға бағытталуы керек. Гранттық қаржыландырудың мақсаттары болашаққа бағдарланып, әрекет етуші мәселелерді анықтап, ел, өңірлер мен жекелеген салалар үшін жоспарлау мен болжаудың перспективалық әдістері мен әдістемелерін айқындауы, зерттеу нәтижелерін практикаға ауыстыруды жеделдетуі, Қазақстанды алға жылжыту үшін қажетті адами әлеуетті дамытуы тиіс.

Гранттық қаржыландыру үш тірекке негізделуі керек:

1. Болашақта зерттеу шекараларын кеңейту.
2. Қолжетімділік пен инклюзивтілікті қамтамасыз ету.
3. Ғылым мен технологиядағы жаһандық көшбасшылықты қамтамасыз ету.

Бұл элементтер қазіргі кездегі әкімшіліктің басымдықтарын қолдап, зерттеу бағдарламаларының бүкіл портфелі бойынша күш-жігерді ынталандырады.

Басымдық 3 – Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді ақпараттық қамсыздандыру жүйесін құру.

Республикалық, өңірлік және жергілікті ақпараттық жүйелерде қамтылған

ақпарат, ресми мемлекеттік статистика деректері, мемлекеттік басқару және жоспарлау саласында басқарушылық шешімдердің қабылдануын қолдауды қамтамасыз етуге қажетті мәліметтер негізінде деректердің қалыптасуы мен өңделуін қамтамасыз ететін стратегиялық жоспарлаудың республикалық ақпараттық жүйесін құру қажет.

Стратегиялық жоспарлаудың республикалық ақпараттық жүйесі мынадай мақсаттарда пайдаланылуы тиіс:

- мемлекеттік стратегиялық жоспарлау құжаттарын мемлекеттік тіркеу;
- мемлекеттік стратегиялық жоспарлау құжаттарының мемлекеттік тізілімін жүргізу;
- мемлекеттік стратегиялық жоспарлау құжаттарының іске асырылуын мониторингілеу және бақылау;
- Қазақстанның барлық өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін бақылау және мониторингілеу;
- мемлекеттік стратегиялық жоспарлауға қатысушылар қызметінің тиімділігін мониторингілеу;
- сәйкестендіру мен аутентификациялаудың бірыңғай жүйесін қолданумен мемлекеттік стратегиялық жоспарлау құжаттарына стратегиялық жоспарлау қатысушыларының қол жетімділігін қамтамасыз ету;
- мемлекеттік стратегиялық жоспарлау құжаттарының жобаларын әзірлеу, қоғамдық талқылау және келісу;
- мемлекеттік стратегиялық жоспарлау міндеттерін шешу барысында стратегиялық жоспарлауға қатысушыларды ақпараттық-талдамалық қамсыздандыру.

Басымдық 4 – Мемлекеттік стратегиялық жоспарлау мен макро болжауға маманданған сараптамалық-талдамалық кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру.

Қазіргі таңда қажетті мамандардың қатарына деректерді талдау жөніндегі маманның кіретініне күмән жоқ. Сондықтан мемлекеттік стратегиялық жоспарлау саласындағы негізгі біліммен қатар, мемлекеттік менеджерлер деректерді талдау бойынша білімге ие болуы керек. Төменде өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін дағдылары мен білімін шыңдауға ұмтылатын мемлекеттік сектордың сарапшылары немесе бизнес-сараптау мамандары сияқты кез-келген маманға қажетті деректер жайлы ғылым салалары мен ең өзекті тақырыптар тізімі келтірілген.

1. Деректерді зияткерлік талдау үдерісі – бұл, әдетте BIG DATA ретінде танымал үлкен деректер жиынындағы үлгілерді анықтауды қамтитын итеративті үдеріс. Ол машиналық оқыту, статистика, мәліметтер базасының жүйелері және т.б. сияқты әдістер мен тәсілдерді қамтиды. Деректерді зияткерлік талдаудың басты екі міндеті – мәселелерді шешу үшін деректер жиынтығында заңдылықтарды анықтау және тенденциялар мен өзара байланысты орнату.

Деректерді зияткерлік талдау үдерісінің жалпы кезеңдері: мәселені анықтау, деректерді зерттеу, деректерді дайындау, модельдеу, бағалау және орналастыру. Деректерді зияткерлік талдауға қатысты негізгі терминдер -

жіктеу, болжау, деректерді қысқарту, деректерді зерттеу, бақыланатын және бақыланбайтын оқыту, деректер жиынтығын ұйымдастыру, деректер жиынтығынан іріктеу, модель құру және т.б.

2. *Деректерді визуализациялау* – деректерді ұсыну ретінде анықталады (әсіресе графикалық форматта). Осы үдерістің негізінде басқарудың барлық деңгейлерінде шешім қабылдаушы тұлғалар құнды модельдер немесе тенденцияларды анықтау үшін визуалды түрле ұсынылған деректер мен талдаманы көре алады. Деректерді визуализациялау - графиктердің негізгі түрлерін (мысалы, сызықтық графиктер, гистограмма, диаграммалар) түсіну мен пайдалануды қамтитын кең тақырып. Диаграмма картасы және бұрақ тәріздес карталар сияқты кейбір мамандандырылған визуализацияларды пайдалану маман үшін өте маңызды дағды болып табылады.

3. *Үлкен көлемді деректерді азайту (қысқарту) әдістері*. Өлшемді азайту үдерісі үлкен өлшемді деректер жиынын кіші өлшемді деректер жиынына түрлендіруді қамти отырып, оның қысқара отырып, үлкен көлемде берілетін ақпараттың мәнін сипаттайтынына кепілдік береді. Яғни, өлшемді азайту бірқатар әдістерден тұрады: кездейсоқ шамалар санын азайту үшін машиналық оқыту және статистика әдістері. Өлшемдерді азайтудың көптеген әдістері мен технологияларын атап өтуге болады, олардың ішінде: жетіспейтін мәндер, төмен дисперсия, шешім ағаштары, кездейсоқ орман, жоғары корреляция, факторлық талдау, негізгі компоненттерді талдау, кері функцияларды жою және басқалар.

4. *Деректерді жіктеу әдістері*. Жіктеу - бұл деректер жиынтығына санаттар беру үшін деректерді зияткерлік талдаудың негізгі әдісі. Оның мақсаты - деректер негізінде нақты талдау мен болжамдардың жиналуын қолдау. Жіктеу - деректер ғылымындағы ең қызу тақырыптардың бірі. Деректер маманы әртүрлі мәселелерді шешу үшін жіктеу алгоритмдерін қолдана білуі тиіс. Бұл жіктеу мәселесін анықтау, бір өлшемді және екі өлшемді визуализация арқылы деректерді зерттеу, деректерді алу және дайындау, жіктеу модельдерін құру, бағалау модельдері және т.б. сияқты білімдер жиынын қамтиды. Мұндағы негізгі ұғымдар - сызықтық және сызықтық емес жіктеуіштер.

5. *Қарапайым және бірнеше сызықтық регрессияны модельдеу*

Сызықтық регрессия модельдері тәуелсіз X айнымалысы мен тәуелді Y айнымалысы арасындағы қатынастарды зерттеуге арналған негізгі статистикалық модельдердің бірі болып табылады. Бұл X -тің әртүрлі мәндеріне байланысты Y мәні үшін болжамдар жасауға мүмкіндік беретін математикалық модельдеу. Сызықтық регрессияның екі түрі болады: қарапайым сызықтық регрессия модельдері және бірнеше сызықтық регрессия модельдері. Мұндағы басты терминдер: корреляция коэффициенті, регрессия сызығы, қалдықтар графигі, сызықтық регрессия теңдеуі және т.б. Осындай әдістердің ішінде келесілерді атап өтуге болады.

Логистикалық регрессияны модельдеу

Логистикалық регрессия – деректер ғылымының ең көне тақырыптары мен салаларының бірі және сызықтық регрессия ретінде ол тәуелді және

тәуелсіз айнымалы арасындағы байланысты зерттейді. Тәуелді айнымалы дихотомиялық (екілік) болатын логистикалық регрессиялық талдауды қолдануға болады. Мұнда талдау маманы сигмоидтық функция, S-тәрізді қисық, категориялық тәуелсіз айнымалылары бар бірнеше логистикалық регрессия, категориялық және үздіксіз болжаушылардың тіркесімі бар бірнеше логикалық регрессия және т. б. сияқты терминдерге тап болады.

Нейрондық желілер және жүйелер

Қазіргі уақытта нейрондық желілер машиналық оқытудың өзекті құралы болып табылады. Нейрондық желілер (жасанды нейрондық желілер деп те аталады) – бұл адам миындағы нейрондардың жұмысын имитациялайтын аппараттық және / немесе бағдарламалық қамсыздандыру жүйелері. Жасанды нейрондық жүйені құрудың негізгі мақсаты - кейбір деректер үлгілерін үйренуге және жіктеу, регрессия, болжау және т.б. сияқты функцияларды орындауға үйретуге болатын жүйелерді алу. Нейрондық желілер - бұл сигналдар мен үлгілерді күрделі өңдеу үшін қолданылатын терең оқыту технологиялары. Мұндағы негізгі терминдер нейрондық желілердің тұжырымдамасы мен құрылымына, персептрон, кері таралу, секіру өрістерінің желісіне жатқызылады.

Дискриминантты талдау – зерттеушілермен критерий немесе тәуелді айнымалы категориялық, ал предиктор немесе тәуелсіз айнымалы интервалды болған әр кезде деректерін талдау барысында қолданылатын әдіс. Бұл параметрлерді бағалау критерийін жүргізу кезінде деректерді талдау үшін аса маңызды.

Қауымдастық ережелері.

Қауымдастық ережелерін үйрету – Big Data сияқты үлкен дерекқорлардағы айнымалылар арасындағы қатынастарды анықтауға арналған маңызды, ережеге негізделген, машиналық оқыту әдістерінің бірі. Оның мақсаты - деректер ғылымында қолданылатын кейбір қызығушылық шараларын қолдана отырып, деректер базасында табылған ең қатаң ережелерді анықтау.

Кластерлік талдау әдістері

Кластерлік талдау немесе кластерлеу – бұл салыстыру жүргізілген кезде ұқсас топтағы объектілер басқа топтағы объектілерге қарағанда бір біріне ұқсас болатындай етіп объектілер жиынтығын топтастыру міндеті.

Уақытша қатарлар

Уақытша қатарлар – бұл уақыт бойынша индекстелген деректер нүктелерінің қатарлары. Көбінесе уақытша қатарлар уақыттың бірдей сәттерінде алынған реттілікті білдіреді. Осылайша, бұл дискретті деректер тізбегі.

Регрессия негізінде болжамдау

Мемлекеттік ұйымдар үшін экономикалық, инвестициялық немесе инновациялық ахуалды сипаттайтын айнымалылар сияқты кейбір маңызды көрсеткіштердің болашақ мәндерінің болжамын жасау өте пайдалы болар еді. Сызықтық регрессия - бұл нысаналы айнымалының болашақ мәндерін болжау

үшін негізгі статистиканы қолданатын уақытша қатарлар әдісі.

Тегістеу әдістері

Деректерді тегістеу деректер жиынтығынан шуды жою алгоритмі арқылы жүзеге асырылады. Бұл маңызды модельдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Деректерді тегістеуді энергия ресурстары немесе азық-түлік өнімдерінің бағалары сияқты көрсеткіштерді болжау үшін пайдалануға болады. Деректерді тегістеудің түрлі әдістері бар. Олардың кейбіреулері кездейсоқ әдісті, кездейсоқ серуендеуді, жылжымалы орташа мәнді, қарапайым экспоненциалдыны, сызықтық экспоненциалды және маусымдық экспоненциалды тегістеуді қамтиды. Тегістелген жылжымалы орташа мән соңғы бағаларға да, тарихи бағаларға да біркелкі салмақ береді.

Уақыт белгілері және қаржылық модельдеу

Уақыт белгісі - әдетте күні мен уақыты, кейде секундына дейін белгілі бір оқиғаның қашан болғанын анықтайтын таңбалар немесе кодталған ақпарат тізбегі. Қаржылық модельдеу - бұл әлемдегі нақты қаржылық жағдайдың абстрактілі көрінісін құру міндеті. Бұл қаржылық активтің, жобаның немесе кез келген басқа инвестицияның нәтижелерін көрсетуге арналған математикалық модель. Деректер жайлы ғылым қаржылық модельдеуді жүргізу кезінде бар шындықты көрсету үшін қаржылық модельдерді қолданады.

AI көмегімен алаяқтықты анықтау

Алаяқтықты анықтауға қатысты машиналық оқыту (ML) тәсілдемесі соңғы жылдары кеңінен таралып, ғылымның қызығушылығын ережелерге негізделген алаяқтықты анықтау жүйелерінен ML негізіндегі шешімдерге ауыстырды. Ол көптеген жағдайларда қаржы секторларында алаяқтық анықталған кезде ережеге негізделген машиналық оқыту мен тәсілдер арасындағы айырмашылықты көрсетеді.

Деректер инженериясының әдістері

Деректер инженериясы - бұл деректерді жинау мен талдаудың практикалық қосымшаларына бағдарланған деректер жайлы ғылым аспектісі. Алкен ақпарат жиынтығын қолдана отырып сұрақтарға жауап беру үшін деректер бойынша мамандар жүзеге асыраты жұмыс үшін бұл ақпаратты жинау және тексеру тетіктері болуы керек. Бұл жұмыстың нәтижесінде қандай да бір құндылығы болуы үшін оны нақты операцияларда қолдану тетіктері де болуы керек. Бұл екі инженерлік міндет: ғылымды практикалық, функционалды жүйелерге қатысты қолдану, географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЗ) және кеңістіктік деректер. Кеңістіктік деректер базасы - бұл геометриялық кеңістікте анықталған объектілерді білдіретін деректерді сақтау және сұрау үшін оңтайландырылған деректер базасы. Көптеген кеңістіктік деректер базасы нүктелер, сызықтар және көпбұрыштар сияқты қарапайым геометриялық объектілерді бейнелеуге мүмкіндік береді. Геокеңістіктік деректер ретінде де танымал кеңістіктік деректер - бұл географиялық координаттар жүйесіндегі сандық мәндермен ұсынылуы мүмкін физикалық объект туралы ақпарат. ГАЗ немесе басқа мамандандырылған бағдарламалық қосымшалар геокеңістіктік деректерге қол жеткізу, визуализация, басқару және талдау үшін пайдаланылуы

мүмкін, бұл, өз кезегінде, деректер ғылымында аса маңызды.

3.2 Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді ақпараттық қамсыздандыру жүйесін құру

Жаңа технологиялық революция зерттеушілерге қолжетімді деректердің шағын көлемін құрай отырып, айтарлықтай прогреске әкелгенімен, бұл үлкен қиындықтар туғызады. Бұл деректерден одан да көп деректер жиынтығы мен білім алынғандықтан, белгілі бір ғылыми зерттеу үшін не пайдалы екенін шешу мүмкін емес. Тіпті жаңа зерттеулерден хабардар болу қиындай түсуде. Қазіргі уақытта ғалымдардың қолында «зерттеулерді қолдайтын ақпараттық жүйе» деп атауға болатын ғылыми зерттеулердің тұтастай әлемі қалыптасты. Бүгінгі күннің мәселесі - зерттеушілерге қолдау көрсетудің орнына ауыртпалық түсіретін қолданыстағы ақпараттық жүйелер ескіріп, көптеген қосымшалар мен ресурстарға жіктелуі.

Тағы бір мәселе – көптеген ғылыми деректер базасының (ЖОО мен ҒЗИ, жекеменшік ғылыми ұйымдардың электронды кітапханалары) ақылы немесе қол жетімділігі шектеулі болып табылуында, ал «ашық» деп саналатын деректер базасы көбінесе зияткерлік меншік туралы заңнаманы сақтамай, жартылай заңды немесе заңсыз қолданылады.

Сәйкесінше, мұндай деректер базасы мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ақпараттық қамсыздандырудың негізі бола алмайды. Деректердің қызмет етуі, алыну, сақталуы және алмасуының жаңа қағидаттарына негізделген ұлттық АЖ құрылып, ол, өз кезегінде, ұлттық және шетелдік ұйымдардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелерімен (мысалы, жазылу арқылы) толтырылуы қажет.

Электрондық нысанда ғылыми зерттеулер және статистикалық ақпаратты жүйелеу үшін бұқаралық билік органдарының қызметінде белсенді қолданылатын деректер базасы жаңа, әрі ақпараттық қоғамда цифрлық экономиканы қалыптастыру жағдайында мемлекеттік жоспарлаудың аса маңызды құралы болып табылады.

Ұсынылып отырған мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда (МСЖ ҒЗАҚЖ) ғылыми зерттеулерді ақпараттық қамсыздандыру жүйесін құру мемлекеттік басқарудың ақпараттық жүйесі ғана емес, мемлекеттік және жергілікті басқару органдары үшін басқарушылық шешімдерді жоспарлау мен қабылдауды қолдау жүйесі болып табылады. Мұндай жүйелер – жоспарлаудың нақты тапсырмаларын орындауға қатысқандарды қолдауға және олардың тиімділігін арттыруға арналған 1990 жылдардың ортасында геотехнологиялық құрал ретінде жоспарлау саласында пайда болған салыстырмалы жаңа құбылыс.

МСЖ ҒЗАҚЖ жалпы қолданушылық интерфейсімен біріктірілген құрылым түрінде болатын деректер базасын, ақпаратты, ғылыми зерттеулерді, әдістер мен құралдарды жоспарлау және болжаумен байланысты жиынтықтан құралуы тиіс. Жобаланатын АЖ ақпараттық іздеу жүйесінің белгілерін, сонымен қатар деректерді өңдеу жүйелерінің класын да қамтуы тиіс. Біріншісі

кейбір іздеу критерийлерін қанағаттандыра отырып, көптеген сақталатын деректерді алуға және оларды шығаруға бағытталса, ал екіншісі – деректер базасын жаңартуға бағытталған. Мұндай ақпараттық жүйе мамандарға мемлекеттік жоспарлау үдерістерінің күрделілігін жеңуге мүмкіндік бере отырып, неғұрлым жоғары сапалы бағдарламалық құжаттар әзірлеуге және уақыт пен ресурстарды үнемдеуге әкелуі тиіс.

МСЖ ҒЗАҚЖ үш құраушылар жиынтығын біріктіретін құрылымды білдіреді: деректерді жинау, сақтау және өңдеуді қоса алғанда болжамдау мен жоспарлаудың ағымдағы міндеттері; талдау, болжау және нұсқама бойынша жоспарлау үдерісін ақпаратпен қанықтыратын жүйелі модельдер мен әдістер; стратегиялық болжау, жоспарлау, модельдеу және жобалауға мүмкіндік беретін кіріс ақпаратты ақпаратқа айналдыратын құраушылар. Бұл жүйені жоспарлаушылар өздерінің ерекше кәсіби міндеттерін орындау үшін қолданатын арнайы ақпараттық технология ретінде қарастыруға болады. Бұл - ақпаратты, модельдерді және визуализацияны синтездей отырып, оларды мемлекеттік жоспарлау саласына жеткізетін интеграцияланған ақпарат пен бағдарламалық қамсыздандыру жүйесі.

МСЖ ҒЗАҚЖ үшін ақпараттың ұлттық «жабдықтаушылары» ретінде түрлі институттар мен қайнар көздер қарастырылады, олардың ішінде: ҚР Ұлттық статистика бюросы, министрліктер мен ведомстволардың жоспарлау департаменттері, өңірлер әкімдіктерінің жоспарлау департаменттері, мемлекеттік ғылыми ұйымдар, жекеменшік ғылыми және сараптамалық ұйымдар, «ҰМҒТСО» АҚ, жоғары оқу орындары, басқа да ұйымдар мен мекемелер (13-сурет) (Қосымша А). Жүйенің шығуы (нәтижесі) – стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге қажетті құрылымдық ақпарат.



Сурет 13 – Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді ақпараттық қамсыздандыру жүйесінің ақпаратты «жабдықтаушылар»

Ескерту – Автормен құрылды

МСЖ ҒЗАҚЖ *негізгі мақсаты* – мемлекеттік стратегиялық жоспарлау мақсаттары үшін билік пен басқару органдарын өзекті және сапалы ақпаратпен қамсыздандыру.

МСЖ ҒЗАҚЖ шеңберінде ақпараттық қамсыздандыруға келесі элементтерді жатқызуға болады:

- мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ақпараттық қолдау;
- ақпараттық көздер және ақпараттық ресурстарды тұтыну субъектілері;
- ақпараттық ресурстардың құрамдас элементтерін, ақпарат берудің айналым жиілігін және форматтарын есептеу;
- ақпаратпен жұмыс істеуге арналған техникалық құралдар;
- ақпараттық ресурстармен жұмыс істеуге қабілетті білікті кадрлардың болуы;
- мемлекеттің заманауи телекоммуникациялық инфрақұрылымы;
- барлық салалардағы ақпараттық қауіпсіздік.

МСЖ ҒЗАҚЖ барлық элементтерінің өзара әрекеттесуі негізгі функцияларды орындауға бағытталған: әртүрлі экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, экологиялық, ғылыми-техникалық және басқа да күрделі жүйелердің (жаһандық, ұлттық, өңірлік) жай-күйі, сондай-ақ сыртқы және ішкі орта факторлары туралы түрлі деректерді жинау, сақтау, өңдеу, жанарту және пайдалануға дайындау.

Басқарушы жүйе (басқару субъектісі) - ақпараттық қамсыздандыру жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастыру және қолдауды іске асыратын МСЖ ҒЗАҚЖ басқарушы аппараты. МСЖ ҒЗАҚЖ ақпараттық жүйенің жұмысын қамтамасыз ететін қызметкерлер арасындағы жұмыстардың құрамын, бағыныштылығын, өзара әрекеттесуін және бөлінуін анықтайтын өзінің ұйымдастырушылық құрылымына ие болуы керек.

МСЖ ҒЗАҚЖ ҚР Президентінің Жарлығымен құрылып, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі Агенттіктің құрылымдық бөлімшесі болуы тиіс деп есептейміз, себебі Агенттікке мемлекеттік стратегиялық жоспарлау және стратегиялық жоспарлардың іске асырылуын бақылау жөніндегі негізгі функциялар жүктелген. Сонымен қатар, мақсаттары, міндеттері, пайдаланушылардың түрлі санаттарына қол жеткізу құқықтарын және «Ақпаратқа қойылатын талаптарды» қамтитын тиісті «Ақпараттық жүйенің жұмыс істеу тәртібі» әзірленіп, бекітілуі тиіс.

Ақпаратқа қойылатын *негізгі талаптар* келесідей болуы керек: шынайылық, толықтық, өзектілік, жан-жақтылық, мәселелерді толық қамту, жүйелілік, жиілік, жүйелік сипат, өңдеу мүмкіндігі, шоғырландыру, сараптама жасау мүмкіндігі, жалпылама сипаты.

МСЖ ҒЗАҚЖ басқарылатын жүйесі (басқару объектісі) келесілерді қамтиды: компьютерлер мен компьютерлік желілерді, деректерді өңдеуге арналған бағдарламалық кешендер мен қосымшаларды, деректер базасын, ақпарат алмасу тетігін, қолжетімділік құқықтарын бөлуді, ақпараттық қауіпсіздікті және т.б. қамтитын ақпараттық жүйелер мен ақпараттық технологиялар.

Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды үлкен ақпараттық ағындарды өңдейтін, жүйелейтін және талдайтын, толыққанды іздеу үдерістерін ұйымдастыратын және ақпараттық ресурстарға қол жетімділікті ұсынатын бағдарламалық өнімдерсіз ақпараттық қамсыздандыру мүмкін емес. Басқарушылық қызметті ақпараттық қамсыздандыру және ақпараттық сүйемелдеуді іске асыратын тиісті мемлекеттік орган осы бағдарламаларды игеруге және персоналды оқытуы тиіс.

Ақпараттық қолдау шеңберінде қабылданатын шешімдердің өзектілігін және оларды іске асыру нәтижелерін дәл көрсететін қолданбалы ҒЗЖ, талдамалық және болжамды тұжырымдар айрықша маңызды болады. Сондықтан, осындай шешімдерді дайындау үшін тексерілген және сенімді ғылыми-әдістемелік, анықтамалық деректер базасы мен кітапханаларды қолдану керек. Ақпараттық массивтерді (дерекқорларды) әзірлеушілер мемлекет пен қоғам дамуының қазіргі кезеңін, оның халықаралық жағдайын және мамандардың болжамды бағалауын сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер мен факторлардың кешенін ескеруі тиіс. Қазіргі жағдай деректер базасын құрудың тақырыптық, пәндік қағидаттарынан массивтердің мәселелік құрылымдарына көшуді талап етеді.

Деректер ғылымының саласын жаулап алған соңғы жылдардағы ең күшті тенденция – мамандарға кез-келген жерден кез-келген деректерді өңдеушіге шексіз есептеу қуаты мен сақтау сыйымдылығына қол жеткізуге мүмкіндік беретін бұлтты есептеу.

Сұраныс бойынша есептеу қуаты ресурстарды қажет ететін деректер мамандары үшін өте тартымды болып табылады.

Бүгінгі таңда деректер жөніндегі мамандары бұлттық нұсқалардың ішінен тиімдісін таңдау құқығына ие болды: Amazon SageMaker, Google BigQuery ML, Google Dataproc, Microsoft Azure ML, IBM Cloud, NVIDIA GPU Cloud және басқа да көптеген төменгі деңгейлі жабдықтаушылар.

Үлкен деректердің дамуына қарай мамандар құрылымданған және құрылымданбаған ақпараттан құралатын аралас деректер жиынтығы бойынша барған сайын күрделі міндеттер қоюда. Деректер күрделілігінің бұл деңгейін үлкен көлемде талдау оңай емес және көптеген жағдайларда дәстүрлі дерекқор жүйелері мен сұрау құралдарын пайдалана отырып, оны іске асыру тіпті мүмкін емес. Өзінің реляциялық әріптестерімен салыстырғанда графтық деректер базасы адамдардың, орындардың және заттардың бір-бірімен қалай байланысатынын көрсетеді. Бүгінгі таңда қолданылатын технологиялар ақшаны жылыстатумен күресу және алаяқтықты анықтаудан бастап геокеңістіктік талдауға дейін кеңейе түсуде. Gartner графикалық дерекқорларды қолдану алдағы бірнеше жылда жыл сайын 100% өседі деп болжайды. Графикалық дерекқорлар саласындағы екі әлемдік көшбасшы: Neo4j және Tigergraph [163].

Болашақты болжау мен жоспарлаудың жаңа технологиясы әлеуметтік эволюция мәселелеріне тікелей қатысы бар ақпараттық парадигмадан басқа, қоғамдық даму мәселесіне тікелей қатысты мәдени, ноосфералық және нано-парадигмаларды қамтуы керек екенін атап өткен жөн. Мұндай тәсілдеме қоғам

мен мемлекеттің болашағы жайлы түсініктің жаңа интеграциялық деңгейін құруға мүмкіндік беретін болжамды ақпараттық жүйелерді құру үшін жаңа элементтік базаны енгізуді көздейді. Сонымен қатар, желілік технологиялардың көпмәдениетті контекстінің өзі адамды зерттейтін және ақпараттық технологиялардың, соның ішінде интернеттің әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық әсерін зерттейтін барлық спектрдегі мамандар үшін қызығушылық тудырады. Ғылыми білім массивтерін шоғырландыратын ауқымды зияткерлік ақпараттық жүйелерге ие бола отырып, барлық қызықтыратын сұрақтарға жауап алып қана қоймай, сонымен қатар адамзат қоғамдастығының оңтайлы дамуының ғылыми жобасын алуға болады. Бұл мәселенің жаһандық мәнмәтінін бүгінде прагматикалық арнаға бағыттау қажет. Теориялық тұрғыдан ойлауға арналған міндеттер заманауи қоғамның әлеуметтік технологияларын экономикада, саясатта, ғылымда, білім беруде, мәдениетте жүзеге асыруға негіз болатын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың болуы фактісімен қойылған.

Ұйымдастырушылық-технологиялық тұрғыдан МСЖ ҒЗАҚЖ құру және енгізу - бұл ұйымның белгілі бір үдерістеріне ақпараттық жүйелерді енгізу, тестілеу, бағалау, жаңғырту, бейімдеу, сипаттау, интеграциялаумен байланысты әмбебап өнімдер, қызметтерді және/немесе нәтижелерді құруға бағытталған үдеріс ретінде сипатталатын классикалық АТ-жобасы.

АТ-жобаларда оның сәтті аяқталуына қызығушылық тудыратын тұлғалардың бес тобын атап өтуге болады: пайдаланушы, тапсырыс беруші, жоба менеджері, жоба командасы, қосалқы мердігерлер. Олар:

– пайдаланушы (User) - бұл қандай да бір функцияны орындау үшін АТ жобасының өнімін, қызметін және/немесе нәтижесін пайдаланатын тұлға немесе ұйым;

– жобаға тапсырыс беруші (Product Owner) – жобаны бастайтын, өнімді, қызметті және /немесе нәтижені жасауға тапсырыс қалыптастыратын, жобаны қаржыландыруды қамтамасыз ететін және АТ-жобаның негізгі өнімін алатын тұлға немесе ұйым.

– жоба менеджері (Project Manager) – басқарушылық функцияларды жүзеге асыратын, атап айтқанда, АТ-жобаның мазмұнына, құнына, уақытына, сапасына, тәуекелдеріне, сатып алуларына, персоналына, коммуникацияларына және интеграциясына жауапты тұлға;

– жоба тобы (Team) – бұл АТ жобасының тікелей орындаушылары болып табылатын адамдар;

– жобаның қосалқы мердігері (Subcontractor) – бұл қосалқы мердігер ретінде жұмыс істейтін, яғни келісімшарт бойынша АТ жобасының жұмысын толық немесе ішінара орындайтын тұлға немесе ұйым.

АТ-жобалардың ерекшеліктері келесідей:

1. АТ-жобаның тиімділігін әрдайым ақшамен көрсету мүмкін емес. Ақпараттық жүйенің өзі шығындарды төмендетпейді, ол тек тиімділікті арттырып, деректерді өңдеу үдерісін жеделдете алады.

2. АТ-жобалардың басым бөлігі жоғары тәуекелді болып табылады.

3. Ірі АТ-жобалар үлкен шығындарды талап етеді.

4. Тапсырыс беруші мен орындаушының идеологиясы деңгейіндегі нақты бөлініс: әдетте тапсырыс беруші ретінде бизнес қатысады, ал орындаушы ретінде - мамандар. Бұл жағдайда мемлекет тапсырыс беруші болып табылады.

АТ-жобалар – бұл технологиялық функционалдылық пен сенімділікті арттыру арқылы, сондай-ақ ұйымның операцияларын өзгертпестен операциялық шығындарды азайту арқылы ұйымның табысына үлес қосуға тырысатын уақытша ұйымдар.

МСЖ ҒЗАҚЖ тиімділігі жайлы да сөз қозғаған жөн.

Ағылшын тіліндегі әдебиеттерде Public Management Information Systems (PMIS) деп аталатын мемлекеттік басқарудың ақпараттық жүйелері өзіндік ерекшеліктерге ие. Жеке ақпараттық жүйелердің тиімділігін экономикалық талдау жеке корпорацияның кірістілігіне, АЖ функцияларын автоматтандыруға байланысты шығындардың төмендеуін өлшеуге, немесе рентабельділікке толық талдауға бағытталған. Бизнес үшін қолайлы жеке АЖ тиімділігінің көптеген көрсеткіштері мемлекеттік ұйымдар үшін өзекті болып табылады. Бірақ PMIS кейбір бірегей өнімділік өлшемдерін талап етеді. Мысалы, есеп беру мемлекеттік және жеке ұйымдарда да маңызды, бірақ ол табиғатына байланысты мемлекеттік ұйым шеңберінде айрықша маңызды. Мемлекеттік менеджерлер ұйымнан тыс адамдар мен топтарға үлкен ықтималдылықпен есеп береді. Есеп беруді өлшеу PMIS-тің деректерді күтпеген жолмен біріктіретін және арнайы есептерді құруға мүмкіндік беретін арнайы сұрауларды өңдеу қабілетін көрсетуі керек. Бұл стандартты емес талдау формалары есеп беруді өлшеу уақытылығы үшін өте қысқа уақыттық шектеулерге ие болады. PMIS-ке тән басқару тиімділігінің тағы бір көрсеткіші - үнемдеу тұжырымдамасы. Жекеменшік ұйымдар шығындарды (кіріс ресурстарын) және өнімнің немесе қызметтің сапасын (шығарылымын) бақылайды және тиімділікті шығындарды азайту немесе сапаны жақсарту тұрғысынан өлшейді. Бірақ мемлекеттік менеджерлер ресурстарды өзге жолмен алғандықтан, шығындарды азайту ұйым үшін өнімділік немесе тиімділікті арттырумен қатар жүрмейді. Мемлекеттік бағдарламалар көбінесе бюджеттің (шығындардың) жиынтық мөлшері негізінде бағаланады. Өз қызметтерін ұсыну сапасын жақсартатын мемлекеттік ұйымдар оны шығындарды бақылау арқылы емес, нәтижелерді бақылау арқылы жүзеге асырады. Мысалы, мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру бағдарламаларының басым бөлігінде PMIS тиімділігі анықталған қолайсыз алушылардың саны және сонымен байланысты көрсетілетін қызметтерді қысқарту, яғни ұзақ мерзімді болашақ жәрдемақы үнемдеу тұрғысынан өлшенеді. Бұл критерий үкіметтермен компьютерлік тексерулер жүргізу кезінде кеңінен қолданады.

3.3 Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулердің заманауи әдістемелерін енгізу

Қазіргі уақытта ҒЗЖ нәтижелерін, оның ішінде ғылыми зерттеулердің әдістемелерін мемлекеттік стратегиялық жоспарлау тәжірибесіне енгізудің бірыңғай тетігі жоқ. Осыған қарамастан, әлемдік тәжірибе мемлекеттік

жоспарлау үдерісіне алынған ғылыми нәтижелерді енгізу түрлі нысандарда жүзеге асырыла алатынын көрсетеді, оның ішінде: диссертациялық зерттеулердің нәтижелерін заңнаманың жекелеген нормаларына енгізу; стратегиялық және бағдарламалық құжаттардағы болжамдар; әдістемелік әзірлемелер мен ұсынымдар; пилоттық жобалар; эксперименттік алаңдар; ғалымдарды кеңесшілер мен сарапшылар, мемлекеттік қызметшілерге арналған арнайы курстардың оқытушылары (қосымша білім беру жүйесінде - қызметкерлердің біліктілігін арттыру) тарту және басқа да нысандар. Статистика көрсеткендей, ғылыми жарияланымдардың шамамен 32%-ы - бұл әдістемелік ұсынымдар болып табылады.

Қазақстанда ғылыми зерттеулердің әдістемелерін енгізудегі елеулі қадамға 2015 жылы «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабыдануын [169] жатқызуға болады, ол, өз кезегінде, мынадай негізгі түсініктерді анықтады: *«ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін енгізу (пайдалану) – жаңа өнімді игерудің немесе жаңа технологияны енгізудің ғылыми-өндірістік циклінің қорытынды сатысын іске асыруға бағытталған қызмет»; «ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы зияткерлік қызмет нәтижесі (бұдан әрі – зияткерлік қызмет нәтижесі) – өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхемалардың топологиялары, электрондық есептеу машиналары мен дерекқорға арналған бағдарламалар және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесінде алынған зияткерлік қызметтің басқа да нәтижелері»; «ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру – табыс алуға бағытталған жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен көрсетілетін қызметтерді нарыққа шығару мақсатында зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін практикалық тұрғыда қолдануға байланысты қызмет».*

Алайда, мемлекеттік стратегиялық жоспарлауға ғылыми зерттеулерді енгізуге қатысты аталмыш заңның қолданылуы шектелген, себебі Заң тек қана ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.

Мемлекеттік стратегиялық жоспарлау тәжірибесіне ғылыми-зерттеу нәтижелерін енгізудің екі нұсқасы болуы мүмкін (14-сурет).



Сурет 14 – Мемлекеттік стратегиялық жоспарлау тәжірибесіне ғылыми-зерттеу нәтижелерін енгізу нұсқалары

Ескерту – Автормен құрылған

Тікелей нұсқа ұсынымтар немесе әдістемелердің бірден тәжірибеде сынақтан өткізілуін білдіреді. Тікелей әдіс 80% жағдайда қолданылады. Ол ұсынылған әдістемелердің немесе іс-шаралардың тиімділігіне жеке және нақты көз жеткізуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерін енгізудің бұл әдісі экономикалық және өзге салаларда жиі қолданылады.

Қазақстандағы мемлекеттік әкімшіліктің тәжірибесіне ғылыми зерттеулердің әдістемелерін тікелей енгізудің мысалына МЖӘ пилоттық жобаларында жобалық басқару (Project Management) қағидаттарын енгізуді жатқызуға болады. ISO 21500-2012 «Жобаларды басқару жөніндегі басшылық» жобаларды басқару саласындағы ұлттық стандарт 2014 жылы бекітілді, бұған дейін ҚР-да жобалық менеджментті дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданған болатын. Сонымен қатар, тиімді басқару қажеттілігі Мемлекет басшысының Жолдауларында және басқа да бағдарламалық құжаттарда бірнеше рет атап өтілді.

Қазақстандық сарапшылардың пікірінше, республикада Project Management қолданумен көптеген инвестициялық жобалар іске асырылуда, мемлекеттік секторда да белгілі бір тәжірибе жинақталды [170;171;]. Жекешелендіру бағдарламасы шеңберінде 2015 жылдың соңында ҚР Үкіметі жанынан McKinsey консалтингтік компаниясы басқаратын тәуелсіз халықаралық консультанттарды тарта отырып, консультативтік-кеңесші орган ретінде Жобалық кеңсе құрылды. Алайда, жобалық жоспарлаудың төмен мәдениеті ұзақ уақыт бойы экономиканың жекелеген басым секторларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеттерін шешу бойынша нақты жоспарлар қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.

Дегенмен, қазіргі уақытта жобаға бағдарланған тәсілдеме басымды болып табылады, ал МЖӘ тетігі ұлттық экономикаға инвестициялар тартудың бір тәсілі болып табылады, МЖӘ-ға инвестициялық қызметті реттеу тетіктері мен қағидаттары қолданылады.

Осы тұста Қазақстан да әлемдік тәжірибе бағытында алға жылжуда. Тағы бір мәселе - көптеген дамушы елдерде және өтпелі экономикасы бар елдерде (ТМД елдері, ЕАЭО) МЖӘ тетігі толығымен қолданылмайды. МЖӘ жайлы көп айтылғанымен және заңнамалық базаның болуына қарамастан, нақты сәтті әрі табысты жобалар саны санаулы.

XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында нарықтық реформалар жолына түскен елдер арасында Черногория МЖӘ (1991), ал ТМД және ЕАЭО елдері арасында – Қырғызстан (1992) МЖӘ-ні дамытудың заңнамалық базасын бәрінен бұрын құрған елдерге жатқызылады (12-кесте).


Кесте 32 – 2021 жылғы жағдай бойынша кейбір дамушы елдерде МЖӘ заңнамалық негізі

Ел	Заңдар	Қабылдау жылы
Черногория	«Черногория Республикасындағы концессиялар туралы заң»	1991
Хорватия	«Концессиялар туралы»	1992
Қырғызстан	«Қырғызстан Республикасындағы концессиялар мен шетелдік концессиялық кәсіпорындар туралы» «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы»	1992 2019
Молдова	«Концессиялар туралы» «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы»	1995 2008
Өзбекстан	«Концессиялар туралы» «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы»	1995 2019
Болгария	«Концессиялар туралы»	1997
Сербия	«Концессиялар туралы»	1997
Ресей	«Концессиялық келісімдер туралы» «Ресей Федерациясындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік, муниципалдық-жекешелік әріптестік және Ресей Федерациясының жекелеген заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу туралы»	2005 2015
Қазақстан	«Концессиялар туралы»; «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы»	2006 2015
Армения	«Пайдалы қазбаларды пайдалану мақсатында зерделеу және өнеркәсіптік өндіру үшін жер қойнауын беру (концессия) туралы» «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы»	2011 2019
Тәжікстан	«Концессиялар туралы»	2011
Беларуссия	«Концессиялар туралы» «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы»	2013 2015
Ескерту – Автормен құрылды		

Ғылыми зерттеулерді тәжірибеге енгізудің *жанама нұсқасы*: барлық әрекеттер теорияда толыққанды сипатталатын жағдай. Түрлі модельдер мен болжамдар жасалады. Бұл нұсқа заңнаманы жетілдіру үшін қолданылады және азаматтардың тәртібі мен өмірін жақсартуға, заңнамадағы бар олқылықтарды жоюға бағытталған. Жанама әдіс көбінесе белгілі бір тұжырымдаманы немесе стратегияны жетілдіру үшін қолданылады, қандай да бір басқару үдерісін

жақсартуға мүмкіндік береді.

Біздің көзқарасымыз бойынша, мемлекеттік стратегиялық жоспарлауға ғылыми зерттеулерді енгізудің негізгі кезеңдері келесідей болуы мүмкін (15-сурет).



Сурет 15 – Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауға ғылыми зерттеулерді енгізу кезеңдері

Ескерту – Автормен құрылды

I. Зерттеу тақырыбы мен мәселелерін талдау

Ғылыми зерттеу ғылымның немесе практиканың маңызды мәселелерін қозғай отырып, тиісті ғылыми сараптамадан өтіп, кем дегенде екі рецензияға ие бола отырып, мемлекеттік стратегиялық жоспарлау саласына қатысты өзекті болуы тиіс. Егер диссертациялық зерттеу қарастырылса, оны автор Қазақстанда немесе шетелде тиісті тәртіппен қорғауы керек. Сонымен қатар, зерттеу авторының профилі, танымал журналдарда ғылыми жарияланымдары мен жеке тәжірибесінің болуы маңызды.

II. Ғылыми зерттеу әдіснамасын талдау

Әдіснаманы талдау ғылыми зерттеуде оның ажырамас белгілерінің жүйесін анықтаудан тұрады: зерттеу нысаны; зерттеу пәні; гипотезалар; мақсаттар мен міндеттер; тұжырымдамалық-әдістемелік қағидаттар; зерттеу әдістері; әдістерді қолданудың негізделген саласын анықтау; терминдер мен анықтамалар жүйесі; объектілерді модельдеу мен алгоритмдеуді қамтитын ғылыми негіздер; пайдаланылған әдебиет көздері.

Мысалы, зерттеу пәні елдің (өңірдің) өмірлік маңызды ұлттық мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету, әзірленген стратегиялар, тұжырымдамалар, теориялардың сапасы, шаруашылық жүргізуші субъектілердің ішкі және әлемдік нарықтардағы іс-әрекеттерінің тиімділігі тұрғысынан бағалана алады. Объектіге экономикалық жүйе жатқызылуы мүмкін, оның субъектілері ретінде мемлекеттік аппараттың жоғарғы деңгейлері немесе жүйе құраушы кәсіпорындардың субъектілері қарастырыла алады.

Зерттеудің негізгі міндеттері ретінде қарастырылуы мүмкін: ұлттық экономиканың мақсаттарын айқындау; ұлттық экономиканы дамытудың тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу; Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, саяси және әскери мүдделерінің теңгерімді ескерілуін қамтамасыз ету. Теорияның әзірленуі ғылыми-қолданбалы мәселе екенін ескере отырып, тек ғылыми аспектімен байланысты жалпы тұжырымдамалық-әдістемелік қағидаттар мен қолданбалы аспектімен байланысты жеке қағидаттарды ажырату қажет.

III. Апробацияны талдау

Бұл кезеңде зерттеуші автордың өзі әзірлеген іс-шаралар жоспарын (болжам) тәжірибеде (есептеулерді қолдану немесе эксперимент жүргізу арқылы) қалай тексергенін, қандай нәтижелерге қол жеткізгенін, тұжырымдар мен ұсыныстарды қаншалықты қисынды және дәл тұжырымдағанын мұқият зерттеу қажет. Ғылыми зерттеуде ұсынылған шаралардың тиімділігі өзгерістерді енгізгенге «дейінгі» және енгізгеннен «кейінгі» жағдай мен көрсеткіштерді салыстыру арқылы бағаланады. Осылайша, болжамдардың шынайылығы мен дұрыстығы, ұсынылған инновациялардың тиімділігі тексеріледі, оларды нақты жағдайларда, экономикалық немесе әлеуметтік жүйелерде қолданудың орындылығы бағаланады. Енгізу туралы құжаттарды қарастыра отырып, олардың автормен қалай дайындалғанына (асығыс, ұқыпты, сенімді, үстіртін), оларда нәтижелерді енгізу барысында алынған іске асыру мерзімдерінің көрсетілуіне, енгізу нәтижелері сандық тұрғыдан бағалауына назар аудару керек.

IV. Ұсынылған әдістемелер мен зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізу нұсқаларын бағалау (тікелей немесе жанама)

Бұл кезеңде тиісті дәлелдер мен әдістемелерді енгізудің белгілі бір нұсқасы мен формасының қысқаша негіздемесін жасаған жөн.

V. Ғылыми зерттеуді тәжірибеге енгізу нұсқаларын талдау және бағалау нәтижелері бойынша қорытынды жасау

Жүргізілген талдамалық жұмыстың нәтижелері бойынша қорытынды жасау - енгізудің ең жауапты кезеңі. Қорытынды ғылыми зерттеулерді талдаудың барлық алдыңғы кезеңдері бойынша негізгі тұжырымдармен, талдаудың қорытынды бағасымен қамтамасыз етілуі керек. Ең бастысы - мемлекеттік менеджерлер стратегиялық жоспарлауда қолдана алатын негізгі идеяны немесе ұсынымдарды бөліп көрсету қажет. Аналитикалық қорытынды зияткерлік тұрғыдан неғұрлым байытылған болса, соғұрлым ол үлкен қызығушылықпен оқылады және шешім қабылдауға соғұрлым әсер етеді.

VI. Мемлекеттік стратегиялық жоспарлау тәжірибесіне ғылыми зерттеуді енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және келісу

Іс-шаралар жоспары - бұл жекелеген іс-шараларды орындау немесе бақылау функциялары жүктелген жауапты бөлімшелер (ведомстволар немесе лауазымды тұлғалар) және мерзімі көрсетілген оқиғалардың (іс-қимылдардың) тізімі. Бұл құжат нақты әрекеттерді орындау үшін қажет ресурстарды қамтуы керек.

Жалпы, жоспардың құрылымы келесі тарауларды қамтиды:

- атауы;
- іс-шаралардың мақсаттары;
- іс-шараларды орындаушылар;
- іс-шаралардың жоспарлы мерзімдері;
- іс-шаралардың негіздемесі;
- жоспар-кесте;
- нәтижелерге қойылатын талаптар;
- есеп беру және бақылау;
- қосымшалар.

Белгілі бір іс-шараның басымдылығын анықтай отырып, онымен байланысты барлық іс-шаралардың басымдылығын анықтау керек (логикалық байланыстар бойынша). Алайда, тәуелсіз іс-шаралар үшін сандық және «саяси» сипатқа негізделген басымдықты анықтау қажет.

Іс-шаралар жоспарының жобасын келісетін адамдардың қолтаңбалары не құжат мәтінінің соңында не жеке келісу парағында орналастырылады, оның деректемелері қай құжаттың келісілгенін біржақты айқындай тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы диссертациялық зерттеудің мақсаты болып Қазақстандағы мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың заманауи ғылыми қамсыздандырылу жағдайын талдаудан және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу табылды.

Зерттеу нәтижелері бойынша автормен келесідей ережелер мен тұжырымдар жасалды:

Аталмыш жұмыста мемлекеттік стратегиялық жоспарлау ұлттық экономиканың (немесе өңірдің) ұзақ мерзімді кезеңде экономикалық және әлеуметтік салаларда тиімді әрекет етуі мен сыртқы ортаның өзгермелі жағдайларына жылдам бейімделуін қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялары, тұжырымдамалары, мақсаттары мен міндеттерін анықтайтын стратегиялық шешімдерді әзірлеуден тұратын (болжам, жоба, бағдарлама, жоспар формасында) үкіметтің жоспарлы қызметінің ерекше түрі ретінде анықталды.

Мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандыру мемлекеттік стратегиялық жоспарлау саласындағы мәселелерді шешу үшін жаңа білім, техника мен технологияларды алу (әзірлеу), талдау және тиімді енгізуге бағытталған ғылыми, ғылыми-әдістемелік, ғылыми-техникалық, ұйымдастырушылық, сараптамалық-талдамалық және өзге де іс-шаралар кешені ретінде қарастырылады.

Автордың пікірінше, МСЖ-ғы күрделі нәрсеге салааралық, пәнаралық және көпфункционалды құралдарды қолдануды, қатысушыларды тығыз үйлестіруді және олардың мемлекет пен қоғамның даму мақсаттарына қол жеткізуге қызығушылық танытуын талап ететін дамудың кешенді міндеттерін оңтайлы шешу жатқызылады.

Автормен мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудағы ғылыми қамсыздандырудың әдіснамалық негіздеріне қатысты бірқатар тұжырымдар жасалды: 1) әрбір тарихи кезеңде жоспарлау әдістемесі алдыңғы кезеңдегі мәселелерді шешу тәжірибесін, экономикалық және әлеуметтік қатынастардың күрделенуін, сыртқы және ішкі ортаның өзгеруін ескере отырып, жаңа күрделі міндеттерді шешу үшін өзгертіліп, жетілдірілді; 2) МСЖ-ның әдіснамалық негізі ретінде стратегиялық жоспарлаудың шетелдік ғылыми мектептерінің де, мемлекеттік жоспарлаудың кеңестік ғылыми мектебінің де жетістіктерін жатқызуға болады; 3) мемлекеттік сектордағы жоспарлаудың маңызды ерекшелігі мемлекеттік органдарда бәсекелестердің болмауынан, сату немесе пайданы арттыру міндетінің алға қойылмауынан тұрады; 4) бүгінгі таңда мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандырудың әдіснамалық негіздері жаңа технологиялық құрылымға көшу шеңберінде стратегиялық жоспарлаудың бірқатар тұжырымдамаларының өзектілігін жоғалтуы, экономика мен мемлекеттік секторды цифрландыру факторы есебінен қайта қаралуға жатады; 5) қазіргі уақытта өтпелі экономикасы бар елдерге қатысты мемлекеттік стратегиялық жоспарлауға байланысты ғылыми зерттеулердің тапшылығы сезілуде. Стратегиялық жоспарлаудың барлық

модельдері посткеңестік елдерде іс жүзінде қолданыла алады және тиімді болып табылады деуге болмайды.

